Қазір қазақстандық музыка өнері саласында жаңа туындылармен қатар бағзы дәуір сазына деген ықылас өсе түсуде. Дәстүрлі орындаушылармен қатар жаңаша әрленген түрінде орындап жүргендер жетерлік. Әрине, қашанда осылай болды деп айта алмаймыз. Кезінде бүкіл ескі атаулыға қарсы өре түрегелу, оны мойындамау, менсінбеу, түсінбеу, байыбына бармау, бетінен қалқу деген сияқты үрдістер өрбіп, тіпті қазақтың дәстүрлі музыка өнері жойылып кетуге шақ қалған тұстар да болды. Бір кезде тіпті «ескі музыкадан еш пайда жоқ» деген пікірлер де болған. Мысалы, батыста немістің ұлы композиторы Иоганн Бахтың кейбір партитуралары саудагерлерге орама қағаз ретінде сатылған екен. Ал кейіннен ескі музыкалық шығармаларды орындау музыка мәдениетінің бөлінбес бөлшегіне айналды.

Материалдық емес мәдениет түрі болғандықтан, музыканың өмір сүруі үшін оны орындау, пайдалану, ұсыну, тыңдау қажет. Ал музыкалық өнер туындысының ең басты құралы – музыкалық аспаптар.

Ұлттық музыкалық аспаптар музейде әйнектің ар жағында көрсетуге қойып қойған тарихи жәдігер ғана емес, ең алдымен бағзы заманның материалдық және рухани ескерткіші, көненің көзі, ұлттық дүниетанымның бір бөлшегі ретінде мәдени-рухани құндылық қатарына кіреді. Ал осы музыкалық аспаптардың әрқайсының өз тарихы бар. Ұрмалы аспаптардың пайда болу тарихына көз салсақ, оларды бақсылықпен байланыстырамыз.

Қазақтың музыкалық аспаптары негізінен бес түрге бөлінеді: ішекті, ыспалы, ұрмалы, үрмелі және тілшелі. Соның ішінде ұрмалы аспаптар қатарына дабыл, дауылпаз, шыңдауыл, қол дабыл, қос дүңкілдек, сақпан, асатаяқ кіреді. Ғалымдардың пікірі бойынша, адамзат тарихында ең алғаш осы ұрмалы аспаптар пайда болған. Оның бір дәлелі, мұндай аспаптар әлем халықтарының барлығында дерлік бар.

Жалпы ұрмалы аспаптардың тарихын төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңде, яғни сонау алғашқы қауымдық құрылыс тұсында адамдар ұрмалы аспаптардың көмегімен аңдарды үркітетін болған. Оның ішінде даңғыра, шартылдауық, зырылдауық деген аспаптар бар. Ең басты мақсаты – аңды үркіту, шулы дыбыстар шығару. Кейіннен адамзат қоғамы дамып, жетілген сайын бұл аспаптар да қолданыс аясын өзгертті.

Түркі халықтарының тарихынан белгілі тәңіршілдік, шаманизм кезеңінде бұл аспаптар әртүрлі наным-сенімдерге байланысты бақсылық рәсімдерде қолданылатын басты атрибутқа айналды. Мысалы, даңғыра аспабын бақсылар көп қолданған, ол ағаштан жасалып, бетіне ешкінің, бұғының немесе түйенің терісі тартылады. Қазіргі кезде ол алтай, хакас, моңғол елдерінде бақсылық мақсатта әлі де көп қолданылады. Өкінішке орай, Қазақстан жерінде бұл дәстүр ұмыт қалған. Даңғыра тәріздес шулы аспаптар қатарына қоңырау, асатаяқты жатқызамыз. Бұл аспаптарды да бақсылар қолданған. Олар негізінен бақсылық рәсім кезінде жындарды үркіту, аруақтарды шақыру, адамды ерекше медитациялық күйге түсіру қызметін атқарған. Кейіннен бұл аспаптардың кейбіреуі, мысалы қоңырау баланы бесікке бөлеу кезінде қолданылған. Яғни, өмірдегі күнделікті тұрмыс-тіршілікте өз орнын тапқан.

Ұрмалы аспаптар тарихының үшінші кезеңі – жыр-дастандарды сүйемелдеу және жаугершілік заман. Әскери жорықтарда бүкіл әскерді бағыттап, басқару үшін дабыл, шыңдауыл, қос дүңкілдек, дудыға аспаптарын қолданған. Мысалы, қазір Ықылас атындағы халық аспаптары музейінде диаметрі 1 метрден 3 метрге дейін жететін жорық дабылдары бар. Олар майдан даласында белгі беруге арналған. Олардың дауысы 5-6 шақырымға жетеді. Ол кезде қазіргідей арнайы құралдар жоқ, сол себепті әскерді шегіндіру немесе алға жіберу үшін музыкалық аспаптардың дыбысын қолданған.

Ұрмалы аспаптардың өзіндік бір ырғағы, ритмі болады. Сол арқылы әскердің дислокациясын өзгертіп отырған. Әрбір әскер қосынында осындай аспаптар болған. Яғни, ұрмалы аспаптар әуел баста музыкалық аспап ретінде шыққан жоқ. Жоғарыда айтқандай, бұл аспаптар аңшылық кезеңі, бақсылық-тәңіршілдік кезеңі, әскери жорық кезеңдерінен өтті. Ал 4-ші кезең бұл қазіргі музыкалық аспап ретінде қолданыс табуы. Яғни, қазіргі фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерде дауылпаз, тайтұяқ, зырылдауық, шартылдауық, дүңкілдек, шыңдауыл сияқты ұрмалы аспаптар қолданылады.

Ұрмалы аспаптар 18-19 ғасырларға қарай тарихи себептерге байланыс-ты сирей бастады. Бұған орыстың империялық саясаты да өз үлесін қосты. Әсіресе, қазақ халқында бұл аспаптар жойылуға шақ қалды. Тек 1970-80 жылдары Ықылас атындағы халық аспаптар музейі ашылған кезде көптеген реконструкциялық, реставрациялық жұмыстар жүргізіліп, ұрмалы аспаптардың көпшілігі қайта жаңғыртылды. Бұл әрине, ең алдымен өнертанушы Болат Сарыбаевтың үлкен еңбегі. Айта кететін бір жайт, қазақ халқында кең таралған, алты мың жылдық тарихы бар домбыра аспабының өзі көп өзгерістерге ұшырап, өзінің түпнұсқа

қалпын жоғалтқан. Оның жасалу технологиясы да өзгерді, мысалы домбыраның ішегі қазір басқа материалдан жасалады. Қобыз болса сол қалпында бүгінге жетіп отыр. Қылқобыз да бақсылар қолданатын, батырлар жырын сүйемелдейтін аспап. Империялық отарлық кезеңде осы аспаптар қатты қудалауға ұшырады.

Сондай-ақ ислам діні қазақ даласына таралған 9-ғасырлардан бас-тап ұрмалы аспаптар бақсылық, тәңіршілдік, шаманизм белгісі ретінде ислам дініне қайшы деген сипатта жойылуға бет алды. Сол себепті бұл аспаптардың түпнұсқасы бізге жеткен жоқ, тіпті жоқтың қасы деуге болады.

Біздің музейдегі ұрмалы аспаптар көптеген зерттеулер нәтижесінде жаңғыртылып, жаңадан жасалған. Бұл аспаптар түпнұсқа қалпында хакас, алтай, тыва, қырғыз елдерінде сақталған. Кезінде Болат Сарыбаев осы аспаптарды жаңғыртып, үлкен коллекция жасап, оркестрге қосты. Ал қазіргі таңда бұл аспаптардың бәрі қолданыста және қазақтың өнерін дамытуға үлес қосуда.

Қазіргі таңда ұрмалы аспаптарда кәсіби орындаушылықтың деңгейі, әрине көтеріліп келеді. Фольклорлық-этнографиялық «Сазген сазы», «Әлқисса», «Сарын» сияқты ансамбльдер бұл музыкалық аспаптарды барынша қолданады. Мысалы, біздің «Тұран» этнофольклорлық тобы орындайтын Дәулеткерейдің «Көрұғлы» күйіне қойылған композицияға ұрмалы аспаптарды қостық. Жалпы, адам баласының жан дүниесіне ең жақыны – осы ұрмалы аспаптар. Өйткені, ойнау кезінде ырғағын тез тауып, өзіне бейімдеп алуға болады.

Жалпы қазақ халқында жеке орындаушылар болмаса ешқашан арнайы оркестр болмаған. Ансамбль, оркестр – кеңес дәуірінде пайда болған ұжымдар. Осы кезеңнен бастап ұрмалы музыкалық аспаптар өзінің функциясын өзгертіп, музыкалық сүйемелдеуші, ырғақ беруші аспап ретінде қолданысқа енді.

даңғыра, дауылпаздың пішіні де, жасалу материалы да көне қалпында келіп жеткен.

Ұрмалы аспаптарды ағаштан ойып, иіп, терімен қаптап жасайды. Даңғыраға кейде ешкінің терісі, үлкенірек болса сиыр, түйе малдарының, бұғының терісі тартылады. Біздің музейде бұл аспаптардың бәрі бар. Олардың көпшілігі бақсының аспаптары, Алтай, Хакас өңірінен келген даңғыралар. Біз бұған дейін соларға тапсырыс беріп жасатып келдік, енді-енді біздің шеберлеріміз үйреніп жасауға кірісті. Дегенмен, ұрмалы аспаптар танымалдығы жағынан домбыра мен қобызға жете қоймайды, өйткені бұл осы аспаптардың ерекшелігіне байланысты.

Ұрмалы аспаптар негізінен оркестрдегі қосымша аспап ретінде қолданылады.

Қазіргі таңда өкінішке орай, Қазақстанда музыкалық оқу орындарында осы аспаптарға арналған пән де, сабақ та жоқ. Ұрмалы аспаптарда ойнауды үйрететін кәсіби мамандар мүлде жоқ. Мен өзім Мақсат Жүсіпәлі деген мультиинструменталистен үйрендім, ол ұлттық аспаптардың барлығында дерлік ойнай алатын Қазақстандағы деңгейі ең жоғары музыкант. Ол кісі «Отырар сазы», «Әлқисса» ансамбльдерінде ойнаған. Мақсат аға кезінде ұрмалы аспаптарда ойнайтын жалғыз маман болған, сондай-ақ осы аспаптарды зерттеуге көп үлес қосқан кәсіби музыкант. Ал Қазақстанда ұрмалы аспаптарда ойнайтын кәсіби музыкант дайындайтын оқу орны жоқ.

Ұрмалы аспаптарды одан әрі жетілдіру жайы туралы айтсақ, біріншіден, білім беру орындарында осы аспаптарды қолданысқа енгізу керек. Ең болмағанда, факультативтік сабақтар жүргізілсе. Бұл тек кәсіби музыкалық оқу орындарына ғана қатысты емес, сонымен бірге кез-келген білім мекемесінде, мейлі ол медициналық, техникалық оқу орны болсын, қосымша сабақтарда музыкалық аспапта ойнауды үйрету керек. Мысалы, Корея, Жапония елдерінде бүлдіршіндерге міндетті түрде қандай да бір музыкалық аспапта

ойнауды үйретеді. Бұл ұлттық мәдениетке баулумен бірге музыкаға жақын болып өскен баланың жаны таза болатынына мән беруден туған үрдіс. Бұл көбінесе үрлемелі және ұрмалы аспаптарға қатысты. Өйткені, үрлемелі аспапта ойнау адамның өкпе қызметі, тыныс алуы үшін пайдалы, сондай-ақ өкпе, кеңірдек ауруларының алдын алады. Екіншіден, әрбір адамның өз ырғағы болады, сол арқылы жүйке жүйесі, координация бір жүйеге келеді. Онымен қоса, шығармашылық қиялы дамиды.

Сондықтан корейлер мен жапондар осы екі аспапты бірдей оқу үдерісінде қолданады. Шет елдерде гастрольдік сапарларда байқайтынымыз, неше түрлі мамандық иелері, финансист, банкир азаматтар кем дегенде бір музыкалық аспапта ойнай біледі. Бізде де осы үрдісті қолға алу қажет. Мысалы, қазір «Көкіл» мектебі Абдулхамит Райымбергеновтің басшылығымен ұлттық аспапта, оның ішінде домбырада ойнап үйренудің жаңа технологиясын қолдануда. Осы «шәкірт-ұстаз» технологиясымен бала 45 минуттың ішінде домбырада ойнап кетеді.

Музыканың өз тілі бар, оны кәдімгі сөздермен жеткізу қиын. Оны тек аспаптарда ойнау арқылы сезінуге, ұғынуға, бойлауға болады. Ал көне музыканы түсініп қабылдау ондағы бүкіл сезімдердің бояуы мен ойлардың реңктерін сол аспаптарда бере білуге байланысты. Жалпы әр адамның музыкалық талғамы бала кезден қалыптасады.

Жастардың талғамын өсіру үшін бала кезден дәстүрлі музыканы тыңдатса, ұлттық оркестрдің концерттеріне, музейлерге жүйелі түрде барып тұрса, әрине ол бала қазақ музыкасына ерекше көзқараспен қарайды. Бізде бір теріс түсінік бар, ол қандай да бір әнші немесе топ өз елімізде көтеріле алмай жүреді де, Еуропадан немесе кез-келген шет елден жүзде алып келсе ғана оған ерекше ықылас танытып, мойындайды.

Ұрмалы аспаптарды бақсылық мақсатта пайдаланып жүрген адамдар кездеседі. Бір белгілі халық емшісі өз рәсімдеріне даңғыраны, сылдырмақты қолданады. Міне, осындай сонау заманнан келе жатқан дәстүрді жалғастырып жүрген бақсы-балгерлер әлі де бар. Мұндағы ең бастысы – дәстүрді сақтау. Бұл ана тілі мен төлтума мәдениет сияқты ұлт болып қалу үшін қажет ең басты құндылықтар.

Табиғи дыбыстардың адамға емдік қасиеті де бар екені дәлелденген. Айталық, бақсылар адам емдеген кезде трансқа кіріп, осы аспаптардың дыбыс күшін қолданған. Асатаяқ та, сылдырмақ та бақсылардың аспабы. Нарқобыздың тиегін алып тастап, ұрмалы аспап ретінде пайдаланған. Шыңдауыл батырдың дулығасына ұқсайды, оны мойынға іліп алады. Шартылдауық, сақпан деген аспаптарды аңшылықта, сондай-ақ ауыл шаруашылығында құстарды үркіту үшін де пайдаланған.

Дыбыстар арқылы көркем бейне туғызу, оны тыңдарманның көз алдына келтіру – әр музыкант үшін арман, оған қол жеткізу оңай емес. Мұндағы ең маңыздысы – сол заманауи аспап көне музыкалық туындының дыбыстық ерекшелігін, бояуын, тембрін беруі тиіс. Алайда қазіргі заманауи аспаптар көне дәуірлердің сазын толығымен бере алмайды. Көне аспаптардың қазіргі заманғы аналогтары оларға ілесе алмайды, сондықтан оларды қайта жаңғыртудан дұрыс жол жоқ.

Біз қазір қазақтың сонау ежелгі тамырлары бастау алатын дәуірлерге бет бұруға мүмкіндік алдық, кез-келген тарихи дәуірдегі музыкалық стильдерге назар аударамыз. Көне музыканы түпнұсқалық орындау үшін міндетті түрде сол заманның түпнұсқа аспаптарын немесе олардың дәл көшірмесін қолдану қажет, сондай-ақ оларда ойнау техникасын сақтамай болмайды. Бірақ, әрине, дәл сол 2000-3000 жыл бұрынғыдай дәстүрде орындау мүмкін емес.

Басты мақсатымыз көне өнерді насихаттау арқылы жастарды ұлттық өнерге бұру, көзқарасын өзгерту, патриоттық сезімдерін ояту. Осы тұрғыда біз көптеген жаңалықтар

енгіздік. Мысалы, даңғыра аспабының өзгеше формаларын тауып, қолданудамыз. Асатаяқтың бір түрі – көптаяқты жасадық. Сол сияқты шартылдауық, дабыл, дауылпаз аспаптарын ел ішінде жаңаша түрде насихаттап жүрміз. Жалпы бүгінгі таңда мәдениетті, өнерді насихаттау дұрыс жолға қойылып келеді, шет елдерге гастрольдік сапарларға шығамыз, елдегі концерттерімізге де халық көп келеді. Тыңдаушыларымыздың 80%-ы жастар. Осы күнге дейін «Тұран» тобының бірнеше күйтабағы шықты. Ең бастысы, ұлттық музыканың ырғағын бұзбай, дыбысын, бояуын өзгертпей, заманауи түрде орындау қажет деп санаймыз.

Ұрмалы аспапта ойнаумен қоса көмеймен қайыру өнерін жаңғыртып жүрмін, бұл сонау сақ пен түркі заманынан бері келе жатқан ән айту дәстүрі. Өкінішке орай, біздің халқымызда көмеймен айту шамалы ұмытылып, кенже қалған өнер. Кәзіргі Қызылорда облысында, Қармақшы өңірінде көп кездеседі. Көмеймен қайыру да көне замандағы тәңіршілдікпен байланысты ұғым. Түркілер әлемді үш бөлікке бөледі: жер асты, жер үсті және аспан – Көк Тәңірі. Көмейден осы үш әлемнің дыбысы бірдей шығып, үйлесім табады: қарқыра, көмей, күркіреу. Ең жоғарғысы – күркіреу (аспан), төменгісі – қарқыра (жер асты), ал ортасында – көмей, яғни адам. Көптеген эпикалық жыр-дастандар көмей арқылы орындалған.

Ұрмалы аспаптарда ойнауды әлемге таныту деңгейі өте жақсы. Фольклорлық ансамбльдердің барлығында бұл аспаптар қолданылады. Түрлі деңгейдегі этнофестивальдерге қатысамыз, осы өнерді дамытуға талпынысымыз жоғары. Әсіресе, Еуропа елдерінде гастрольдік сапарға барғанда біздің аспаптарға, ұлттық музыкаға үлкен қызығушылықпен таңырқай қарайды.

Ұрмалы аспаптарды насихаттау, оны қолдау мәселесіне келетін болсақ, әзірге бұл өнер тек жекелеген адамдардың энтузиазмы арқылы өрістеп отыр, мемлекет тарапынан қолдау аз. Дегенмен, нақты жобалар ұсынып, мемлекет тарапынан бөлінетін гранттарды ұтып алуға болады. Барлық мәселе адамның өзінде, өз қабылетін іске асыруында, көрсетуіне байланысты деп білеміз.

Музыка да адамға бір нәрсені, жай нәрсе емес, сұлулық пен сезім үйлесімін жеткізудің тәсілі. Кез-келген нәрсені жақсы жасау үшін оны сүю, бар ынтаңмен берілу, нәтижесінен рахат алу қажет. Бұл әсіресе музыка өнеріне ерекше қатысы бар, өйткені музыка – рухани дүние.

Музыканттың табысқа жету оның дарынына, қабылетіне, еңбекқорлығына, табандылығына, өз ісіне берілгендігіне тікелей байланысты екенін білеміз, оның шығармашылық қиялы ұшқыр болған сайын алдынан кездескен қиыншылықтарға төтеп беру қасиеті күшейіп, бұл оған дем береді, қалайда көздеген мақсатына жетуге ұмтылады.

Саз ырғағын бүкіл жан-жүйеңмен сезініп, бір сәт тән ырқынан босап шығу, кеңістікте қалықтату саз өнерінің ғажап құбылысы. Ал осы тыңдаушылардың музыканы сезінуі, әсерленуі орындаушыға тікелей байланысты. Егер орындаушы музыкамен тұтасып, саз сиқырының тұңғиығына бойлата білсе ғана ол нағыз орындаушы.

Жалпы музыка ескі не жаңа деп бөлінбейді, тек жақсы немесе нашар музыка ғана бар. Қазір эстрадалық жеңіл-желпі әуендер көбейгенмен де, бұл уақытша құбылыс. Тек нағыз таза өнер ғана мәңгілік, ешқашан ескірмейді, жаңғыра береді.

Немістер Моцарттың музыкасына қандай ұқыптылықпен қараса, біздің ұлттық мұрамызға да сондай көзқарас қажет.

Музыка мектептерінің негізгі міндеттерінің бірі – оқушыларға ұлттық және әлемдік музыка өнерін таныту, аспаптық орындаушылық дағдыларын қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, ұрмалы аспаптарда ойнау оқушылардың есту қабілетін, ырғақ сезімін, сахналық

мәдениетін дамытуда ерекше рөл атқарады. Бұл аспаптарда орындаушылық шеберлікті қалыптастыру үшін арнайы әдіс-тәсілдер мен кезең-кезеңімен жүргізілетін жұмыстар қажет.

1. Ұрмалы аспаптардың ерекшелігі

Ұрмалы аспаптар – дыбысы соққы арқылы шығатын музыкалық аспаптар. Олар: барабан, дабыл, шылдырмақ, ксилофон, маримба, және т.б. Бұл аспаптарда ойнау оқушылардан ырғақ дәлдігін, дене қозғалысын үйлестіруді және музыкалық сезімталдықты талап етеді.

2. Орындаушылық шеберлікті дамытудың кезеңдері

а) Бастапқы кезең:

- Аспаппен танысу, дұрыс отыру және аспапты ұстау дағдылары;
- Қарапайым ырғақтық үлгілерді қағу;
- Метр және ритмді сезіну қабілетін дамыту.

ә) Орта деңгей:

- Күрделі ырғақтық формаларды орындау;
- Үндестікте ойнау, ансамбльдік тәжірибе;
- Түрлі динамикалық реңктерді беру.

б) Жоғары деңгей:

- Күрделі этюдтер мен пьесаларды орындау;
- Сахналық мәдениетті меңгеру;
- Импровизация элементтерін қолдану.

3. Тиімді әдіс-тәсілдер

– Көру және тыңдау арқылы үйрету: Аудио-визуалды материалдармен жұмыс оқушының қызығушылығын арттырады.

– Ойын элементтері: Балалармен жұмыс кезінде ойын формасындағы жаттығулар жақсы нәтиже береді.

– Топпен жұмыс: Ансамбльдік орындау ынтымақтастық пен музыкалық естуді дамытады.

– Жасанды интеллект құралдарын қолдану: Мысалы, ритмді визуалды көрсететін цифрлық платформалар арқылы жаттығу тиімділігін арттыруға болады.

4. Қиындықтар мен оларды жеңу жолдары

Оқушыларда ритмді дәл сезінбеу, қозғалыс үйлесімінің болмауы сияқты мәселелер кездеседі. Бұл жағдайда жаттығуларды қарапайымнан күрделіге қарай жүйелеп, визуалды-есту құралдарын көбірек қолдану ұсынылады.

Ұрмалы аспаптарда орындаушылық шеберлікті дамыту – оқушының музыкалық ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, шығармашылық қабілетін, сахнада өзін-өзі ұстау дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылар ұрмалы аспаптарда сенімді және көркем орындауға үйренеді. Бұл музыка сабағының тәрбиелік, дамытушылық және шығармашылық мақсаттарына толықтай сәйкес келеді.

Список использованных источников:

1. Базарбаева, Ж. – «Музыкалық орындаушылық шеберлік негіздері», Алматы: Өнер, 2012.
2. Мұхамеджанова, С. – «Музыка педагогикасы», Алматы: Рауан, 2016.
3. Кенжегұлова, А. – «Орындаушылық өнер және музыкалық тәрбие», Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.
4. Абдрахманова, Н. – «Ұлттық музыкалық аспаптарда орындаушылық ерекшеліктері», 2018.
5. Мұхамедқалиева, Г. – «Домбыра үйретудің әдіс-тәсілдері», Атырау, 2015.
6. Сейітов, М. – «Музыкалық интерпретация және стиль», Алматы: Мектеп, 2013.
7. Қазақтың дәстүрлі музыкасы. Энциклопедия – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010.
8. Шаңырақ. Қазақ мәдениеті – Энциклопедиялық басылым, Алматы: Атамұра, 2007.

ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ: ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ РӨЛІ

***Аңдатпа.** Бұл мақалада жаңа дәуір жағдайында мұғалімнің кәсіби дамуы мен үздіксіз білім берудің өзара байланысы жан-жақты қарастырылады. Қазіргі таңда білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және технологиялық дамуымен тығыз байланысты болып отыр. Жаңа дәуірдің ерекшелігі – ақпараттың қарқынды ағымы, цифрлық технологиялардың жедел дамуы және білім беру мазмұнының үнемі жаңарып отыруы. Осы өзгерістер мұғалімнен кәсіби икемділікті, шығармашылық ойлауды, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруді және өмір бойы оқуға дайын болуды талап етеді.*

Мақалада мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуының негізгі бағыттары мен формалары – біліктілікті арттыру курстары, қашықтықтан және онлайн оқыту жүйелері, тәжірибе алмасу семинарлары, педагогикалық қауымдастықтардағы белсенділік, сондай-ақ өзін-өзі дамыту мен рефлексия дағдылары талданады. Сонымен қатар, үздіксіз білім берудің тиімді моделін қалыптастыруда мемлекеттік білім саясатының, жоғары оқу орындарының және кәсіби даму орталықтарының өзара ықпалдастығының маңызы атап өтіледі.

Зерттеу барысында мұғалімнің кәсіби дамуының табысты жүзеге асуы үшін мотивациялық, әдістемелік және технологиялық қолдаудың маңызы зор екені айқындалды. Үздіксіз кәсіби білім беру мұғалімнің педагогикалық шеберлігін жетілдіруге, инновациялық іс-әрекеттерді қолдануға және білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Жаңа дәуір мұғалімі – бұл тек білім беруші емес, сонымен қатар, зерттеуші, кеңесші, жетекші және өмір бойы үйренуші тұлға.

Қорытындылай келе, үздіксіз білім беру жүйесі мұғалімнің кәсіби дамуының негізін құрайды және білім берудің сапасын қамтамасыз етудің басты факторы болып табылады. Бұл үдеріс педагогтың жеке тұлғалық әлеуетін аша отырып, қоғамның зияткерлік және инновациялық дамуына үлес қосады.

***Түйінді сөздер:** мұғалімнің кәсіби дамуы, үздіксіз білім беру, педагогикалық шеберлік, инновациялық технологиялар, өмір бойы оқу, кәсіби құзыреттілік, білім сапасы, педагогикалық рефлексия, цифрлық дәуір, білім беру саясаты.*

***Аннотация.** В данной статье подробно рассматривается взаимосвязь профессионального развития учителя и непрерывного образования в условиях новой эры. В настоящее время система образования тесно связана с социально-экономическим и технологическим развитием общества. Особенностью новой эры является интенсивный поток информации, ускоренное развитие цифровых технологий и постоянное обновление содержания образования. Эти изменения требуют от учителя профессиональной гибкости, творческого мышления, владения современными педагогическими технологиями и готовности учиться на протяжении всей жизни.*

В статье анализируются основные направления и формы непрерывного профессионального развития учителя – курсы повышения квалификации, системы

дистанционного и онлайн обучения, семинары по обмену опытом, активность в педагогических сообществах, а также навыки саморазвития и рефлексии. Вместе с тем, подчеркивается значение государственной образовательной политики, взаимодействия вузов и центров профессионального развития в формировании эффективной модели непрерывного образования.

В ходе исследования было установлено, что для успешной реализации профессионального развития учителя большое значение имеет мотивационная, методическая и технологическая поддержка. Непрерывное профессиональное образование способствует совершенствованию педагогического мастерства учителя, использованию инновационной деятельности и повышению качества образования. Учитель не только педагог, но и исследователь, консультант, руководитель и пожизненный ученик.

Таким образом, система непрерывного образования составляет основу профессионального развития учителя и является главным фактором обеспечения качества образования. Этот процесс способствует интеллектуальному и инновационному развитию общества, раскрывая личностный потенциал педагога.

Ключевые слова: профессиональное развитие учителя, непрерывное образование, педагогическое мастерство, инновационные технологии, обучение в течение всей жизни, профессиональная компетентность, качество образования, педагогическая рефлексия, цифровая эпоха, образовательная политика.

XXI ғасырда білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, жаһандану, еңбек нарығы талаптарының үнемі жанаруы білім беру саласына, әсіресе мұғалімнің рөліне жаңа міндеттер жүктеуде. Ендігі мұғалім – тек білім беруші емес, оқытудың ұйымдастырушысы, фасилитатор, бағыттаушы, тәлімгер. [2]

Осындай өзгерістер жағдайында мұғалімнің кәсіби дамуы үздіксіз болуы шарт. Бұл — оның заман талабына сай болуын, оқушылармен тиімді жұмыс жүргізуін, білім сапасын арттыруын қамтамасыз ететін басты фактор. Мұнда үздіксіз білім беру жүйесі негізгі тірекке айналады.[2]

Кәсіби даму дегеніміз не?

Мұғалімнің кәсіби дамуы — оның педагогикалық, әдістемелік, психологиялық, технологиялық, коммуникативтік құзыреттіліктерін жетілдіру процесі. Бұл даму бір реттік емес, үздіксіз сипатқа ие болуы керек, себебі бүгінгі білім алушының талабына сай болу үшін мұғалім үнемі жаңарып отыруы тиіс.

Жаңа дәуір мұғалімінен не талап етіледі? [3]

Сала	Қазіргі мұғалімге қойылатын талап
Цифрлық құзыреттілік	АКТ құралдарын меңгеру, жасанды интеллект және цифрлық білім платформаларын қолдану
Педагогикалық шеберлік	Құзыреттілікке бағытталған оқыту, рефлексия, фасилитация
Жаңашылдық	Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану

Үздіксіз білім берудің мұғалім кәсіби дамуындағы рөлі

Үздіксіз білім беру — бұл адамның өмір бойы білім алып, кәсіби және тұлғалық тұрғыда жетілуіне мүмкіндік беретін жүйе. Мұғалім үшін бұл:

- 1) Формалды білім беру: дипломнан кейінгі білім, курстар;
- 2) Информалды білім беру: вебинарлар, конференциялар, оқыту тренингтері;
- 3) Өзіндік білім алу: кәсіби әдебиеттер оқу, зерттеу, рефлексия. [5]

Заманауи мұғалім — бұл:

- Оқушы дамуын қолдайтын тұлға, яғни оқушыны орталыққа қоятын;
- Цифрлық сауатты маман, яғни білім беруде ақпараттық технологияны тиімді қолданатын;
- Зерттеуші ұстаз, яғни өзінің тәжірибесін зерттей отырып, сапаны арттыруға ұмтылатын;
- Тұлғалық даму жолындағы көшбасшы, яғни білім алушыға үлгі бола алатын педагог. [6]

Кәсіби даму – мұғалімнің педагогикалық, әдістемелік, психологиялық және технологиялық тұрғыдан білімін арттыру, тәжірибесін жетілдіру, жаңа құзыреттіліктерді меңгеру процесі. [3] Бұл:

- Жеке тұлғалық өсу;
- Жаңаша ойлау мен жұмыс істеу;
- Өз тәжірибесін бағалау мен рефлексия жасау;
- Оқыту сапасына әсер ету жолы.

Үздіксіз білім беру – бұл адамның өмір бойы білім алып, өзін кәсіби және тұлғалық тұрғыда жетілдіруін қамтамасыз ететін жүйе.

Кәсіби дамудың негізгі формалары [4]

Формасы	Сипаттамасы
Курстық оқыту	Біліктілікті арттыру, қайта даярлау бағдарламалары (“Өрлеу” біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, “Педагогикалық Шеберлік Орталығы”)
Мектепшілік қоғамдастықтар кәсіби	Әріптестермен тәжірибе алмасу, Lesson Study, коучинг
Менторлық және тәлімгерлік	Жас мамандарды қолдау, тәжірибе беру
Педагогикалық зерттеу	Өз тәжірибесін зерттеу, жаңалық енгізу
Онлайн оқыту	EdX, Coursera, BilimLand, Moodle, т.б. платформаларды қолдану

Мұғалімнің үздіксіз дамуының іс-әрекеттері:

Кәсіби курстар мен біліктілікті арттыру бағдарламаларына қатысу

– Жаңа әдістемелер мен білім беру технологияларын меңгеру.

Педагогикалық тәжірибе алмасу

– Әріптестермен бірлесіп жұмыс жасау, шеберлік сабақтарына қатысу, коучинг, менторлық.

Ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыс

– Әдістемелік мақалалар жазу, конференцияларға қатысу, өз пәні бойынша зерттеулер жүргізу.

Өзін-өзі бағалау және рефлексия жасау

Өз жұмысын сараптау, күшті және әлсіз жақтарын анықтау.

Заманауи технологияларды меңгеру

– Цифрлық құралдарды қолдану, онлайн білім беру платформаларын игеру.

Кәсіби қауымдастықтарға қатысу

– Педагогикалық форумдарға, бірлестіктерге мүше болу, желілік қауымдастықтарда белсенділік таныту.

Оқу мен оқыту үдерісін жетілдіру

– Сабак жоспарын жетілдіру, сараланған оқыту, бағалаудың тиімді тәсілдерін қолдану.

Цифрлық дәуірдегі үздіксіз білім беру мүмкіндіктері

Бүгінгі мұғалімге ашық цифрлық ресурстар мен платформалар арқылы білімін жетілдіруге кең мүмкіндік бар:

- Білім беру платформалары: Kahoot, Olabs, Phed, Quizziz, Wordwall;
- Қазақстандық ресурстар: BilimLand, Kundelik.kz, Daryn.online;
- Мұғалімдер қауымдастығы: Facebook топтары, Telegram каналдары, кәсіби форумдар.

Мұғалімнің үздіксіз дамуын қолдау тетіктері:

- Білім беру ұйымындағы жағдай жасау: әдістемелік күндер, семинарлар, шығармашылық топтар;
- Басшылықтың қолдауы: кәсіби өсуге ынталандыру, марапаттау;
- Жеке даму жоспары: мұғалімнің өз кәсіби өсуін жоспарлауы;
- Рефлексия мен өзін-өзі бағалау: кәсіби әлсіз және күшті тұстарын анықтау;
- Құзыреттілік пен нәтиже мониторингі: нақты нәтижелерге бағытталған даму. [2]

Осындай жұмыстар жасай келе мұғалім қандай нәтижелерге қол жеткізеді?

Кәсіби құзыреттілігі артады

– Жаңа білім мен дағдыны меңгереді, оқыту сапасы жақсарады.

Оқушылардың оқу жетістіктері жақсарады

– Оқыту әдістері заманауи талаптарға сай болады, оқушылардың қызығушылығы мен үлгерімі артады.

Жаңашыл мұғалімге айналады

– Өз ісінде заманауи, инновациялық тәсілдерді қолданады. *Мансаптық өсу мүмкіндігі*

– Санатын көтеру, марапаттарға ие болу, көшбасшылыққа көтерілу мүмкіндігі.

Кәсіби беделінің артуы

– Әріптестер мен қоғам арасында абыройы өседі.

Рефлексия мен өзін-өзі жетілдіру дағдысы қалыптасады

– Өзінің жұмысын үнемі бағалап, жетілдіріп отыруды дағдыға айналдырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаңа дәуірдегі мұғалім – үздіксіз дамитын, заман ағымына ілесіп қана қоймай, оны өз іс-әрекетінде бейнелей алатын кәсіби тұлға. Бұл дамуды қамтамасыз ететін негізгі құрал — үздіксіз білім беру жүйесі.

Мұғалімнің кәсіби дамуына тұрақты түрде жағдай жасау, заманауи әдіснамалармен жұмыс істеу, цифрлық және педагогикалық құзыреттіліктерін жетілдіру – бүгінгі білім сапасын арттырудың негізгі кепілі.

Білім беру ұйымдары, білім саясаты мен қоғам мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуына қолдау көрсеткенде ғана білім жүйесі сапалы өзгерістерге қол жеткізеді.

Қазіргі таңда мұғалімнің кәсіби дамуы — тек қажеттілік емес, білім беру сапасын арттырудың басты тетігіне айналды. Үздіксіз білім беру жүйесі — мұғалімді кәсіби тұрғыдан дамытатын, шығармашылығын ашатын, білімін заманауи талаптарға сай жетілдіретін маңызды құрал.

Жаңа дәуір мұғалімі – өмір бойы үйренетін, өзін-өзі дамытатын, білім алушыны шабыттандыра алатын тұлға. Ал оны қолдайтын және бағыттайтын негізгі күш — үздіксіз білім беру жүйесі.

Список использованных источников:

1. ҚР "Білім туралы" Заңы
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. ЮНЕСКО. Lifelong Learning for Teachers
4. Knowles, M. (1984). *Andragogy in Action*
5. Әбенбаев С. Мұғалімнің кәсіби дамуы және педагогикалық шеберлік
6. OECD. *Teachers and School Leaders as Lifelong Learners*
7. Назарбаев Зияткерлік мектептері. Мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуы бойынша әдістемелік ұсыныстар.

ЧИТАТЕЛЬСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ КАК КЛЮЧЕВОЙ КОМПОНЕНТ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

***Аңдатпа.** Мақалада оқу сауаттылығының ажырамас бөлігі болып табылатын мәтінмен, сауатты жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалары берілген. Жұмыстың барлық түрлері мәтіндердің мазмұнын терең түсінуді қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар білім алушыларға маңызды фактілер мен қорытындыларды алу арқылы ақпаратпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе аналитикалық ойлауды дамыту үшін, сондай-ақ білім алушыларды нақты өмірге дайындау үшін қажет. Оқу материалы қазақстандық жастардың мәдени, тарихи, адамгершілік дамуының өзекті мәселелерін көрсетеді. Дайын мәтіндермен жұмыс істеудің дәстүрлі тәсілінен айырмашылығы, бағдарламаның мазмұны интерактивті сілтемелерді, сыни талдау, зерттеу қызметі сияқты мәтіндермен жұмыс істеудің белсенді нысандарын қамтиды, бұл білім алушыларға оқу процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді.*

***Түйінді сөздер:** оқырмандық сауаттылық, функционалдық сауаттылық, орыс тілі, сыни ойлау, талдамалық ойлау, оқу тапсырмалары, белсенді оқыту стратегиялары, жобалық қызмет, өзіндік оқу, оқушылардың уәжі, функционалдық дағдылар, құзыреттерді қалыптастыру, мәтінмен жұмыс, тілдік дамуы.*

***Аннотация.** В статье представлены тренировочные упражнения, направленные на развитие навыков работы с текстом, грамотной письменной и устной речи, что является неотъемлемой частью читательской грамотности. Все виды работ обеспечивают не только глубокое понимание содержания текстов, но и позволяют учащимся работать с информацией, извлекая из неё важные факты и выводы. Это особенно необходимо для развития аналитического мышления, а также для подготовки обучающихся к реальной жизни. Учебный материал отражает актуальные вопросы культурного, исторического, нравственного развития казахстанской молодежи. В отличие от традиционного подхода по работе с готовыми текстами, содержание программы включает в себя интерактивные ссылки, активные формы работы с текстами, такие как критический анализ, исследовательская деятельность, что позволяет обучающимся активно включаться в процесс обучения.*

***Ключевые слова:** читательская грамотность, функциональная грамотность, русский язык, критическое мышление, аналитическое мышление, образовательные задания, активные стратегии обучения, проектная деятельность, самостоятельное обучение, мотивация учащихся, функциональные навыки, формирование компетенций, текстовая работа, развитие речи.*

Читательская грамотность позволяет эффективно использовать языковую речь в различных жизненных ситуациях. В свете современных требований образования возросла актуальность работы по формированию навыков грамотности, так как они помогают всестороннему развитию обучающихся, развивают их умения, полезные не только в учебной деятельности, но и в условиях действительности. Задача учителя в этом случае состоит не только в том, чтобы преподнести знания, а именно в том, чтобы создать условия для их самостоятельного приобретения. Для решения данной задачи я разработала ряд заданий по формированию навыков читательской грамотности на уроках русского языка.

Тренировочные упражнения позволяют учащимся работать с информацией, извлекая из неё важные факты и выводы. Это особенно необходимо для развития аналитического мышления, а также для подготовки обучающихся к реальной жизни. В упражнениях представлены примеры заданий, которые можно использовать в сравнительном исследовании образовательных достижений в области функциональной грамотности обучающихся 15 - летнего возраста Павлодарской области.

Приведу примеры заданий по представленным текстам.

Текст «Поэт Павлодарского Прииртышья Машхур Жусуп Копеев».

Задание. Работа по ссылке

<https://ru.bayanaulcbs.kz/personaly/%D0%BA%D0%BE%D0%BF%D0%B5%D0%B5%D0%B2-%D0%BC%D0%B0%D1%88%D1%85%D1%83%D1%80-%D0%B6%D1%83%D1%81%D1%83%D0%BF-1858-1831/>

1. Используя прием «Фишбоум», сделайте вывод о роли знаний в жизни Машхура Жусупа.

Ключ к примерному ответу

Проблема: «Какую роль в жизни Машхур Жусупа занимали знания?»

Причина: Машхур Жусуп понимал, что просвещенный народ станет жить лучше. Сам всегда стремился к знаниям

Факты: обучался в медресе, собирал произведения устного народного творчества, много путешествовал с целью изучения жизни, быта, фольклора родов и племен, населявших Атбасар, Кызылжар, Караоткел, учился в Бухаре, был в Средней Азии, Туркестане, Ташкенте, Самарканде для того, чтобы изучить восточные языки, обучал детей и молодежь грамоте

Вывод: таким образом, знания в жизни Машхур Жусупа Копеева играли главную роль. Они помогали ему лучше разобраться в происходящих исторических событиях

Текст «Роль Казахстана в Центральной Азии»

Задание. 1. Ознакомьтесь с материалом, перейдя по данной ссылке

<https://check-point.kz/opinion?id=1509>

2. Назовите дату издания информации?

3. Какой возраст составляет наибольшую часть населения: 14- летний или 29-летний?

4. Какие составляющие не входят в STEM-образование?

а. наука;

б. технология;

в. инженерия;

г. математика;

д. языки

Ключ к ответу

2. 20.06.2024год

3. 29 лет

4. вариант «д»

5. В статье указана ссылка Источника

<https://www.eureporter.co/kazakhstan-2/2024/06/19/the-youth-of-kazakhstan-pioneering-a-future-of-opportunity-and-innovation/>

Изучите Источник и ответьте на вопрос «Какая из информации была опубликована ранее?»

Ключ к ответу

По второй ссылке дата (на 11 месяцев раньше на 19 июня 2024 года) следовательно статья опубликована -19 июля 2023 года,

по первой ссылке дата 20 июня 2024 года

Текст 1 «Полезно или опасно молоко?»

Молоко — это уникальный продукт, в который входят витамины, микроэлементы, белки, ферменты и молочные кислоты. В составе молока находятся глобулины, казеин и альбумин, которые являются антибиотическими веществами, что придает молоку бактерицидные свойства и помогает укрепить иммунитет, предотвращая развитие инфекций. Микроэлементы, такие как йод, калий, кальций, магний, фосфор и цинк, играют ключевую роль в нормальном развитии клеток организма, улучшая состояние кожи, зубов, волос и ногтей. Насыщенные кислоты регулируют работу нервной системы, а молоко имеет успокаивающий эффект, помогает при расстройствах психики. Наши бабушки знали, что лучшее средство от бессонницы — это стакан теплого молока с медом на ночь. Молоко также полезно при повышенной кислотности желудка и хронической изжоге. Однако молоко может быть источником инфекций, таких как брюшной тиф, дизентерия, холера, если его не пастеризовать. Вредным может быть молоко от животных, больных сибирской язвой, бешенством, вирусным гепатитом и другими заболеваниями. Также антибиотики, использующиеся в ветеринарии, могут попасть в молоко и оказать негативное влияние на здоровье человека.

Текст 2

Молоко — это выделяемая железами млекопитающих жидкость, предназначенная для питания новорожденных. Оно имеет белый или слегка желтоватый цвет и сладковатый вкус. Это сложная биологическая жидкость, состоящая из множества компонентов, находящихся в различных состояниях. Например, молочный сахар и минеральные соли растворены в плазме, белки и часть солей находятся в коллоидной форме, а жир — в виде мелких шариков.

Задание. Заполните таблицу «Полезные и опасные свойства молока»

Полезные свойства Опасные свойства

1. Лингвистическая задача. Для ответа используйте информацию из прочитанного текста.

Ваша соседка (сосед) по парте жалуется, что стала раздражительной, испытывает перенапряжение, страдает бессонницей. Что вы ей можете посоветовать?

Ключ к ответу

1.

Полезные свойства Опасные свойства

Укрепляет иммунитет,

предотвращает инфекции Может передавать инфекционные
болезни (тиф, холера)

Содержит микроэлементы,

полезные для кожи, волос, зубов Антибиотики в молоке могут быть вредными для
здоровья

Успокаивает нервную систему

и помогает при бессоннице Может вызвать пищевые отравления
при неправильном хранении

2. Если ваша соседка жалуется на раздражительность, перенапряжение и бессонницу, вы можете порекомендовать ей выпить стакан теплого молока с медом на ночь.

Считаю, что эффективность учебного процесса во многом зависит от умения правильно выбрать ту или иную активную стратегию обучения. Это дает возможность не только повысить интерес учащихся к предмету, но и развить их творческую самостоятельность, что позволяет сделать урок нестандартным, оживить его. Правильно говорят, что знания не даются - знания берутся. А помочь обучающимся применить полученные знания и умения по русскому языку в практической деятельности – одна из важнейших задач учителя-словесника.1. Ұрмалы аспаптардың ерекшелігі

Список использованных источников:

1. Ахметов Ш. История Казахстана: Древность и Средние века. Алматы:Анатілі,2015.
2. Кенжебеков С. Культура казахского народа. — Алматы: ҚазҰУ, 2016.
3. <https://primeminister.kz/ru/documents/gosprograms/stratplan-2025>
4. <https://www.gov.kz/article/19305?lang=ru>
5. <https://check-point.kz/opinion?id=1509>

СОВРЕМЕННЫЙ ПЕДАГОГ В СИСТЕМЕ НЕПРЕРЫВНОГО И ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: НОВЫЕ РОЛИ И ЗАДАЧИ

***Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасының үздіксіз және қосымша білім беру жүйесіндегі заманауи педагогтың ролі қарастырылады. Автор lifelong learning тұжырымдамасының мәні мен құрылымын талдап, қосымша білім берудің тұлғаның дамуы мен азаматтық қоғамды қалыптастырудағы маңызын ашады. Мақалада педагогтың жаңа кәсіби рөлдері – наставник, фасилитатор, цифрлық медиатор және ұлттық құндылықтардың тәрбиешісі ретінде сипатталады. Қазіргі педагогтың негізгі құзыреттері айқындалады: кәсіби-педагогикалық, цифрлық, коммуникативтік, зерттеушілік және этикалық. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің заманауи сын-тегеуріндері мен педагогтің алдында тұрған міндеттер талданады. Педагогтің кәсіби дамуының тетіктері – біліктілікті арттыру, тәлімгерлік, педагогикалық қауымдастықтар мен инновациялық тәжірибелер (STEAM, AR/VR, жобалық оқыту) арқылы көрсетіледі. ХХІ ғасыр мұғалімі ұлттық дәстүрлер мен жаһандық үрдістерді біріктіре отырып, білім алушылардың сыни ойлауын, шығармашылығын және жауапкершілігін дамытуға бағытталған көшбасшы ретінде сипатталады.*

***Түйінді сөздер:** үздіксіз білім беру, қосымша білім беру, ХХІ ғасыр педагогы, кәсіби құзыреттер, цифрландыру, Қазақстан, lifelong learning.*

***Аннотация.** В статье рассматривается роль современного педагога в системе непрерывного и дополнительного образования Республики Казахстан в условиях реформ и цифровой трансформации. Автор анализирует сущность и структуру системы lifelong learning, раскрывает особенности дополнительного образования как важнейшего компонента развития личности и гражданского общества. Особое внимание уделяется новым профессиональным ролям педагога — наставника, фасилитатора, цифрового медиатора и воспитателя национальных ценностей. Описаны ключевые компетенции, необходимые современному педагогу: профессионально-педагогические, цифровые, коммуникативные, исследовательские и этические. В статье обозначены основные вызовы и задачи, стоящие перед педагогическим сообществом Казахстана, а также пути профессионального развития через повышение квалификации, менторство и инновационные практики (STEAM, AR/VR, проектное обучение). Подчеркивается, что педагог ХХІ века становится лидером образовательных изменений, соединяющим национальные традиции с глобальными тенденциями и формирующим у обучающихся критическое мышление, инициативность и ответственность.*

***Ключевые слова:** непрерывное образование, дополнительное образование, педагог ХХІ века, профессиональные компетенции, цифровизация, Казахстан, lifelong learning.*

Современная эпоха характеризуется стремительными изменениями во всех сферах жизни — от экономики и технологий до культуры и социальных отношений. Казахстан, как динамично развивающееся государство, уделяет особое внимание подготовке человека нового типа — образованного, инициативного, способного адаптироваться к вызовам времени.

В этом контексте ключевое значение приобретает система непрерывного и дополнительного образования, обеспечивающая постоянное обновление знаний и умений граждан. В центре этой системы находится педагог, от профессионализма и мировоззрения которого зависит качество образования и развитие человеческого капитала страны [1].

1. Система непрерывного образования в Казахстане: сущность и структура

Непрерывное образование (lifelong learning) — это процесс, охватывающий все этапы жизни человека и направленный на поддержание и развитие его компетенций, знаний и личностных качеств [10].

В Казахстане система непрерывного образования развивается в соответствии с принципами, закреплёнными в стратегических документах:

— Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 годы [1];

— Национальный проект «Современная школа» [2];

— Концепция развития непрерывного образования до 2030 года [4];

— Закон «Об образовании» и Закон «О статусе педагога» [3].

1.1. Цели и принципы

Главная цель — формирование общества, в котором каждый гражданин имеет возможность учиться на протяжении всей жизни.

Ключевые принципы включают:

доступность и равенство возможностей;

гибкость программ и форм обучения;

интеграцию формального, неформального и информального образования;

признание результатов самообразования [6].

1.2. Структура системы

Непрерывное образование охватывает: дошкольное, среднее, техническое и профессиональное, высшее, дополнительное и послевузовское образование, а также обучение взрослых [5].

Таким образом, система строится по принципу открытости, гибкости и доступности, обеспечивая возможность обучения для всех возрастных групп [9].

2. Дополнительное образование как часть системы lifelong learning

Дополнительное образование играет особую роль в развитии личности ребёнка и взрослого. Оно направлено на реализацию индивидуальных интересов, развитие творческих способностей, социализацию и профориентацию [8].

В Казахстане действует свыше 2 000 организаций дополнительного образования, включая дворцы школьников, детские технопарки, художественные школы, языковые и экологические клубы. По данным Министерства просвещения РК, более 2,5 млн детей охвачены программами дополнительного образования [1].

2.1. Формы и направления

— художественно-эстетическое;

- научно-техническое и инженерное (STEM, робототехника);
- экологическое и туристско-краеведческое;
- спортивно-оздоровительное;
- языковое и коммуникативное;
- социально-педагогическое [8].

Активно развиваются детские экоклубы и проекты «Жас эколог», «Живая планета», «EcoBoom», а также школы цифрового мышления [7].

2.2. Значение

Дополнительное образование выполняет воспитательную, компенсаторную, развивающую и интеграционную функции [6]. Оно способствует формированию гражданских и экологических ценностей, развитию инициативности и креативности обучающихся [8].

3. Новые роли современного педагога в условиях реформ

Переход Казахстана к обновлённому содержанию образования и цифровой трансформации требует от педагога выполнения множества новых функций [9].

3.1. Педагог как наставник и тьютор

Педагог помогает учащимся определять цели и строить индивидуальные образовательные маршруты [7].

3.2. Педагог как фасилитатор

Современный педагог создаёт условия для сотрудничества, вовлечённости и проектной деятельности, применяя методы проектного и проблемного обучения [8].

3.3. Педагог как цифровой медиатор

Программа «Цифрлық ұстаз» формирует компетенции работы с цифровыми инструментами [2]. Педагог выступает проводником между обучающимся и цифровым контентом, формируя медиаграмотность [9].

3.4. Педагог как воспитатель национальных ценностей

Он способствует формированию личности, разделяющей ценности Мәңгілік Ел, уважение к языковому и культурному многообразию [5].

4. Компетенции современного казахстанского педагога

Современный педагог должен обладать комплексом компетенций [6; 7]:

профессионально-педагогические — владение современными методиками, понимание психологии учащихся;

цифровые — создание интерактивного контента и использование онлайн-платформ;

коммуникативные — эмпатия, толерантность, межкультурная компетентность;

исследовательские — рефлексия, анализ, участие в научно-методической работе;

этические и гражданские — ответственность, соблюдение педагогической этики [9].

В соответствии с Национальной квалификационной рамкой педагогов (2024 г.) эти компетенции определяются как базовые для профессионального роста [2].

5. Современные вызовы и задачи педагога

Казахстанская система образования сталкивается с рядом вызовов: рост цифровизации, необходимость интеграции формального и неформального образования, развитие инклюзии и поддержка психологического благополучия [1].

5.1. Индивидуализация обучения

Педагог адаптирует программы под разные возрастные группы и уровни [4].

5.2. Формирование компетенций XXI века

Развитие 4К-навыков — критического мышления, креативности, коммуникации и кооперации [6].

5.3. Экологическое и гражданское воспитание

Учителя вовлекают школьников в проекты устойчивого развития и волонтерские инициативы [8].

6. Профессиональное развитие педагога

Закон «О статусе педагога» [3] закрепил механизмы повышения престижа профессии.

Повышение квалификации осуществляется через НЦПК «Өрлеу», Академию педагогического мастерства и региональные центры [7].

Развивается система менторства и педагогических сообществ (Teacher Talks, QazTeaching) [9].

7. Инновационные практики в дополнительном образовании

Учреждения внедряют STEAM-подход, геймификацию, проектное обучение, AR/VR-технологии [8].

Примеры — технопарки QazTechLab, Astana Hub Junior, экопроекты Жас эколог, языковые клубы трилингвизма [2; 8].

Современный педагог в системе непрерывного и дополнительного образования Казахстана — это лидер изменений и вдохновитель, соединяющий национальные традиции (идеи Ы. Алтынсарина, А. Байтурсынова) с глобальными тенденциями [5; 6].

Его миссия — помочь обучающемуся научиться учиться, развить критическое мышление и ответственное отношение к миру.

От осознанности педагога зависит успех казахстанского образования и будущее страны [1;9].

Список использованных источников:

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 гг. — Астана, 2020.
2. Национальный проект «Современная школа». — Астана: МОН РК, 2023.
3. Закон Республики Казахстан «О статусе педагога» № 293-VI от 27 декабря 2019 г.

4. Концепция развития непрерывного образования в Республике Казахстан до 2030 г. (проект). — Астана, 2024.
5. Назарбаев Н.А. Казахстан – 2050: Новый политический курс состоявшегося государства. — Астана, 2012.
6. Абылкасымова А.Е. Психолого-педагогические основы профессионального образования. — Алматы: Эверо, 2018.
7. Жадрина М.А. Современные педагогические технологии: казахстанский опыт. — Алматы: Қазақ университеті, 2020.
8. Калдыбаева Н.Т. Инновации в дополнительном образовании детей. — Астана: НЦПК «Өрлеу», 2021.
9. Касымжанова А.Ж. Профессиональное развитие педагога в цифровом обществе. — Караганда: Bolashaq, 2022.
10. Байденко В.И. Непрерывное образование: философия, стратегия, практика. — Алматы: Қазақ университеті, 2019.
11. OECD. Future of Education and Skills 2030 Framework. — Paris, 2022.
12. UNESCO. Education for Sustainable Development: A Roadmap. — Paris, 2021.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДОМБЫРА АСПАБЫНДА ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада домбыраның жас ұрпақты музыкалық және рухани тәрбиелеудегі маңызды рөлі қарастырылады. Автор домбыра үйрету әдістемесін оқушының шығармашылық даралығын дамыту, ұлттық мәдениетке баулу және эстетикалық талғамын қалыптастыру тұрғысынан ашады. Дәстүрлі орындаушылық өнерді кәсіби оқыту және концерттік тәжірибе арқылы сақтау мен жеткізудің маңыздылығы атап өтіледі.

Түйінді сөздер: домбыра, музыкалық білім беру, халықтық өнер, ұлттық дәстүрлер, орындаушылық шеберлік, музыкалық педагогика, рухани тәрбие, шығармашылық даму, Қазақстан мәдениеті, аспаптық орындау, фольклор, кәсіби даярлық, эстетикалық тәрбие, ұлттық бірегейлік, музыкалық мәдениет.

Аннотация. В статье рассматривается роль домбры как важнейшего элемента музыкального и духовного воспитания подрастающего поколения. Автор раскрывает методику преподавания игры на домбре с акцентом на развитие творческой индивидуальности ученика, приобщение к национальной культуре и формирование эстетического вкуса. Подчеркивается значимость сохранения и трансляции традиционного исполнительского искусства через профессиональное обучение и живую концертную практику.

Ключевые слова: домбыра, музыкальное образование, народное искусство, национальные традиции, исполнительское мастерство, музыкальная педагогика, духовное воспитание, творческое развитие, культура Казахстана, инструментальное обучение, фольклор, профессиональная подготовка, эстетическое воспитание, национальная идентичность, музыкальная культура.

Еліміздің төл өнері жайлы сөз қозғағанда, ең алдымен домбыра еске түседі. Домбыра аспабы – қазақ халқының асыл қазынасы. Қос ішекті қара домбыраның үнінде Ұлы даланың тамыры терең тарихы мен сан ғасырлық шежіресі бар. Домбыра аспабы - халқымызбен бірге жасап келе жатқан, оның рухани жан серігіне айналған музыкалық аспаптардың бірі. Домбыра мамандығында талапкер өнерпаз оқушы домбыра аспабының қыр сырын ұғынып, домбыра тартуды кәсіби тұрғыда меңгеріп, музыкалық сауаттылығын арттырып, қойған мақсатына жету керек.

Білім алушыларды домбыра аспабында үйрете отырып, аспапқа деген қызығушылықты арттыру және оны тәрбиенің құралы ретінде қолдана білу мақсатында төмендегідей міндеттермен аспапты меңгеру жұмыстары жүргізіліп жатыр:

- Бабалар мұрасы - домбыра аспабы туралы мәліметтермен танысу;
- Домбырада күй тартып, оны қағыстарына келтіріп орындату;
- Домбырада әндерді сүйемелдей отырып, мәнерлеп орындауды үйрену;
- Ұлттық аспап домбыра арқылы білім алушылардың өнерге деген сүйіспеншілікті арттыру;

Күтілетін нәтижелер төмендегідей:

- Бабалар мұрасы - домбыра аспабы туралы мәліметтермен танысады;
- Домбырада күй тартып, оны нақышына келтіріп орындайды;
- Домбырада әндерді сүйемелдей отырып, мәнерлеп орындауды үйренеді;
- Ұлттық аспап домбыра арқылы білім алушылардың өнерге деген сүйіспеншілігі артады;

Ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына дарытып, оның жан дүниесін оятуда, өнерге деген ынтасын арттыруда қазақтың киелі домбырасының атқаратын орны ерекше.

Қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімі мен сана-сезімінен нәр алып, киелі рухани үрдістен жаралған дәстүрлі өнеріміздің ішіндегі күрделі ойлы, тоқсан толғаулысы — күй өнері. Ұлттық мәдениеттің ең құнарлы арнасының бірі болып саналатын күй өнері сан ғасыр бойы небір біртуар дарын иелерінің өміршең туындылармен толыса дамып, құйма-құлақ күйшілер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келеді.

Күй — музыкалық ойлаудың құралы, музыкалық фольклор — ол адам әлемінің оның руханилығының, көркемдік сезімінің өрнегі. Күй тілі халықтың қажетті жетістіктері, ел мәдениетінің қабаттарын сақтаушы, халықтың психологиялық рухани тәжірибесі, музыканың озық үлгілерінің негізі, осы негіз әлемдік мәдениеттің жемісі. Біздің міндетіміз атадан қалған асыл мұраларымызды оқушылардың санасына сіңіре білу.

Бала тәрбиесі ең алдымен, аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен-жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасында осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің маңызы зор. Яғни, мұғалім мамандығының иелеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген.

Н. А. Добролюбовтың «Мұғалім өзіне шәкірттердің қаншалықты жоғары бағалап қарайтынын есінде сақтаса, оның балаларға тигізетін ықпалы соншалықты күшті болады, соншалықты оның мақтауы балаларды шаттандырады, оның әрбір ескертуі баланың жүрегіне терең орнығады. Демек барлық тәрбие жұмысы игілікті болады» — деп айтқанындай, баламен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақытына дейінгі кезеңде баламен тікелей қарым-қатынаста екенін, онымен ішкі сезімі байланысты болатынын бір сәт естен шығармағаны абзал. Сонда ғана ұстаз білікті, парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде едәуір табыстарға қол жеткізе алады.

Музыкалық тәрбиенің негізі мақсаты — оқушының ерекшеліктерін, мүмкіндіктерінескеріп, орындалатын репертуарды түрлендіріп отырып үйрету. Домбыра аспабын тартуды үйрете отырып, әрбір баланың бойында шығармашылық даралығын қалыптастыру, ол оқушының сенімін арттыру, баланың бойында жақсы бастаманың барына сеніммен қарай білу. Әр оқушының айтқан ойын, пікірін талдап, қолдау. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстай білу, мәдениетін қалыптастыру, этика негіздерін үйрету. Оқытушы әрқашанда оқушының бастамаларын қолдап, оның шығармашылығының дамуына бағыт-бағдар беріп отыруы қажет.

Алдымен оқытушы балалар қалай ойнайтынын, ол күйдің немесе шығарманың шығу тарихы жайында, қай бөлігімен көп жұмыс жасау қажеттігін айтып түсіндіруі қажет. Сонда ғана оқушыға күйді немесе шығарманы меңгеру жеңіл болады. Оқытушы күйдің немесе шығарманың мазмұнына, мінезіне, түрлі орындаушылық әдіс-тәсілдеріне қарай, оң және

сол қолды қалай пайдалану керектігін түсіндіріп, көрсету қажет. Үй жұмысына берілген тапсырманы оқушы дұрыс үйреніп келді ме, жоқ па, орындау әдістерін көрсете ала ма, осыларға бақылау жасауы қажет.

Болашақ домбырашы неғұрлым кәсіби орындаушылардың орындауындағы ұнтаспаларды көбірек тыңдаса, музыкалық әдеби кітаптарды көп оқитын болса, жалпы күүді немесе шығарманы түсінүүі жоғары деңгейде болады.

Музыка сауаты — музыканың көңіл күүін анықтауды, музыканың көркемдік құралдарын, қарапайым түрлерін ажыратуға үйретеді.

Оқытушының бірінші мақсаты күүдің мазмұнына, орындалу ерекшелігіне баса назар аудару. Оқушымен күүдің мазмұнын талдау.

Оқытушы оқушыға өз бетімен жұмыс істеуге көмектесуі қажет. Сабақ кезінде орындалатын музыканың мінезі, стилі, формасы, ырғақтық ерекшеліктері жайлы оқушыдан сұрау, оның шығармашылық белсенділігін дамытады. Жаңа үйренетін шығарманың бір бөлігін оқушыға өз бетімен талдауды тапсырудың маңызы өте зор. Ол оқушыға көрсетілген зор сенім.

Оқушының жалпы орындаушылық мүмкіндігін өсіруде оның есіне, есіне сақтау және музыкалық ырғақтан ауытқымау қабілетін барынша жетілдіру жағына аса көңіл бөлінуі қажет. Оқушының аспапта орындау шеберлігін арттырудың бірнеше жолдары бар.

Күүді немесе шығарманы алғаш үйреткенде, оқытушы басынан аяғына дейін өзі орындап беруі қажет. Мұның үлкен мәні бар. Алғашқы орындалу арқылы оқушы шығарманың жалпы мінездемесімен танысады, шығарма әуені оның музыкалық сезіміне әсер етеді.

Екіншіден, ол оқушымен сол шығарманы жәй екпінде талдау, шығарманың орындалуға қиын болатын бөлімдеріне көбірек тоқталып, оқушыға оның игеру жолдарын түсіндіру, музыкалық құрылысы, ырғағы, әуен ерекшелігін әңгімелеп таныстыру. Оқытушы оқушыға шығарманы түгел жатқа ойнатуды мақсат етіп қоймау қажет, оған оқушы біртіндеп дайындап, шығарманы бөлімдерге бөліп жаттауы керек. Шығарманы осылай басынан бастап соңына дейін жаттауға болады.

Орындаушының шеберлігін дамыту, ол сатылай, асықпай, бірте-бірте күрделі шығармаларға көшу, оны әсем дыбысымен, динамикалық белгілермен орындай отырып көрерменге жеткізе білу. Осы шеберлікке жету үшін, оқушы өз бетінше ізденіп, ойланып, көп дайындалуы қажет. Оқушының өз ойы, өзінің шығармашылық белсенділігі, өзіндік көзқарасы болмаса, ол нағыз орындаушы бола алмайды.

Оқытушы мұны әр уақытта ескеріп отыруы қажет. Оқушыға қайсы шығарманы болса да өз сана сезімімен, өзінің музыкалық дағдыландыру, мұғалімнің негізгі принциптерінің бірі болып саналады. Әрбір сабақта күүді үйренуде орындалу элементтерінің бір бөлігін ғана игеру тән болып табылады. Содықтан, оқушы көптеген тапсырманы бірдей қамти алмайтын болғандықтан, педагог бірнеше ойнау тәсілдерін бірдей үйретпеуі тиіс. Сонымен қатар, жаңа тапсырмаларды мұғалім ноталық сауаттылық деңгейінде жеткізе білуі керек.

Алғаш аспаппен танысқан оқушыға мұғалім түсінікті тілмен қазақтың халық аспаптарының шығу тарихын айтып қана қоймай, сонымен қатар күйлер мен фортепиано сүйемелдеуіндегі шығармалар және алғаш құрылған Құрманғазы мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің орындауындағы бірнеше күйлер мен шығармаларды күйтабақтан тыңдатқаны жөн.

Орындаушының орнықты әрі ыңғайлы отыруы, қолдарын еркін қимылдатып, домбыраны дұрыс тартуына мүмкіндік береді. Сондықтан оқушы ең алдымен оң аяғын сол

тізесінің үстіне қойып, орындыққа тік, еркін отырып жаттығуы қажет. Мұндағы сол аяқтың тізеден бүгілуі дұрыс болуы керек. Әр оқушының орындығы өз бойына сәйкес болуы қажет. Домбыраны ұстағанда екі иық төмен немесе жоғары көтерілмей, бір деңгейде болғаны жөн.

Оқушы қағыстарға біраз жатыққаннан кейін сол қол саусақтарымен бірге қосып ойнауды үйренеді. Сол қол саусағы домбыра мойнының кіші тиек тұсынан пернеге тақап басылады. Ал перне басуға қатыспай, бос тұрған саусақтарды шашыратпай, домбыра мойнының астына жасырмай, қойылымдық қалпын сақтап ұстауы қажет. Пернеден пернеге (дыбыстан-дыбысқа) ауысарда сәл босатып, ішекті бойлай сырғыта жылжыту қажет. Қолдың әрлі-берлі қозғалысы кезінде иық, шынтақ буындарын жоғары немесе төмен көтермей, білезік буынын бүкпей, алақанды домбыра мойнына тигізбей ұстағаны жөн. Перне басатын саусақтар, қағыстар сияқты өз алдына аранайы таңбамен белгіленеді. Халықтық орындаушылық дәстүрлердегі қағыстар тәрізді пернелердің «қашаған перне», «түркімен перне», «Сейтек перне», «Адай перне» сияқты тағы басқадай өз атаулары бар.

Кезінде халық арасынан шыққан күйді орындаушылар күйді бірінен-бірі тыңдап, есте сақтау арқылы үйреніп, дәстүрлі мұра ретінде меңгерген. Шәкірттің есте сақтау, тез ұғу қабілеттерін дамытып, орындаушылық шеберлігін жетілдіруде мұның өзіндік мәні болғаны белгілі.

Төкпе күй үйрену кезінде домбыра мойнындағы буын, сағаларды біртіндеп меңгеруге жаттығулар, этюдтер, күйлер беру қажет. Шертпе күйлерді меңгергенде шертпе қағыстары мен дәстүрлік сол қол саусақтарын қолдану ерекшеліктерді сақтау керек.

Домбыраның құлағын туралау, аралық әуендерді орындау болашақта оқушының өз бетінше аспапты баптауына мүмкіндік береді. Тіпті мектептен тыс жерлерде немесе сахнада өнер көрсеткен кезде бұл оқушының аспапты өз бетінше баптай алатындығын дәлелдейді және бұл оның шығармашылық қадамы мен бастамасына жол ашады.

Концерттік қойылымдар оқушының шығармашылық ынта-жігерін дамыта отырып, оның өз жұмысына, ойындарына шығармашылық тұрғыдан қадам жасауына ықпал етеді. Мұндай жұмыстар оқушының болашақта талантты музыкант, өнерлі өнерпаз болуы үшін өте маңызды.

Домбырашы мұғалімінің бірден-бір масаты — болашақ орындаушы-музыкантты көп ұлтты музыка рухында тәрбиелеп, баулу. Ол үшін оқытушы музыкалық-эстетикалық сезімін жетілдіре түсуі қажет. Жас музыканттарды аса көрнекті композиторлардың творчасы ретінде оқыту, үйрету қазіргі кездегі әрбір домбырашы мұғалімнің маңызды міндетті болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Базарбаева Ж. – Музыкалық орындаушылық шеберлік негіздері. – Алматы: Өнер, 2012.
2. Мұхамеджанова С. – Музыка педагогикасы. – Алматы: Рауан, 2016.
3. Абдрахманова Н. – Орындаушылық қабілетті дамыту әдістемесі, 2019.
4. Кенжеғұлова А. – Музыка пәнін оқытуда креативті әдістерді қолдану жолдары. – Астана: Фолиант, 2021.
5. Қазақ ұлттық өнер университеті. – Орындаушылық өнер: әдістемелік нұсқаулықтар. – Нұр-Сұлтан, 2020.
6. Жұмағұлова Г. – Домбыра аспабында оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2017.

ТЕОРЕТИКО - МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ДЕТСКОЙ ШКОЛЕ ИСКУССТВ НА ПРИМЕРЕ УСПЕШНОГО ФОРМИРОВАНИЯ ОРКЕСТРА РУССКИХ НАРОДНЫХ ИНСТРУМЕНТОВ

Аңдатпа. Баяндамада балалар өнер мектебіндегі үздіксіз білім берудің теориялық-әдістемелік негіздері орыс халық аспаптары оркестрінің қызметі мысалында қарастырылады. Ұжымдық орындаушылықтың көркемдік тәрбиедегі маңызы ашылып, оның оқушылардың шығармашылық қабілетін, тәртібін және ұжымшылдық сезімін дамытудағы рөлі көрсетіледі. Автордың тәжірибесі оркестрлік жұмыстың музыкалық мәдениетті қалыптастыру мен халықтық орындаушылық дәстүрлерінің сабақтастығын сақтаудағы тиімділігін дәлелдейді.

Түйінді сөздер: ұжымдық музыка орындау, орыс халық аспаптары оркестрі, музыкалық білім, қосымша білім беру, балалар өнер мектебі, ансамбль, аспаптау, оқушыларды ынталандыру, оқу репертуары, пәнаралық өзара байланыс, шығармашылық тәрбие, концерттік тәжірибе, оқытуды дараландыру, музыкалық педагогика, халық музыкасы.

Аннотация. В докладе рассматриваются теоретико-методологические основы непрерывного образования в детской школе искусств на примере деятельности оркестра русских народных инструментов. Раскрывается значение коллективного музицирования как важной формы художественного воспитания, способствующей развитию творческих способностей, дисциплины и чувства коллективизма у учащихся. Опыт автора демонстрирует эффективность оркестровой работы в формировании музыкальной культуры и преемственности традиций народного исполнительства.

Ключевые слова: коллективное музицирование, оркестр русских народных инструментов, музыкальное образование, дополнительное образование, детская школа искусств, ансамбль, инструментовка, мотивация учащихся, учебный репертуар, межпредметное взаимодействие, творческое воспитание, концертная практика, индивидуализация обучения, музыкальная педагогика, народная музыка.

Как известно, мировая музыкальная культура формировалась тысячелетиями. И её продолжение в современных условиях уникально и многогранно, которое будет вечно удивлять и восхищать благодарного слушателя. Коллективное творчество является самой доступной и демократичной формой исполнения, которое формировалось разными народами, со своей неповторимой самобытностью. И естественно, в современной музыкальной педагогике предмет «коллективное музицирование» представлен на всех ступенях обучения. Хор, ансамбль, оркестр являются неотъемлемой частью воспитания музыканта: как любителя, так и профессионала. Оркестр русских народных инструментов, один из ярких примеров многогранной музыкальной палитры нашей страны. Общепринятые подходы в формировании оркестра известны каждому руководителю и не претендуют на новаторство. В совокупности и гибкости их применения достигается

положительный перспективный эффект обучения и воспитания учащихся через коллективное музицирование.

Поддержание интереса через эффективное использование возможностей учебного плана.

Основополагающими условиями для создания коллектива являются, бесспорно, наличие материальной базы и исполнителей. Если с материальной базой все предельно ясно, или она есть или её нет, то наличие исполнителей полностью зависит от руководителя.

1. Поступление и обучение в ДШИ не являются обязательным условием для каждого ребенка, преподавателями ведется просветительная работа (в большей степени с родителями учащихся) по ознакомлению с поступательным обогащением содержания обучения до выпускного класса, а также последующие профориентационные возможности их детей.

Целенаправленная, разноплановая работа по набору учащихся в ДШИ дает свои положительные результаты, но надо признать, что контингент учащихся, поступающих на русские народные инструменты, значительно уменьшился. Эта ситуация знакома многим школам, как села, так и города.

В этих условиях важно донести до учащихся уникальность избранной специальности, её оригинальность и самобытность.

Задача руководителя развивать и поддерживать этот интерес на протяжении всего курса обучения в ДШИ, как к важнейшей части мировой музыкальной культуры: через знакомство с лучшими образцами коллективного исполнительства на русских народных инструментах, через историю их становления и культурно - музыкальную деятельность наших дней.

Комплектование оркестра в идеальной форме, где в оркестровых группах специалисты, в настоящее время затруднительно.

Предмет «коллективное музицирование» - обязательный для всех учащихся музыкального отделения ДШИ. Если убрать сложившиеся стереотипы, что в русском народной оркестре должны играть только «народники», пианисты должны петь в хоре, духовики должны играть в духовом оркестре, а домбристы - только в казахском оркестре, то опять же, через интерес и желание учащихся, появляется возможность к комплектованию коллектива из числа различных специальностей, а в данном случае, к постоянному пополнению существующего.

Репетиции на начальных этапах проводятся все сводными. Эта форма поддерживает интерес у учащихся к новой для них коллективной форме музицирования.

Самые простейшие упражнения, исполняемые всем оркестром, (унисон, простейший аккомпанемент на открытых струнах, исполнение трех — четырех нотных мелодий) не отторгают, а стимулируют к ожиданию учащимися следующих репетиций.

С переходом к изучению более сложного материала для учащихся, возможно и деление по оркестровым группам. Но, как правило, учащиеся приветствуют репетиции сводные, на которых усвоение более продуктивное.

Предусмотренный учебным планом «предмет по выбору», дает возможность к обучению учащихся на дополнительном инструменте, необходимом в оркестре. Даже ознакомительное освоение другого инструмента приветствуется родителями учащихся.

Приветствуется родителями и участие детей в нескольких школьных коллективах. Но очень важно соизмерять загруженность детей с их возрастными особенностями и учебной нагрузкой в общеобразовательной школе.

Взаимодействие.

С обретением независимости Республики Казахстан, большое развитие получило исполнительство на казахских народных инструментах, начиная, собственно, от подготовки специалистов, до желания родителей учащихся обучения игре на них. Как мы знаем из истории исполнительства, о родственности домры, домбры, шертера и т. д., было бы очень опрометчиво, не воспользоваться этим обстоятельством в формировании и пополнении оркестра. Некоторое сходство в приемах звукоизвлечения, одинакового квартного строя, устройства, при небольшой корректировке через «предмет по выбору», дает учащемуся возможность играть в оркестре русских народных инструментов. В то же время, существующий оркестр казахских народных инструментов не может добиться полноценного звучания без исполнителей на баяне, домре-бас, домре малой и других инструментах. Аналогичный подход к привлечению в оркестр используется и к учащимся других специальностей.

Используя возможности ДШИ, где помимо музыкального отделения существует хореографическое и художественное, широко используется творческая форма взаимодействия учащихся и преподавателей: оркестровый аккомпанемент хореографическим миниатюрам, озвучивание художественных выставок, совместное изготовление несложных фольклорных музыкальных инструментов и многое другое.

Методические объединения школы в своей работе уделяют внимание следующим компонентам поддержания интереса у учащихся к народному исполнительству:

1. Использование народной музыки в учебном материале по сольфеджио.
2. Использование песенного фольклорного материала в младших классах отделения хореографии на уроках музыкальной грамоты.
3. Знакомство с мировыми образцами народного исполнительства на уроках музыкальной литературы с применением современных цифровых технологий.
4. Иллюстрация народной музыки в исполнении преподавателей школы, как сольного, так и коллективного.

Репертуар.

I. Самым важным условием для поддержания интереса и желания учащихся в музицировании, является подбор исполняемого репертуара. Специфика учебного процесса исключает возможность стабильного коллектива (всегда будут выпускники и начинающие). Самое целесообразное и логичное решение — это параллельная работа с младшим и старшим звеном, что и делается на самом начальном этапе очередного учебного года. После усвоения первоначальных навыков, предлагается исполнение сводным оркестром несложных произведений, нацеленных на младшее звено. В то же время, для старшего звена предлагаются произведения, соответствующие их возможностям. Таким образом, мы получаем как полноценное звучание оркестра, пусть несложного произведения, так и ансамбля, но исполняющего более сложный концертный репертуар.

Ансамбль из числа оркестрантов является:

- во-первых, постоянным мобильным концертным коллективом;
- во-вторых, примером для подражания для начинающих;
- в-третьих, сама игра в ансамбле поддерживает интерес у старшего звена.

В современных условиях, наряду с классическими подходами к работе с оркестром, необходимы экспериментальные:

1. Репертуар с использованием не только классических, но и оригинальных образцов.

2. Создание различных ансамблей малых форм в разных сочетаниях.

Как пример: ансамблевое исполнение с казахскими народными инструментами, исполнение эстрадного репертуара с введением в состав соответствующих инструментов, самостоятельное исполнение произведений оркестровыми группами (баянный, балалаечный, домбровый ансамбли).

II. Особую роль в репертуарном плане коллектива играют авторские инструментовки. С большим интересом исполняются произведения, изучаемые оркестрантами на уроках специальности, которые входят в необходимый, популярный или обязательный репертуар всех учащихся музыкально отделения.

Например: П.И.Чайковский «Детский альбом», Курмангазы «Аксак киик», Усенов «Балдыргандар бии», Р.Бажалин «Карамельный аукцион», Д.Леннон «Ues torday», русская народная песня «Ноченька», И.С.Бах «Скерцо», Д.Кабалевский, обработка произведения «Маленькая полька», А.Бабаджанян «Ноктюрн», Ч.Маньянте «Буги» и др.

Практика последних лет показала интерес учащихся к исполнению оркестровых произведений на своем инструменте, мелодий на уроках сольфеджио, прослушиванию произведений в оригинале или в исполнении других коллективов и солистов. Репертуар оркестра ДШИ на 90% состоит из авторских переложений и инструментовок. Это очень удобная и гибкая форма поддержания оркестра (и на его базе ансамблей), в концертной готовности.

Однако, работа по инструментовке требует от руководителя (и как правило, инструментовщика) постоянного поддержания и повышения профессионализма этого вида творческой деятельности, т.к. необходимо умение инструментовки как в классической форме, так и под конкретный состав ансамбля или оркестра.

Оркестр — единая команда.

Не менее важным фактором стабильности являются коллективные формы досуга. На протяжении многих лет работы с оркестром, наряду с необходимыми организационными условиями жизнедеятельности, сложились определенные традиции, характеризующие оркестр, как крепкий коллектив.

Это «посвящение» в исполнители, торжественный выпуск по окончании обеих школ, т.к. после окончания ДШИ, практически все оркестранты посещают репетиции до 11 класса. Создание и вручение видеофильмов с собственным исполнением. Практическая помощь друг другу в усвоении партий по группам, школьная и учебная поддержка, взаимовыручка и многое другое.

В оркестре сменилось поколение исполнителей, и дети вчерашних оркестрантов играют в коллективе под строгую оценку своих родителей. В оркестре понятие бывший оркестрант отсутствует.

Воспитание исполнителя на начальном этапе в ДШИ является самой важной ступенью в становлении профессионального музыканта. Избранное на первых порах увлечение, через интерес и осмысление, приводит вчерашних школьников в соответствующие профессиональные учебные заведения. И одно из главных условий — совместными усилиями через современную, стройную, сбалансированную учебную вертикаль «школа — ВУЗ — школа», придать новый импульс возможности и интересу занятиями исполнительства на русских народных инструментах.

Все вышеизложенные практические подходы к жизнедеятельности оркестра русских народных инструментов являются конкретными к конкретному коллективу в конкретной школе, и могут быть спорными, но, по убеждению автора, необходимыми в современных условиях.

Список использованных источников

1. Назарова, Л. Н. (2012). Оркестр народных инструментов в системе дополнительного образования детей. Вестник музыкального образования, №4, 56–62.
2. Смирнова, Т. В. (2019). Оркестровое исполнительство как форма музыкально-педагогической деятельности в детской школе искусств. Педагогика искусства, №2, 33–39.
3. Чепуров, В. Н. (2020). Оркестр народных инструментов как средство формирования музыкальной культуры учащихся. Вестник художественного образования, №1, 25–31.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

***Аңдатпа.** Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің басым бағыты болып табылатын бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық дағдыларын дамытуда интеграцияланған тапсырмаларды қолдану бойынша мектеп тәжірибесі ұсынылған. Интеграцияланған тапсырмаларды тиімді құрастыру ерекшеліктері және оларды сабақта пайдалану тиімділігі қарастырылып, ұсыныстар берілді. Функционалдық сауаттылық дағдыларын дамытудағы интеграцияланған тапсырмалардың рөлі, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, анықталған жағдайларға байланысты қорытындылар пысықталды.*

***Түйінді сөздер:** интеграцияланған тапсырмалар, функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы, дағды, сабақ, оқу мақсаты.*

***Аннотация.** В данной статье представлен школьный опыт по применению интегрированных заданий в развитии навыков функциональной грамотности у учащихся начальных классов, являющихся приоритетным направлением системы образования Республики Казахстан. Рассмотрены особенности эффективного составления интегрированных заданий и их эффективности использования на уроке, даны рекомендации. Роль интегрированных заданий в развитии навыков функциональной грамотности, повышения интереса учащихся к занятиям, отражены выводы, связанные с выявленными обстоятельствами.*

***Ключевые слова:** интегрированные задания, функциональная грамотность, навыки, урок, цель.*

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту және табысты өмір сүруге дайындаудағы интеграцияланған тапсырмаларды шешудің ықпал ететіндігін көрсетуге бағытталған. Баяндаманың негізгі басымдықтары: математикалық және оқу сауаттылығының тапсырмаларын тиімді қолдану жолдарын ұсыну; практикалық жолмен шешуде оның мықты тұстары мен тиімділігімен бөлісумен қатар оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау арқылы логикалық ойлау, мәтіннің мазмұны мен элементтерін сыни тұрғыдан бағалай білу дағдыларын бағалау болып табылады. [1-13 бет].

Заманауи ақпараттық қоғамда функционалдық сауаттылық әрбір тұлғаның қоғамға сәтті бейімделуі мен дамуының негізіне айналды. Интернет және басқа ақпарат құралдарында қолжетімді ақпарат көлемінің өсуіне байланысты ақпараттың сенімділігі мен маңыздылығын анықтау қиындай түсуде. Функционалдық сауаттылық әртүрлі ақпарат көздерімен танысуды, түсінуді және талдауды, фактілерді пікірлерден ажыратуды және әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауды қамтамасыз етеді. Оған мысал ретінде «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы Білім алушылардың

эртүрлі өмірлік жағдайларда (оқу сауаттылығы) білім, білік және дағдыларын қолдану қабілетін қалыптастыру. Тілдік оқу бағдар ламаларында берілген білім алушылардың алған білімдері мен дағдыларын күнделікті өмірде эртүрлі мәселелерді шешуде қолдана білуде негізгі мақсатқа жету үшін оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту маңызды. Осыған байланысты ҮОБ-дағы оқу мақсаттарында пәндік (академиялық) және функционалдық (эртүрлі өмірлік жағдайларда қолдану, шығармашылық пайымдау, мәселені шешудегі сыни көзқарас және т.б.) құрамдас бөліктерін ажырату маңызды, мысалы, академиялық компоненті басым оқу мақсаты 2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу оқушының шынайы ортада сөйлеу мәдениетін сақтап, кез келген тақырыпта диалогке түсумен қатар сұрақтар эзірлеу, оған жауап беруге үйретеді. [2-15 бет]

Функционалдық сауаттылықтың бір бағыты математикалық сауаттылық болып табылады. Бұл білім алушының ма тематикалық ойлау, тұжырымдау, қолдану және эртүрлі практикалық бағыт тағы тапсырмаларды шешу үшін математикалық білімін қолдану қабілеті. Ма тематикалық сауаттылық құбылыстарды сипаттау, түсіндіру және болжау үшін математикалық ұғымдарды, фактілер мен құралдарды қолдануды көздейді. Бұл математиканың әлемдегі рөлін түсінуге, негізі бар пікірлер айтуға, белсенді шешімдер қабылдауға көмектеседі. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен танымдық қызығушылықтарын дамытатын эртүрлі математикалық материалдармен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушылардың пән бойынша білімін бекіту мен тереңдету, практикалық дағдыларын қалыптастырумен қатар олардың түрлі иллюстрациялармен жұмыс жасауын көздейді. [3-25 бет].

Оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭБДҰ) өткізетін халықаралық зерттеу PISA нәтижесі көрсетеді. PISA нәтижелері елдердің білім беру жүйелерінің артықшылықтары мен әлсіз тұстарын анықтауға көмектеседі. Соңғы нәтижелер бойынша Қазақстан PISA қатысушы елдер арасында орташа деңгейден төмен позицияда орналасқан [4-3 бет].

Көрсетілген сандық ақпараттар білім беру жүйесінде PISA-ға дайындау үшін оқушыларға мәтінмен жұмыс, тілдік құрылымды терең меңгеруге, математикалық ойлау, тұжырымдау, қолдану және эртүрлі практикалық бағыттағы тапсырмаларды шешу дағдылары қажет екенін дәлелдейді. Функционалдық сауаттылықты дамытуда бастауыш сынып қабырғасынан бастап оқу және математикалық сауаттылық тапсырмаларын орындау маңызды роль атқарады.

Әдістеме

Бастауыш сыныпта оқытылатын пәндердің мазмұны арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында тіл және математика пәндерінің мазмұны бойынша бағалау құралдарының бірі кіріктірілген тапсырмаларды орындау оқушылардың сыни ойлау, логикалық қорытынды жасау, түсініп оқу, түрлі дереккөздердегі ақпаратты талдау, тұжырым жасау т.б сияқты дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Мектебімізде жыл бойы мұғалімдер кіріктірілген тапсырмаларды құрастырып, сабақ аясында қолдану арқылы оның тиімділігіне қол жеткізіп келеді.

Интеграцияланған тапсырмалар білім алушылардың пәндік және функционалдық құзыреттерін қалыптастыруға, сондай-ақ олардың алгоритмдік ойлауын дамытуға көмектеседі. Мұндай тапсырмалар зерттелетін мәселені біртұтас қабылдауға және кез-келген контекст тұрығысынан мәселені қарастыруға бағытталады. Ерекшелігі-эртүрлі ғылымдардан, эртүрлі оқу пәндерінен, тақырыптардан, мәселелерден алынған білім мен дағдылардың үйлесімі. Интеграцияланған тапсырмалар құрылымына қойылатын талаптар:

1. Оқу материалының анықтығы, қолжетімділігі, дұрыс құрылымдалуы. 2. Оқу тапсырмаларының пәндік оқу бағдарламалар бөлімдерімен логикалық байланыстылығы. Интеграцияланған тапсырмалар білім алушының жеке, реттеуші (өзін-өзі реттеу әрекеттерін қоса алғанда), танымдық және коммуникативті дағдыларын қалыптастырып дамытуға бағытталған. Интеграцияланған тапсырмаларды орындау білім алушылардан ақпаратпен жұмыс істеу, логикалық әрекеттерді орындау, сөйлеу сөздерін құруды т.б талап етеді. Мұндай тапсырмаларды құру мынадай құрылымдардан тұрады:

-пән бойына оқу бағдарламаларына сай оқу мақсаттарына шолу жасау(тіл және математика,жаратылыстану)

-оқу мақсаттарын айқындау

-оқу мақсатына сәйкес сабақ мақсаттарын тұжырымдау

-мәтін құрастыру (жеке,кез келген дереккөздерден алынған)

-тапсырмалардың түрлерін таңдау(жабық және ашық типті)

-сұрақты тұжырымдау

-тапсырма жауаптарын нақтылау

Интеграцияланған тапсырмалардың тиімділігіне көз жеткізу үшін төмендегідей мысалдарды қарастырайық.

4 -ші сыныпқа арналаған **математика** пәнінің оқу бағдарламасындағы 4.1.3.6 10 000, 20 000 тг купюраларды және түрлі мемлекеттің валюталарын (рубль, евро, доллар) ажырату және түрліше төлем жасау **әдебиеттік оқу** пәнінің оқу бағдарламасындағы 4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу оқу мақсаттары бойынша «Фастфуд» туралы жағдаяттық тапсырмасы мәтін түрінде беріледі. Сабақ мақсаты: мәтіндегі негізгі ойды тауып, деректерге мысал келтіріп дәлелдейді, өнімдерге байланысты түрліше төлем жасаудың жолдарын қарастырады(1- сурет. фастфуд өнімдері). Олар түсініп оқу арқылы мәтінмен танысып, талдайды.

Фастфуд деген не?

Сөзбе-сөз аударғанда «жылдам дайындалатын ас» деген мағынаны білдіреді. Көшедегі шаурма, хот-дог, бургер тәрізді азыққа қоса, чипсы сияқты ұсақ-түйек тағамдар да фастфуд өніміне жатады. Осындай өнімдерге әр бала шамамен күніне 100-500-ге дейін ақша жұмсайды. Жалпы орташа есеппен әрбір адамға күніне құрамы 1500 калорийден аспайтын фастфуд ұсынылады. Ал ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесі бұл тағамдардың құрамы 11-13 мен 14-17 жас аралығындағы жасөспірімдердің 1700-ден 2900 калорийді құрап, денсаулыққа айтарлықтай зиян келтіретінін дәлелдеген. Фастфуд сататын дүкендердің әдемі жарнамалары көздің жауын алып, адамның тәбетін ашады. Әсіресе, балаларды мұндай тамақтарға үйретпеген жөн. Мамандардың айтуынша, фастфудпен тамақтануға мүлдем болмайды. Олардың құрамында түрлі май мен консервант көп, ал витамин мүлдем жоқ. Фастфудты көп тұтыну психологиялық және химиялық жағынан тәуелділікке әкелуі мүмкін. Себебі, аталған өнімге оның дәмін күшейтетін арнайы дәмдеуіштер қосылады екен. Сол себепті тұтынушыларды өзіне тартады. Фастфуд өніміне үйір жандар асқазан жарасы, созылмалы гастрит, өттің толуы, ұйқы безінің қабынуы, жүрек –қан тамырлары аурулары, семіздік, қан қысымы, сусамыр ауруларына шалдығуы мүмкін. Сондықтан кез келген көшеде даярланатын тағамдарды таңдап, талғап жеген дұрыс. «Ауру-астан» деген мақалды дана халқымыз бекер айтпаған болу керек.



1 -сурет.Фастфуд өнімдері

Тапсырма түрлері: жабық және ашық типте аралас, ал жауаптары тест тапсырмалары болғандықтан бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар түрінде беріледі. (Дистракторлар бар, яғни дұрыс жауапқа ұқсас, бірақ дұрыс емес болып табылады) Не себепті адамдар тез дайындалатын тағамдарды тұтынады? «Ауру – астан» мақалының мағынасын түсіндіріңіз, сұрақтары аясында берілген мәтінді түсініп оқу арқылы оқушылардың дәлелді деректерге негізделе отырып, бірнеше ақпарат арасындағы байланысты тауып, фастфудты адамдар неліктен тұтынуға қызығатынына өзіндік шешімдер шығарып, алған білімін күнделікті өмірде қолдануға әрі тапсырмаларды қызыға орындайды. Осылайша түрлі мәтіндердегі берілген ақпараттармен жұмыс жасауда қорытынды шығарып түсіндіреді. Сонымен бірге мақсатқа сай валюталық операциямен түрліше төлем жасауға есеп ұсынылады. Бірінші бала үш гамбургер сатып алып 300 тг төледі, екінші бала бір гамбургер мен екі порция фри сатып алып, 200 тг төледі, үшінші бала екі тілім пицца мен бір порция фри сатып алып, 90 тг төледі. Ал төртінші бала бір гамбургер, бір порция фри және бір тілім пицца сатып алды. Сұрақ: төртінші бала қанша тг төледі? Бір чизбургердің, екі шаурманың және үш гамбургердің мөлшері 2290 ккал құрайды. Төрт чизбургердің, екі жаңа шаурманың және үш гамбургердің мөлшері 3205 ккал құрайды. Бір шаурманың калория мөлшері бір чизбургердің калориясынан екі есе көп. Бір гамбургердің калория мөлшері қандай? тапсырмасы оқушыда оқу дағдысы жақсы қалыптасқан жағдайда шынайы жағдайларға жақын тапсырманы модельдеп, жүйелі ойлау операциялары арқылы шешеді. Шыққан нәтижені негіздеп, делелдемелер ұсынады.

Практикада қолдану

Жоғарыдағы мысалға негізделе отырып, интеграцияланған тапсырмалар оқушылардың тек академиялық біліммен ғана шектелмей, пән шеңберінен тыс түрлі контексте білімдерін пайдаланып, функционалдық сауаттылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мектебімізде бастауыш сыныптар ғана болғандықтан параллель сыныптарға беретін әріптестермен бірлесе отырып, тапсырмаларды үнемі құрастырып, оны тәжірибеде қолданып келеді. Мектебімізде тренер, шебер педагогтердің ұйымдастыруымен шеберлік сыныптар, семинар сабақтар өткізіліп, нәтижесінде функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған интеграцияланған тапсырмалар жинақталды. Ұсынылған тапсырмалар мазмұны, оқушыларды қызықтырып, оқуға деген мотивациясын арттыруға көмектесті. Олар мәтіндерді жай оқып қана қоймай, оларды талдап, бөліктерге бөліп, әр бөліктердегі ақпаратты байланыстыра отырып, математикалық мазмұнда берілген тапсырмаларды орындады. Мұндай тапсырмалар пәндер арасындағы байланысты орнатып, оқушының әлемді біртұтас етіп қабылдауға үлкен септігін тигізеді. Мысалы,

4-ші сыныптың қазақ тілі пән оқу бағдарламасындағы «Табиғаттың таңғажайып құбылыстары» тақырыбында 4.2.4.1 - мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау, математика пәніндегі 4.1.1.5 пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін түсіну және жаратылыстану пәнінде «Жануарлар» бөлімінде «Симбиоз деген не?» тақырыбына 4.2.2.4 симбиоздық қарым-қатынасқа мысал келтіру Осы оқу мақсаттарына қол жеткізуде мәтіндегі тақырып пен мазмұнның сәйкестігін анықтап, негізгі ойды тұжырымдау, пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екеніне есептеулер жүргізу, табиғатта жануарлар арасындағы симбиоздық қарым-қатынастың бар екендігіне мысалдар келтіру дағдыларын дамытылады.

Табиғат сыры

Имаш жан дүниесі, іс-әрекеті арқылы математиканы пайдалана отырып, табиғатты аялалаудың қыр-сырын түсінуді қалайды. Олардың жолдары алуан түрлі екендігіне түрлі тапсырмаларды орындау арқылы көз жеткізеді. Табиғатта көптеген өсімдіктердің гүлдері туралы ақпаратты қолданып, уақытты анықтауды, сонымен бірге құмырсқалардың табиғатты қорғауда әкелетін пайдасының мөлшерін тауып үйренуге болатынын дәлелдегісі келеді. Мысалы, итмұрын гүлі таңғы 4-5-те ашылып, кешкі 7-8-де жабылады, ал өгейшөп гүлі ертеңгі 9-10-да ашылып, кешкі 5-6-да жабылады. Ал тұңғық гүлі таңертең 6-7-де ашылып, кешкі 6-7-де гүлін жабады екен. Өсімдіктер әлемі үшін көптеген жәндіктер

тарапынан да едәуір пайда тиеді. Құмырсақа -этология, экология және физиология тұрғысынан ең эволюциялық дамыған жәндіктер тұқымдасы. Олардың отбасылары еңбек бөлінісі және дамыған байланыс және өзін-өзі ұйымдастыру жүйелері бар күрделі әлеуметтік топтар болып табылады, бұл адамдарға бір адамның қолынан келмейтін тапсырмаларды үйлестіруге мүмкіндік береді. Құмырсақалар Антарктида мен кейбір шалғай аралдарды қоспағанда, бүкіл әлемде таралған. Имаш еңбекқор тіршілік иесі құмырсақаның пайдасын анықтау үшін мынадай қызықты есеп ұсынады. Құмырсақа илеуі бар аймақтың ағашында 13037 зиянды және 2061 пайдалы жәндіктер болады. Бір илеудің құмырсақалары бір аптада 51120 жәндіктерді жойған. Оның ішінде зиянды жәндіктердің 99,7 пайызын, пайдалы жәндіктердің 0,07 пайызын, айтарлықтай мағынасы жоқ жәндіктерді құмырсақа жойған деген есептерді де шығартып, өзіміз күнделікті көріп жүрген құмырсақаның ерекше пайдасын айтады.

01. Имаштың негізгі мақсаты қандай?

- a. Табиғат арқылы есептеуді үйрету
- b. Құмырсақалардың пайдасын жеткізу
- c. Есептеу арқылы табиғатты аялау**
- d. Ақпаратпен жұмыс жасау

02. Мәтінде қандай екі түр арасындағы қарым-қатынастың (симбиоз-«бірге өмір сүру») сипатына мысал келтіргенін тап.

- a. Имаш пен математика
- b. Имаш пен табиғат
- c. Құмырсақа мен ағаш**
- d. Құмырсақа мен жәндіктер

03. Гүлдердің ашылу мен жабылу уақытының аралығын өсу ретімен тұрғанын белгіле.

- a. тұңғиық, өгейшөп, итмұрын
- b. өгейшөп, тұңғиық, итмұрын**
- c. итмұрын, өгейшөп, тұңғиық
- d. итмұрын, тұңғиық, өгейшөп

04. Бір аптада құмырсақа қанша мағынасы жоқ жәндіктерді жойғанын есептеңіз.

- a. 38776
- b. 2977
- c. 7303
- d. 41143**

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. PISA-2022 ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН НӘТИЖЕЛЕРІ -13 бет
2. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы,15 бет
3. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы,3-15 бет
4. «PISA-2022 зерттеуіндегі Қазақстан нәтижелері» ұлттық есебі – Астана: Қазақстан «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ, 2024 ж 3 бет
5. Тыңдаушыға арналған нұсқаулық,
6. Тыңдаушыға арналған нұсқаулық.pdf бастауыш.pdf .3 бет

7. 6. Теоретические основы реализации интегрированного подхода в начальной школе. 5 бет

Алматы қаласы Білім басқармасының «143 сөйлеу және тірек-қозғалыс аппаратының функциялары бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі арнайы ұйымы» КММ

БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА «НУМИКОН» ҚҰРАЛЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

***Аңдатпа.** Бұл баяндамада мектепке дейінгі және бастауыш жастағы балалардың ойлау қабілетін, логикалық және математикалық түсініктерін дамытуда «Нумикон» құралын қолданудың тиімділігі қарастырылады. «Нумикон» – балалардың сандық қатынастарды көру, сезіну және түсіну дағдыларын қалыптастыратын визуалды-тәжірибелік оқу құралы. Зерттеу барысында құралды жүйелі қолдану балалардың зейінін, есте сақтауын, талдау және салыстыру қабілеттерін жетілдіретіні анықталды. Бұл әдіс инклюзивті білім беру жағдайында да оң нәтижелер береді.*

***Түйінді сөздер:** ойлау қабілеті, логикалық ойлау, «Нумикон», математикалық даму, мектепке дейінгі білім, инклюзия.*

***Аннотация.** В данном докладе рассматривается эффективность использования пособия «Нумикон» в развитии мыслительных, логических и математических способностей детей дошкольного и младшего школьного возраста. «Нумикон» — это визуально-практическое учебное средство, формирующее у детей навыки видения, восприятия и понимания количественных отношений. В ходе исследования установлено, что систематическое использование данного инструмента способствует развитию внимания, памяти, аналитических и сравнительных способностей детей. Этот метод также показывает положительные результаты в условиях инклюзивного образования.*

***Ключевые слова:** мышление, логическое мышление, «Нумикон», математическое развитие, дошкольное образование, инклюзия.*

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде баланың ойлау қабілетін ерте жастан дамыту маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Әсіресе логикалық және математикалық ойлауды қалыптастыруда жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдардың рөлі зор. Осындай тиімді құралдардың бірі – «Нумикон». Нумикон деген не?

«Нумикон» (Numicon) – Ұлыбританияда жасалған, математикалық ұғымдарды көзбен көру және қолмен сезіну арқылы үйретуге арналған арнайы оқу-әдістемелік құрал. Әр пішін белгілі бір санға сәйкес келеді және бала сол санды көру, ұстау, санау арқылы меңгереді. Бұл тәсіл негізінде Даун синдромы бар балалармен жұмыс істеуде ең тиімді әдістердің бірі ретінде танылды. Алайда бүгінде ол математикада қиындық көретін барлық балалар үшін де кеңінен қолданылып келеді.

«Нумикон» жүйесі – инклюзивті білім берудің бір бөлігі ғана емес, ең жас оқушыларға математиканы түсінудің тиімді жолы болып табылады.

Әдістеменің өзінен бөлек, «Нумикон» деп белгілі бір түспен боялған және белгілі бір мөлшерде тесігі бар жазық пластиналар жиынтығын да атайды. Мұндай модель балаларға сандардың өзара байланысын және айырмашылығын түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, екі төртті біріктірсен – сегіз саны шығады дегенді көрнекі түрде түсінеді.

Нумикон ойынды еске салады, сондықтан ол баланың қызығушылығын дәстүрлі оқу құралдарына қарағанда көбірек арттыра алады. Сонымен қатар оны басқа ойыншықтармен

немесе заттармен біріктіріп қолдануға болады. Бұл тәсіл баланы оқыту процесіне белсендірек қатыстыруға мүмкіндік береді.

Құралдың негізгі мақсаты:

- Балалардың сандық түсінігін қалыптастыру;
- Салыстыру, топтастыру, сәйкестендіру дағдыларын дамыту;
- Ойлау, есте сақтау, назар аудару қабілеттерін жетілдіру;
- Көрнекілік арқылы үйрету әдісін жүзеге асыру.

Зерттеу мен тәжірибе көрсеткендей, «Нумиконның» тиімділігі балалар сандарды тек есте сақтап қана қоймай, көреді және сезінеді, күрделі математикалық ұғымдарды оңай қабылдайды; ойын арқылы логикалық байланыстарды орнатады; инклюзивті сыныптағы балалар үшін қолжетімді орта қалыптастырады.

«Нумикон» құралымен қалай жұмыс жасаймыз?

1) Таныстыру кезеңі

Бұл кезеңде балалар «Нумикон» пішіндерімен алғаш рет танысады. Олар пішіндерді түстеріне қарай ажыратады, қолына ұстап көреді, саусақтарына киіп ойнайды, суға салып сачокпен ұстап алады, сюжеттік ойындарға пайдаланады. Мұның бәрі балалардың пішіндерді жиі көруі мен қолымен сезінуі арқылы олардың сыртқы түрін және пішінін есте сақтауына мүмкіндік береді.

2) Құрастыру кезеңі

Бұл кезеңде бала пішіндерді өлшемі бойынша салыстыруды, бірізділікпен орналастыруды үйренеді. Мақсаты – әрбір келесі сан алдыңғысынан бір «баспалдаққа», яғни бір «тесігіне» (бірлікке) артық екенін көрсету.

3) Сан үйрету кезеңі

Бұл кезеңде әр пішіннің сандық атауы енгізіледі. Педагог пішіндерден «баспалдақ» жасап, оларды көрсетіп, атап шығады: «Бір, екі, үш...» деп. Осылайша, пішін мен цифра арасындағы сәйкестік орнатылады. Балалар біртіндеп әр пішіннің қандай санға сәйкес келетінін есте сақтайды. Бұл тәсіл арқылы балалар цифрлармен танысады.

4) Қосу және азайту кезеңі

«Нумикон» әдістемесі бойынша қосу әрекеті өте көрнекі түрде жүзеге асады. Балаға екі пішінді біріктіріп көру ұсынылады: «Қарашы, олар қандай пішінге ұқсап қалды?» — деп. Нәтижесін тексеру үшін бала болжанған пішінді алып, үстіне қояды. Егер пішін толық жабылса — жауап дұрыс деген сөз. Осы кезеңде «қосу», «азайту», «тең» деген сөздер енгізіледі. Балалар пішіндерді пайдаланып қарапайым арифметикалық амалдар орындауды және нәтижесін цифрлармен жазуды үйренеді. Мысалы, 5 санының «Нумикон» тақтасы 5 ұяшықтан тұрады, оны 3 және 2 тақташасын біріктіріп алуға болады. Бұл арқылы бала құрастыру, бөліктер мен бүтін арасындағы байланысты түсінеді.

Баланы ойынға тарту үшін «Нумиконды» қолданудың көптеген тәсілдері бар. Әдісті таңдау баланың жас ерекшелігі мен қызығушылығына байланысты. Әдетте бұл құрал баланың математикадағы ең қарапайым ұғымдарды түсінуіне көмектеседі: сан мөлшері, айырмашылық, қосу. Ал көбейту мен бөлу сынды күрделі амалдарға келгенде, «Нумикон» онша тиімді болмауы мүмкін.

Көбінесе «Нумиконды» баланың қызығушылығын арттыратын басқа заттармен бірге қолданады.

Мысалы, пластиналардағы тесіктерге салуға болатын шағын доптармен ойнауға болады — бала оларды тесіктерге орналастырып, кейін санауды үйренеді.

Ата-аналар сондай-ақ түрлі түсті қағаздар немесе түсті қарындаштар арқылы қағаздағы тесіктерді бояп, осылайша ойынды әртараптандыра алады.

Кейде «Нумикон» жиынтығында арнайы тұғырлар (панельдер) болады, онда барлық пішіндерді орналастыруға болады.

Бұл тұғырларға элементтерді қосып немесе алып тастау арқылы қосудың және азайтудың мәнін түсіндіруге өте ыңғайлы.

Мұндай тәсіл құрастыру ойынын еске салады, сондықтан пішіндермен жұмыс істеуді ұнататын балаларға ерекше қызықты болады. Кей жағдайларда «Нумиконды» құммен, пластилинмен, сумен немесе кішкентай дорбалармен біріктіріп қолданады.

Мысалы, бала дорбаның ішіндегі пішінді қолымен ұстап көріп, тесіктердің санын сезу арқылы қай сан екенін табуға тырысады.

Яғни, мұнда бастысы — қиял мен зерттеу арқылы үйрету.

Белгілі тәсілдермен шектелмей, ойынды өзіңізбен бірге ойлап табуға болады — бұл баланың қызығушылығын арттырады. «Нумиконды» қағазға жазылған цифрлармен немесе нөмірленген текшелермен біріктіріп қолдануға да болады. Бұл тәсіл баланың тесіктер саны мен цифра бейнесінің арасындағы байланысты түсінуіне көмектеседі. Тіпті қосымша ойыншықтарсыз да «Нумикон» балалар үшін пайдалы бола алады. Бастапқы кезеңде ойынға айналдырмай-ақ, баланы бірнеше минутқа пішіндермен еркін ойнауға рұқсат етіңіз. Педагог немесе ата-ана баланың әрекеттерін мұқият бақылай отырып, оның өз бетінше ең қызықты тәсілді табуына мүмкіндік береді.

«Нумикон» әдістемесімен жұмыс істеген мұғалімдердің шамамен 91%-ы бұл тәсілдің оқытуда оң әсер беретінін атап өткен. Ал олардың үштен бірі әдістемені өте тиімді деп бағалайды. Бұл – баланың математиканы жай жаттап алу емес, шын мәнінде түсінуіне көмектесетін тамаша әдіс.

Нумикон баланың қиялын дамытады, зерттеу мен тәжірибе жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ математикалық ұғымдарды көру арқылы түсінуге жағдай жасайды.

Дәл ғылымдардағы басты қиындықтардың бірі – олардың абстрактілігі, яғни нақты бейне арқылы елестету қиындығы.

Мысалы, балаларға неге $2+2=4$, ал 22 емес екенін түсіну оңай емес, өйткені олардың сан мөлшері туралы түсінігі әлі толық қалыптаспаған.

Дәл осыны «Нумикон» арқылы өте оңай әрі көрнекі түрде түсіндіруге болады.

Қорытындылай келе, «Нумикон» құралын жүйелі пайдалану балалардың ойлау, талдау, салыстыру, логикалық операциялар жасау қабілеттерін арттырады. Бұл әдіс оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Демек, «Нумикон» — заманауи білім беруде баланың когнитивті дамуын қолдайтын инновациялық құрал. Осылайша, «Нумикон» балалардың математикалық түсініктерін тереңдетуге ықпал етіп, түрлі оқыту формаларын қамтамасыз етеді және тек математикалық дағдыларды ғана емес, сонымен бірге шығармашылық, графикалық және тілдік қабілеттерін де дамытады.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. <https://mathema.me/ru/blog/metodika-numikona/> .
2. Білім берудегі инновациялық технологиялар. – Алматы, 2023.
3. Numicon Teaching Guide. – Oxford University Press, 2020.
4. Назарбаев Зияткерлік мектептері Педагогикалық шеберлік орталығы материалдары.
5. Методика «нумикон» как средство развития математических навыков у детей с задержкой психического развития, Яцкевич, Н.С, Лемехова, В.К.
6. Oxford University Press. Numicon: Teaching Resource Handbook. — Oxford, 2020.

7. Numicon: The multi-sensory approach to mathematics learning. — Oxford University Press, 2021.

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

***Аңдатпа.** Мақалада үздіксіз білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылады. Үздіксіз білім беру – тұлғаның өмір бойы білім алуына, кәсіби және рухани дамуына мүмкіндік беретін жүйе ретінде сипатталады. Зерттеуде гуманистік, тұлғалық-бағдарлы және құзыреттілік тәсілдердің рөлі айқындалып, олардың білім беру сапасын арттырудағы маңызы көрсетіледі. Қазақ тілі пәнін үздіксіз білім беру контекстінде оқыту ерекшеліктері мен мұғалімнің кәсіби дамуы мәселелері талданады. Сонымен қатар, заманауи цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі мен lifelong learning тұжырымдамасының өзектілігі айқындалады.*

***Түйінді сөздер:** үздіксіз білім беру, құзыреттілік тәсіл, тұлғалық-бағдарлы оқыту, қазақ тілі, кәсіби даму.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются теоретические и методологические основы непрерывного образования. Непрерывное образование определяется как система, обеспечивающая возможность личности обучаться и развиваться на протяжении всей жизни. Анализируются гуманистический, личностно-ориентированный и компетентностный подходы, раскрывается их роль в повышении качества образования. Особое внимание уделяется преподаванию казахского языка в контексте непрерывного обучения и профессиональному росту педагога. Отмечается значимость использования цифровых технологий и актуальность концепции lifelong learning в современном образовательном процессе.*

***Ключевые слова:** непрерывное образование, компетентностный подход, личностно-ориентированное обучение, казахский язык, профессиональное развитие.*

Кіріспе

Қазіргі заманда қоғамның қарқынды дамуы, ғылым мен технологияның үздіксіз жетілуі білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Бүгінгі білім берудің басты мақсаты – жеке тұлғаның жан-жақты дамуы мен өмір бойы білім алуға қабілетті болуын қамтамасыз ету. Осы тұрғыда үздіксіз білім беру тұжырымдамасы ерекше мәнге ие. Үздіксіз білім беру – тұлғаның өмір бойы білім алу, білік пен дағдыларды жетілдіру процесі болып табылады [1]. Бұл ұғым ХХ ғасырдың екінші жартысында педагогикалық ғылымның маңызды бағыттарының бірі ретінде қалыптасып, бүгінгі таңда білім саясатының негізгі қағидатына айналды.

1. Үздіксіз білім берудің теориялық негіздері

Үздіксіз білім беру теориясы тұлғаның барлық өмірлік кезеңдерін қамтитын, жүйелі әрі сатылы білім алу процесін көздейді. Оның негізінде гуманистік педагогика, тұлғалық-бағдарлы және құзыреттілік тәсілдер жатыр [2]. Педагогикалық әдебиеттерде үздіксіз білім беру ұғымы үш негізгі бағытта қарастырылады:

1. білімнің сабақтастығы – білім алу сатылары арасындағы логикалық және мазмұндық байланыс;
2. өмір бойы оқу (lifelong learning) – тұлғаның кәсіби және жеке дамуын үздіксіз қамтамасыз ету;

3. өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру – адамның танымдық белсенділігі мен рухани қажеттілігін арттыру [4]. ЮНЕСКО құжаттарында үздіксіз білім берудің басты қағидалары ретінде тең мүмкіндік, қолжетімділік, икемділік және сапа атап өтіледі [4].

2. Үздіксіз білім берудің әдіснамалық негіздері

Әдіснама тұрғысынан үздіксіз білім беру бірнеше қағидатқа сүйенеді: жүйелілік пен сабақтастық, тұлғалық-бағдарлы тәсіл, құзыреттілікке бағытталу, интеграция және бейімделу. Бұл бағыттар білім мазмұнын жаңартуда және оқыту технологияларын жетілдіруде маңызды рөл атқарады [2; 3].

3. Қазақ тілі пәні контекстінде үздіксіз білім беру

Қазақ тілі пәнін оқыту – ұлттық сана мен мәдениетті сақтаудың негізгі тетігі. Үздіксіз білім беру тұрғысынан алғанда, қазақ тілін меңгеру мектепке дейінгі кезеңнен бастап жоғары оқу орнына және кәсіби өмірге дейін жалғасады. Қазіргі кезеңде қазақ тілін оқытуда цифрлық технологияларды, онлайн платформаларды пайдалану тиімді нәтиже береді [3].

4. Мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуы

Үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды бөлігі – педагогтің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру. Мұғалімнің біліктілігін арттыру курстары, вебинарлар мен онлайн конференциялар кәсіби өсуге жағдай жасайды [2]. Бұл үрдіс үздіксіз білім берудің қағидаттарына толық сәйкес келеді.

Қорытынды

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесі білім алушылардың дербестігін, шығармашылық ойлау қабілетін және сыни көзқарасын дамытуға бағытталуда. Білім берудің дәстүрлі үлгісі заманауи талаптарға сай икемделіп, цифрлық орта мен инновациялық технологиялар арқылы жаңа сипатқа ие болды. Әсіресе, аралас (blended learning) және онлайн оқыту формаларының дамуы білімді қолжетімді әрі икемді етуде маңызды рөл атқарып отыр. Мұндай форматтар білім алушыға өз қарқынымен жұмыс істеуге, дербес траектория бойынша дамуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, үздіксіз білім беру қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына да әсер етеді. Еңбек нарығының жылдам өзгеруі мамандардан үнемі жаңа құзыреттер мен дағдыларды меңгеруді талап етеді. Осы орайда кәсіби қайта даярлау, қысқа мерзімді онлайн курстар мен микрооқыту (microlearning) платформалары ерекше маңызға ие болуда. Мұндай тәжірибе өмір бойы оқу мәдениетін қалыптастырады.

Демек, үздіксіз білім беру қазіргі білім жүйесін жаңартудың және адам капиталының сапасын арттырудың стратегиялық тетігі болып табылады.

Үздіксіз білім беру – ХХІ ғасырдың білім беру саясатының негізгі тұғыры. Ол тұлғаның танымдық, кәсіби және рухани дамуын қамтамасыз етеді. Қазақ тілі пәнін оқыту осы жүйенің маңызды бөлігі ретінде ұлттық және мәдени құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Сондықтан үздіксіз білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздерін меңгеру заманауи мұғалімнің басты міндеті болып табылады [1; 3].

Қазіргі заманда білім беру жүйесінің басты ұстанымы – білім алушының тек дайын білімді қабылдаушы емес, өз бетімен ізденетін, талдайтын және өмірлік тәжірибеде қолдана алатын тұлға ретінде қалыптасуы. Бұл тұрғыда үздіксіз білім беру адамның әлеуметтік бейімделуін, ақпараттық мәдениетін және кәсіби икемділігін дамытудың тиімді құралы болып табылады. ХХІ ғасырдың жаһандану жағдайында білім беру экономикалық, мәдени және технологиялық өзгерістермен тығыз байланыста дамуда. Сол себепті білім беру процесіне жаңа мазмұн мен әдістемелік бағыт енгізу – уақыт талабы.

Үздіксіз білім берудің маңызды бағыттарының бірі – **цифрлық педагогика**. Цифрлық технологиялар дәстүрлі оқыту әдістерін түрлендіріп, білім алушыларға кең

ауқымды ақпарат көздеріне еркін қол жеткізуге мүмкіндік береді. Онлайн курстар, қашықтан оқыту платформалары (Moodle, Coursera, Daryn.online және т.б.), мобильді қосымшалар мен электронды кітапханалар қазіргі заман мұғалімі мен оқушысының басты ресурсына айналды. Мұндай құралдар оқытудың икемділігін арттырып, білім сапасын бақылауды автоматтандыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, жасанды интеллект негізіндегі оқыту жүйелері білім алушылардың жетістіктерін талдап, жеке оқу траекториясын ұсыну мүмкіндігін беруде.

Бұған қоса, үздіксіз білім берудің табысты жүзеге асуы қоғамдағы **оқу мәдениетінің** қалыптасуына да байланысты. Әрбір азамат өз кәсібін жетілдіру мен өмірлік дағдыларды дамыту қажеттілігін сезінуі тиіс. Бұл тұрғыда мемлекет пен білім беру ұйымдарының міндеті – білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету, оқыту бағдарламаларын икемді және бейімделгіш ету. Мысалы, жұмыс істейтін ересектерге арналған кешкі курстар, онлайн семинарлар және қашықтан кәсіби қайта даярлау бағдарламалары үздіксіз білім алуға нақты мүмкіндік туғызады.

Халықаралық тәжірибеге көз жүгіртсек, көптеген дамыған елдерде «lifelong learning» тұжырымдамасы мемлекеттік саясат деңгейінде жүзеге асырылып келеді. Мысалы, Финляндия, Жапония және Оңтүстік Корея елдерінде әрбір азаматтың кәсіби және тұлғалық дамуы ұлттық білім стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады. Бұл елдерде мектептен бастап ересектерге дейін білім алу мен дағдыны үздіксіз жетілдіру мәдениеті қалыптасқан. Қазақстанда да бұл бағытта жүйелі қадамдар жасалуда: «Білім туралы» заңда өмір бойы оқу қағидаты бекітіліп, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында білім беру саласына инновациялық технологиялар кеңінен енгізілуде [1].

Қазақ тілі пәнін үздіксіз білім беру жүйесінде оқыту ұлттық мәдениетті сақтаумен қатар, жаңа формациядағы тілдік тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Тілді үйрену – тек грамматикалық білім алу емес, ол — коммуникативтік құзыреттілікті дамыту, өз ойын еркін және сауатты жеткізе білу мәдениетін қалыптастыру. Бұл тұрғыда мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен үздіксіз дамуы ерекше мәнге ие [2; 3]. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті, заманауи әдістемелерді меңгеруі және цифрлық құралдарды тиімді пайдалануы оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу мотивациясын күшейтеді.

Сондай-ақ, педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы — білім сапасын арттырудың негізгі шарты. Бүгінде педагогтерге арналған қашықтан оқыту курстары, халықаралық тәжірибе алмасу бағдарламалары, педагогикалық шеберлік орталықтары мен ғылыми-әдістемелік семинарлар кең таралған. Мұндай мүмкіндіктер мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, олардың зерттеушілік мәдениетін де дамытады.

Қорытындылай келе, үздіксіз білім беру қазіргі қоғамның стратегиялық даму бағыты ретінде адам капиталын нығайтуға, ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыруға және инновациялық экономикаға бейімделуге ықпал етеді. Сондықтан бұл жүйенің теориялық және әдіснамалық негіздерін жан-жақты зерттеу мен тәжірибеге енгізу – білім беру саясатының басты міндеті болып қала береді.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2020.
2. Әбдіғалиева Г. Үздіксіз білім беру жүйесі: теория және практика. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
3. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2019.
4. UNESCO. Lifelong Learning for Sustainable Development. – Paris, 2021.

АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ В УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Аңдатпа. Мақалада үздіксіз білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылады. Үздіксіз білім беру – тұлғаның өмір бойы білім алуына, кәсіби және рухани дамуына мүмкіндік беретін жүйе ретінде сипатталады. Зерттеуде гуманистік, тұлғалық-бағдарлы және құзыреттілік тәсілдердің ролі айқындалып, олардың білім беру сапасын арттырудағы маңызы көрсетіледі. Қазақ тілі пәнін үздіксіз білім беру контекстінде оқыту ерекшеліктері мен мұғалімнің кәсіби дамуы мәселелері талданады. Сонымен қатар, заманауи цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі мен *lifelong learning* тұжырымдамасының өзектілігі айқындалады.

Түйінді сөздер: үздіксіз білім беру, құзыреттілік тәсіл, тұлғалық-бағдарлы оқыту, қазақ тілі, кәсіби даму.

Аннотация. Статья посвящена вопросам применения активных методов обучения при организации образовательной деятельности обучающихся с особыми образовательными потребностями.

Ключевые слова: дети с особыми образовательными потребностями, активные методы обучения.

Целью школьного образования является раскрытие и развитие потенциала ребенка, создание благоприятных условий для реализации его природных способностей, приобретение определенного набора знаний и умений. Именно такие задачи перед школой ставит государство, общество и семья

В быстро меняющемся мире образования, где информация становится все более доступной, а навыки адаптации и критического мышления ценятся превыше простой передачи знаний, на первый план выходят активные методы обучения. Они представляют собой педагогический подход, направленный на вовлечение учащихся в сам процесс познания, превращая их из пассивных слушателей в активных участников.

Важным аспектом активных методов является стимулирование критического мышления и самостоятельности учащихся. Они учатся задавать вопросы, искать ответы, оценивать информацию и отстаивать свою точку зрения. Такая практика не только способствует лучшему усвоению материала, но и формирует навыки, необходимые для успешной адаптации к меняющимся условиям современного мира.

Современное образование всё больше отказывается от роли учителя-лектора и переходит к модели «учителя-организатора детской деятельности».

Особенно это важно в коррекционной педагогике, где ребёнок с особыми образовательными потребностями познаёт мир не через абстракции, а через действие, движение, эмоции и игру.

Дети с особыми образовательными потребностями – это дети, состояние здоровья которых препятствует освоению образовательных программ вне специальных условий обучения и воспитания.

Главным приоритетом в работе с такими детьми является индивидуальный подход с учетом специфики психики и здоровья каждого ребенка. Особые образовательные потребности различаются у детей разных категорий, поскольку задаются спецификой нарушения психического развития и определяют особую логику построения учебного процесса, находят свое отражение в структуре и содержании образования.

Содержание психолого-педагогического сопровождения детей с ООП включает:

- Изменение учебного плана и учебных программ в виде адаптации общеобразовательных учебных программ или составления индивидуальных учебных планов и программ
- Изменение способов оценивания результатов обучения (достижений ученика)
- *Использование вариативных, специальных и альтернативных методов обучения.*
- Подбор учебников, учебных пособий, подготовка индивидуальных учебных материалов
- Выбор формы обучения
- Создание безбарьерной среды и адаптация места обучения для обеспечения физического доступа в организацию образования для детей с ООП.

Школьники с ООП не просто получают информацию, и это значит, что мы не должны ограничиваться сухими уроками и однообразными заданиями.

Напротив, именно **активные методы** открывают перед нами колоссальные возможности для развития, обучения и, конечно же, для радости познания каждого нашего ученика с ООП.

Активные методы обучения, в отличие от традиционных бесед, рассказов и монологов учителя, акцентируют внимание на взаимодействии, сотрудничестве и практическом применении знаний.

Это достигается за счёт использования разнообразных форм работы: дискуссии, дебаты, мозговые штурмы, ролевые игры, проектная деятельность, кейс-стади и многое другое.

Они учатся задавать вопросы, искать ответы, оценивать информацию и отстаивать свою точку зрения. Такая практика не только способствует лучшему усвоению материала, но и формирует навыки, необходимые для успешной адаптации к меняющимся условиям современного мира.

Именно активные методы открывают перед нами колоссальные возможности для развития, обучения и, конечно же, для радости познания каждого нашего ученика с ООП.

Эффективность активных методов обучения подтверждена многочисленными исследованиями. Они способствуют повышению мотивации к обучению, развитию коммуникативных навыков, улучшению запоминания материала и формированию более

глубокого понимания изучаемых концепций. Внедрение активных методов в образовательный процесс требует от преподавателя пересмотра своей роли: от простого передатчика знаний к фасилитатору, координатору и помощнику в процессе обучения.

В педагогической науке понятие «активные методы обучения» рассматривается многими исследователями и имеет различные трактовки, однако все они сходятся в одном – такие методы предполагают включение учащихся в активную познавательную деятельность, самостоятельный поиск решений и осмысленное усвоение знаний.

В педагогической науке и практике активные методы обучения зарекомендовали себя как эффективный инструмент повышения учебной мотивации, развития познавательной активности и формирования ключевых компетенций у младших школьников.

Схематически классификацию активных методов обучения младших школьников можно представить на рисунке 1.



Рисунок 1. Классификация активных методов обучения младших школьников

1. Почему «Активные методы»? - Основа современного педагогического подхода.

Современная педагогика, особенно коррекционная, отходит от пассивного восприятия информации. Мы стремимся к тому, чтобы ученик был субъектом образовательного процесса, а не объектом.

Активные методы — это не просто методы оживления урока. Это способ пробудить познавательный интерес, сформировать уверенность в себе, научить ребёнка думать и действовать.

- ✓ **Актуальность:** В условиях быстро меняющегося мира, дети должны учиться не только запоминать, но и **применять знания**, решать проблемы, сотрудничать. Активные методы развивают именно эти навыки.

- ✓ **Учебность:** Они не заменяют содержание, а делают его более доступным, понятным и запоминающимся. Ученик, который действует, пробует, ошибается и находит решение, усваивает материал глубже.
- ✓ **Креативность:** Активные методы стимулируют творческое мышление, помогают детям находить нестандартные решения.
- ✓ **Современность:** Мы используем подходы, которые соответствуют современным представлениям о развитии ребенка и принципах инклюзивного образования.
- ✓ **Педагогичность:** Эти методы направлены на целостное развитие личности, включая когнитивные, эмоциональные, социальные и двигательные компоненты.

Главное отличие активных методов заключается в смене позиции обучающегося: из объекта обучения он превращается в субъект, то есть становится активным участником учебного процесса. Учитель перестает быть только источником знаний, а выступает в роли организатора, наставника, консультанта.

Организация образовательного процесса, использующего активные методы обучения, опирается на ряд принципов, к числу которых можно отнести принципы индивидуализации, гибкости, сотрудничества.

Таким образом, активные методы обучения – это система педагогических приемов и способов, ориентированных на развитие самостоятельности, творческих способностей учащихся, обеспечивающих более глубокое и осмысленное усвоение знаний активными по сравнению с традиционными репродуктивными методами.

Чтобы заинтересовать учащихся, сделать обучение осознанным, необходимо использовать в работе нестандартные подходы, новые инновационные технологии, создавать индивидуальные программы развития.

Роль педагога при использовании активных методов обучения заключается в:

- организации взаимодействия учащихся между собой и с учебным материалом;
- создании мотивационных ситуаций;
- подборе методов, стимулирующих исследовательскую и творческую активность;
- поддержании атмосферы сотрудничества, взаимопомощи и доверия.

Наиболее приемлемыми методами в практической работе учителя с учащимися, имеющими особые образовательные потребности, считаются объяснительно-иллюстративный, репродуктивный, частично поисковый, коммуникативный, информационно-коммуникационный; методы контроля, самоконтроля и взаимоконтроля.

Для активизации деятельности учащихся с особыми образовательными потребностями можно использовать следующие активные приёмы обучения:

- Наглядные опоры в обучении:
- Выделение существенных признаков изучаемых явлений.
- Деление крупного материала на мелкие, связанные между собой части.

- Создание доброжелательной атмосферы на уроке.
- Авансирование успеха.
- Привлечение дополнительных ресурсов.
- Узелки на память (составление, запись и вывешивание на доску основных моментов изучения темы, выводов, которые нужно запомнить).
- Регулярная смена видов деятельности и форм работы на уроке.
- Использование картинного материала для смены вида деятельности в ходе занятия.
- Использование вставок на доску (буквы, слова) при выполнении задания, разгадывания кроссворда.
- Информационные компьютерные технологии.
- Использование здоровьесберегающих технологий обучения.
- Песочная терапия.
- Игротерапия.
- Изотерапия.
- Технологии компенсирующего обучения.

На основании выше сказанного можно выделить следующие методические рекомендации:

1. Индивидуализация учебного процесса.
2. Постепенное усложнение деятельности.
3. Игровая направленность обучения.
4. Создание ситуации успеха.
5. Использование наглядности и мультимедийных средств.
6. Развитие коммуникативных умений через групповую работу.
7. Рефлексия учебной деятельности.

1: «Урок-Путешествие»

Превратить урок в увлекательное приключение, где каждый этап – это шаг в неизведанный мир. Это отличный способ для тем «Познание мира», «Мир вокруг», а также для введения новых тем по русскому языку или математике.

Мир вокруг: Тема: «Путешествие в осенний лес» (для 2-3 класса).

Начало урока: «Волшебная коробка»: Вместо стандартного приветствия, я предлагаю детям открыть «волшебную коробку». В ней – листья разных деревьев, шишки, желуди, маленький игрушечный зайчик. Дети ощупывают, называют, что видят.

«Звуки леса»: Включаем аудиозапись звуков осеннего леса (шелест листьев, пение птиц, хруст веток). Дети закрывают глаза, угадывают звуки.

«Карта путешествия»: На доске – упрощенная, яркая карта леса с основными «станциями»: «Полянка грибов», «Дуб мудреца», «Птичья столовая», «Ручеек».

Основная часть (этапы путешествия):

«Полянка грибов»: Дети работают с муляжами грибов (съедобные/несъедобные).

Задача: разложить их правильно. Учитель задает вопросы: «Какой грибок большой?», «Какого цвета?», «Как он называется?».

«Дуб мудреца»: Работа с желудями. Учимся считать, сравнивать (больше/меньше). Можно использовать магнитные цифры и желуди.

«Птичья столовая»: Обсуждаем, чем питаются птицы осенью. Лепим из пластилина “угощения” для птиц (например, зернышки, ягоды).

«Ручеек»: Проговариваем, как ведут себя реки осенью (становится полноводнее). Можно использовать интерактивную доску или просто показать на картинке.

Итог урока:

«Фотоальбом нашего путешествия»: Дети рисуют свои впечатления от «леса» или клеят подготовленные картинки.

«Что мы узнали?»: Короткое обсуждение, что нового узнали, что понравилось.

Почему это активно? Дети не просто слушают, а видят, трогают, делают, отвечают, двигаются, фантазируют. Информация усваивается через личный опыт.

2: Урок “Живая Математика”

Превратить абстрактные цифры и задачи в конкретные, осязаемые объекты и действия.

Пример с урока:

Математика Тема: Число и цифра 5. Состав числа 5. (для 1-2 класса)

Начало урока:

- **«Пять пальчиков»:** Учитель и дети показывают 5 пальцев на одной руке. «Сколько пальчиков? Пять!»».

- **«Наши друзья – 5»:** Дети называют пять предметов, которые видят вокруг (например, 5 карандашей, 5 стульев, 5 окон и т.п).

Основная часть урока (Работа с составом числа):

- **«Волшебный мешочек»:** в мешочке 5 предметов (например, 3 красных кубика и 2 синих).

Задача: достать, посчитать, назвать. «Сколько всего кубиков? Пять. Сколько красных? Три. Сколько синих? Два. Значит, 5 – это 3 и 2.»

- **«Поезд из 5 вагонов»:** Строим «поезд» из 5 кубиков (вагонов). Теперь «отцепляем» 1 вагон. «Было 5, отцепили 1. Сколько осталось?». И так далее, прорабатывая все возможные варианты состава числа 5.

- **«Математическая мозаика»:** На столе – карточки с цифрами и предметными картинками (например, 2 яблока, 3 груши).

Задача: составить из них «5» ($2 + 3 = 5$).

«Задача-действие»: Учитель моделирует простую бытовую ситуацию: «У Маши было 5 конфет. Одну она съела. Сколько осталось?». Дети показывают руками или предметами.

«Магазин»: ученики играют роли продавцов и покупателей, считают деньги, «взвешивают» продукты. Это развивает навыки счёта и элементарной финансовой грамотности.

Почему это активно? Дети манипулируют предметами, выполняют действия, играют, что делает понимание математических понятий наглядным и осмысленным.

3. Для определения типа урока можно применять активные формы:

Можно на доску вывешивать определенные символы или знаки. Например: – узнаю новое, !-повторение, закрепление, 🤝 - контроль знаний.

- **«Необычный предмет»** (Метод Синектики – совмещение разнородных элементов).

Например, на уроке русского языка по теме «Слова антонимы» необычный предмет-весы. (будем? - сравнивать, подбирать ...)

- На уроке литературного чтения:

Фотоаппарат. Для чего? Хранение и память. Так и вам сегодня надо сохранить в памяти и запомнить. У всех учеников вызывает и удивление, и включение интереса.

- Можно раздать детям обложки книг и попросить ребят собрать книгу по обложке. Таким образом происходит:

1. Объединение в группу. 2. Прогноз темы урока. 3. Работу по стилю, содержанию и т.п.

На уроке математике «Часы».

Ученикам раздаются часы, но на них нет стрелок. Вначале ребятам надо догадаться, о чем будет тема урока

2. Поставить цели урока.

3. Повторить единицы измерения.

4. Чтобы часы заработали нам нужно заработать стрелки.

Для создания положительного эмоционального настроения:

1. «Давайте поздороваемся». Здраваться надо определенным образом: - 1 хлопок – здороваемся за руки; - 2 хлопка – здороваемся плечами; - 3 хлопка – здороваемся спинами. (Для полноты тактильных ощущений желательно ввести запрет на разговоры во время игры).

2. «Сәлем!»

- Сәлем! те, кто родился зимой!

- Сәлем! те, кто родился летом!
- Сәлем! те, кто родился весной!
- Сәлем! те, кто родился осенью!

3. «Поздороваемся улыбкой»

- Я улыбнулась вам, и вы улыбнитесь себе. Погладьте себя по голове. Пожмите соседу руку. Улыбнитесь друг другу.

4. «Здравствуй имя»

- Предлагаю сесть детям, в имени которых 4 буквы, 6 букв, 8 букв

5. «Пожелай мне буква ...»

(а- активно, актерски, авторски, аппетитно, анализировать, активировать; б - быстро, бодро, бешено, боязно; в- ветрено, воодушевленно, весело,)

6. «Поздороваемся пальчиками».

Соприкасаются пальчиками с соседом по парте и говорят:

- Желаю (большой)
- Успеха (указательный)
- Большого (средний)
- Во всём (безымянный)
- И везде (мизинец)
- Здравствуй! (вся ладошка)

4. Для соблюдения лечебно-педагогического режима используем активные игровые ФИЗ-КИ

Физкультминутка – это не просто зарядка. Это возможность сменить вид деятельности, снять напряжение, развить моторику и даже повторить учебный материал в игровой форме.

1. Упражнение «Рисунок на спине». (изо)
Показать картинку, и каждый участник должен пальчиком повторить, а другие угадать.

2. «Бросаемся слогами» (русский язык).

КО - мар, т, лонка, шка, леса, нспект, лонка, шелёк.

3. «Живой алфавит» (обучение грамоте): (при повторении букв дети показывают их телом или руками).

4. Ритмичная таблица умножения (математика)

Хлопок 2, 4, 6, 8

5. «Цифробойка»

В эту игру можно играть и на переменах.

6. «Строители» (на математике):

- Строим башню из 5 кирпичиков! (имитируем постройку, считая вслух)
- Нужен мост из 3+2 деталей! (показывают, как соединить, произнося $3+2=5$)
- Давайте сломаем башню! (имитируем, как что-то падает, проговаривая: «Было 5, упало 2, осталось 3»)

7. «Сказочная куклотерапия» (Чтение и развитие речи). Благодаря куклотерапии создается особая «терапевтическая» среда, стимулирующая развитие личности ребенка, а также укрепляется союз с педагогом.

«Сказочные Герои»: (развиваем речь и воображение).

- Давайте превратимся в Красную Шапочку и пойдем к бабушке... (имитируем ходьбу по тропинке, несем корзинку).
- А теперь мы – зайчики, которые боятся волка! (приседаем, ушки настороже).
- А теперь мы – смелые богатыри! (выпрямляем спины, сжимаем кулаки).

8. Эмоции в движении:

- Покажи, как ты радуешься, когда у тебя получается! (прыгают, улыбаются).
- А теперь покажи, как ты грустишь, если что-то не получается. (опускают голову, плечи).
- А теперь покажи, как ты злишься на непослушную букву! (сжимают кулаки, фыркают).

Такое чередование активности поддерживает интерес и снижает уровень утомляемости, особенно у детей с нарушениями внимания.

Физкультминутки должны быть **короткими** (1-3 минуты) и **регулярными** (каждые 10-15 минут урока). Учитывайте индивидуальные возможности детей.

Активные методы на рефлексии учебной деятельности.

На уроке чтения и развития речи. Литературное чтение.

«Кубик Блума»: Приемы смыслового чтения.

Одним из основных приёмов осмысления информации является постановка вопросов к тексту и поиск ответов на них.

1. Понадобиться обычный бумажный куб, буквы на гранях которого написано:

Назови.

Почему.

Объясни.

Предложи.

Придумай.

Поделись.

«Метод «Шесть шляп».

Итак, сейчас каждый из Вас «наденет» виртуальную шляпу и поразмышляет шестью разными способами.

1. Белая шляпа - статистическая (событие, факты). Только то, что говорит автор.

2. Жёлтая шляпа - позитивная (положительная оценка события). Всё хорошее, даже в отрицательном герое.

3. Чёрная шляпа - негативная (отрицательная оценка события, проблемы). Как можно помочь, что сделать, как поступить.

4. Зелёная шляпа - творческая (самые невероятные, необычные идеи). Представь, вообрази и тогда...

5. Красная шляпа - эмоциональная (чувства, которые вызывает у вас данное событие). Ваши ощущения, чувства, отношение.

6. Синяя шляпа - аналитическая (отвечает на вопрос: почему? зачем?). Обобщает всё услышанное от предыдущих участников.

«Поисковые задачи»

- «Найди на картинке все предметы круглой формы» (на уроке математики).

- «Найди на картинке все слова, которые начинаются на звук [М]» (на уроке русского языка).

- «Найди на картинке, кто спрятался от дождя» (на уроке мир вокруг).

«Логические цепочки»: (например, на уроке мир вокруг).

- «Что раньше: вылупилось яйцо или появилась птица?»

- «Что сначала: сажаем семечко или поливаем росток?»

- «Что сначала: утро или ночь?»

Учитель показывает картинки в неправильном порядке, дети должны их расставить.

«Создание своей истории/картины»:

- После изучения сказки, дети могут «нарисовать» свою иллюстрацию или «сочинить» продолжение, используя готовые картинки и слова.

На уроке русского языка: «Напиши (или выложи из букв) три предложения о зиме, используя слова: снег, мороз, дети».

«Звуковая рыбалка»

На уроке обучения грамоте предлагаю игру «Звуковая рыбалка»: дети «ловят» магнитом буквы, прикрепленные к рыбкам, и называют слова на этот звук. Таким образом тренируется фонематический слух, внимание и мелкая моторика.

«Элементы арт-терапии и сказкотерапии»

После чтения рассказов, сказок дети изображают героев с помощью фигур из пластилина. Каждый объясняет, какую роль он играет и почему она важна. Здесь ребёнок не просто лепит — он проживает сюжет, понимает смысл совместных действий.

«Современные технологии»

Использование интерактивной доски, обучающих мультфильмов, простых цифровых тренажёров (например, LearningApps, Kahoot, Wordwall) помогает сделать урок зрелищным и доступным. Главное — не перегрузить экраном, а использовать его для закрепления материала.

Например, после игры в «Магазин» — короткая викторина на экране: «Сколько стоит яблоко?», «Что мы купим за 100 тенге?»

На уроках мир вокруг, ручной труд, музыка, изо возможны такие активные методы для детей с ООП.

«Песочная терапия». Оживотворение абстрактных символов: букв, цифр, геометрических фигур, миниатюрных фигурок и природных материалов.

«Игротерапия». Для младших школьников с особыми образовательными потребностями используются игры с пуговицами, фасолью, со сливовыми косточками.

Игры с водой. Возня с водой, переливание ее особенно нравится детям, эти игры имеют и терапевтический эффект.

Игры с мыльными пузырями. Детям нравится наблюдать за кружением в воздухе мыльных пузырей.

Игры со льдом. Заранее приготовьте лед, выдавите вместе ребенком лед из формочки в мисочку: «Смотри, как водичка замерзла: стала холодная и твердая». Затем погрейте его в ладошках, она холодная, и тает. Зимой на прогулке можно обращать внимание ребенка на сосульки, лужи, снег, снежинки. Они будут в восторге от таких изменений в природе.

Не менее интересны и игры с крупами. Игры с красками: «Волшебная кисточка», «Цветная вода». Пальчиковые игры, жестовые игры, релаксационные упражнения.

Таким образом, учитель играет ключевую роль в применении активных методов обучения. От его педагогического мастерства, личного отношения и умения организовать творческую атмосферу зависит, станет ли ученик активным участником образовательного процесса.

Активные методы не заменяют учителя, а, напротив, усиливают его влияние: педагог становится руководителем самостоятельной познавательной деятельности учащихся, помогает им испытывать радость открытия и успеха.

Использование активных методов обучения в работе с младшими школьниками с особыми образовательными потребностями способствует успешной социализации, развитию уверенности, коммуникативных и личностных качеств учащихся.

Активные методы – это не дань моде, это педагогическая необходимость, которая помогает нам сделать обучение для наших особенных детей по-настоящему радостным, осмысленным и продуктивным.

Список использованной литературы

1. Скаткин М.Н., Лернер И.Я. Совершенствование процесса обучения / М.Н. Скаткин. – М.: УЦ Перспектива, 2007. – 154 с.
2. Активные методы обучения на уроках как фактор успешной реализации ФГОС // «Актуальные исследования». – 2023. – 26 (156).
3. Калбергенова Ш., Сансызбаева Б., Қошқарбаева Б. Активные методы обучения и их место в образовательном процессе // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Филологические науки. – 2020. – Том 1 № 1(71).
4. Мовкебаева З.А. Развитие специального и инклюзивного образования в мире: учебное пособие / З. А. Мовкебаева, Б. А. Дюсенбаева. - Алматы: Letton, 2021. – 168 с.
5. Мовкебаева З.А. Инклюзивное образование: учебное пособие / З.А. Мовкебаева, И.А. Денисова, И.А. Оралканова, Д.С. Жакупова. – Алматы, 2014. – 199 с.
6. Основы инклюзивного образования: учебное пособие / К.С. Тебенова [и др.]. – Алматы: Эверо, 2017. – 304 с.

МӘСЕЛЕ ЕСЕПТЕРДІ ПЛИТАЛЫҚ МОДЕЛЬ АРҚЫЛЫ ШЕШУ

***Аңдатпа.** Бұл баяндамада мәселе есептерді плиталық модель (bar model) арқылы шешудің әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Плиталық модельдің визуалды бейнелеу мүмкіндігі есептің шартын түсініп, шамалар арасындағы байланысты анықтауға көмектеседі. Автор бастауыш сынып оқушыларының логикалық, аналитикалық және кеңістіктік ойлауын дамытуда бұл тәсілдің тиімділігін дәлелдейді. Мақалада плиталық модельдің түрлері, қолдану кезеңдері, мұғалімнің рөлі, практикалық мысалдар және әдістемелік ұсыныстар ұсынылған. Зерттеу нәтижелері плиталық модельді қолдану оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруға, есепті талдауға, жоспарлауға және ойлау әрекетін жүйелеуге ықпал ететінін көрсетеді.*

***Түйінді сөздер:** плиталық модель, мәселе есеп, визуалды тәсіл, логикалық ойлау, бастауыш математика.*

***Аннотация.** В данном докладе рассматриваются методические особенности решения текстовых задач с использованием плиточной модели (bar model). Визуальное представление условий задачи с помощью схем способствует лучшему пониманию отношений между величинами. Автор демонстрирует эффективность данного подхода в развитии логического, аналитического и пространственного мышления учащихся начальных классов. В работе представлены виды плиточных моделей, этапы их применения, роль учителя, практические примеры и методические рекомендации. Результаты исследования показывают, что применение плиточной модели способствует повышению математической грамотности, развитию навыков анализа, планирования и системного мышления учащихся.*

***Ключевые слова:** плиточная модель, текстовая задача, визуальный подход, логическое мышление, начальная математика.*

Қазіргі заманда білім беру жүйесінің басты мақсаты - оқушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни алған білімін өмірде қолдана алу қабілетін дамыту. Бұл бағытта математиканың орны ерекше, себебі ол оқушылардың логикалық ойлауын, дәлелдеуге және талдауға бейімдеу арқылы кез келген жағдайды саналы түрде шешуге үйретеді. Бастауыш мектеп кезеңі - математикалық ойлаудың алғашқы негізі қаланатын маңызды саты. Осы кезеңде оқушылардың есеп шығару дағдысын қалыптастыру, мәселені түсініп, оны жүйелі түрде шешуге үйрету - мұғалімнің басты міндеттерінің бірі.

Алайда тәжірибе көрсеткендей, көптеген оқушылар мәселе есептерді түсінуде және шығару жолын анықтауда қиындықтарға тап болады. Бұл көбінесе есеп мәтінін талдаудың жеткіліксіздігі мен сандар арасындағы байланыстарды елестете алмаудан туындайды. Осындай жағдайда плиталық модель (bar model немесе tape diagram) оқушыларға есептің шартын визуалды түрде елестетуге, шамалар арасындағы байланысты айқын көруге мүмкіндік береді.

Плиталық модель - Сингапур математика әдістемесінің маңызды бөлігі. Бұл тәсіл арқылы оқушылар есепті тек формуламен емес, ойлау және көру арқылы шешуге дағдыланады. Көрнекі бейнелеу олардың есте сақтау қабілетін дамытып, күрделі есептердің құрылымын түсінуге көмектеседі.

Бүгінгі таңда Қазақстан мектептерінде білім беру мазмұнын жаңарту аясында визуалды модельдерге, соның ішінде плиталық модельге ерекше назар аударылуда. Бұл әдіс оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу процесін қызықты әрі түсінікті етеді.

Осы баяндамада мәселе есептерді плиталық модель арқылы шешудің әдістемелік негіздері, оның тиімділігі, қолдану жолдары және мысалдары қарастырылады.

Плиталық модель - есептегі шамалар арасындағы қатынасты тіктөртбұрыштар немесе жолақтар арқылы бейнелейтін визуалды тәсіл. Бұл модель алғаш рет Сингапур әдістемесінде кеңінен қолданылған. Әдістің негізгі мақсаты - абстрактілі сандарды көзбен көруге болатын нақты бейнеге айналдыру .

Плиталық модельдің ерекшеліктері:

- Есепті талдауға және шешу жолын түсінуге көмектеседі;
- Күрделі есептерді қарапайым кезеңдерге бөлуге мүмкіндік береді;
- Балалардың логикалық, аналитикалық және кеңістіктік ойлауын дамытады;
- Абстрактілі ұғымдарды нақты көрініс арқылы түсіндіреді. Сонымен қатар, плиталық модельдің тағы бір маңызды ерекшелігі -

оқушының өздігінен ойлау және қорытынды жасау қабілетін дамытуы. Дәстүрлі әдістерде оқушылар көбіне дайын формулаға сүйеніп есеп шығарады, ал плиталық модельде олар алдымен есептің мағынасын түсініп, сызба арқылы логикалық байланысты анықтайды. Бұл тәсіл оқушыларды механикалық есептеуден гөрі ойлау әрекетіне бағыттайды.

Плиталық модельдің тиімділігі:

- Есептің мәтіні мен шешімін өзара байланыстыруды жеңілдетеді;
- Оқушының есепке деген қызығушылығын арттырады, өйткені көрнекілік арқылы есеп ойын түрінде қабылданады;
- Мұғалімге оқушының ойлау процесін бақылауға мүмкіндік береді
- яғни сызбадан қателіктерді бірден анықтауға болады;
- Есепті талдау мен шешу кезеңдерінің логикалық бірізділігін қалыптастырады.

Сондай-ақ, бұл модель оқушылардың математикалық тілі мен символикалық жазбаны меңгеруіне негіз болады. Мысалы, жолақтардың ұзындығы мен саны арқылы теңдік, айырма немесе көбейту қатынастарының мәнін нақты түсінеді. Нәтижесінде бала формуланы жаттап алмай, оны өз ойымен құрастыра біледі.

Плиталық модельді үнемі қолдану оқушылардың:

- Есепті талдауға, жоспарлауға және дәлелдеуге үйретеді;
- Тапсырмаларды салыстыру, топтау, жалпылау сияқты ой операцияларын жетілдіреді;
- Математикалық сауаттылығын, логикалық ойлауын және өзіндік көзқарасын дамытады.

Плиталық модельдер есептің түріне байланысты бірнеше бағытта қолданылады:

1. Қосу және азайтуға арналған модельдер - шамалар арасындағы айырмашылықты немесе толық шаманы табуға қолданылады;
2. Көбейту және бөлуге арналған модельдер - тең бөліктер мен жалпы шаманы бейнелейді;
3. Бөлшектерге байланысты есептерде - бүтін мен оның бөліктерін визуалды көрсетуге мүмкіндік береді.

Плиталық модель арқылы мәселе есепті шешу кезеңдері

1. Есептің мәтінін оқу және түсіну;
2. Белгісіз және белгілі шамаларды анықтау;
3. Плиталық (жолақ) схема құрастыру;
4. Сызба негізінде теңдеу немесе амалдық қатынас құру;
5. Шешім шығару және жауапты тексеру.

Мысал:

1. Джерри бәліш пісіру үшін 1,25 кг ұн қолданды. Ол торт пісіруге бәлішке қарағанда 0,9 кг артық ұн жұмсады. Джерри бәліш пен тортқа жалпы қанша ұн пайдаланғанын табындар (сурет 1).

Шешуі:

$$1,25 + 0,9 = 2,15 \text{ (тортқа кеткен ұн)}$$

$$2,15 + 1,25 = 3,4$$

Жауабы:

Джерри барлығы 3,4 кг ұн пайдаланған.

2. Сэмми туған күн кешіне 9 құмыра лимонад дайындады. Әр құмырада 2,76 литр лимонад болды. Қонақтар 18,2 литр лимонад ішті. Кештен кейін қанша литр лимонад қалды? (сурет 2).

Шешуі:



$$2,76 \times 9 = 24,84$$

Сэмми барлығы 24,84 литр лимонад дайындады.

$$24,84 - 18,2 = 6,64$$

Жауабы:

Кештен кейін 6,64 литр лимонад қалды.




3. Сөздіктің массасы – 1,28 кг. Сөздіктің массасы ертегі кітабының массасынан екі есе артық. Энциклопедияның массасы ертегі кітабының массасынан 1,4 кг артық. Сұрақ: Энциклопедияның массасы қанша? (сурет 3).

Шешуі:

$$1,28 \div 2 = 0,64$$
$$0,64 + 1,4 = 2,04$$

Жауабы:

Энциклопедияның массасы 2,04 кг.



$$1.28 \div 2 = 0.64$$
$$0.64 + 1.4 = 2.04$$

The mass of the encyclopaedia is 2.04 kg.

Плиталық модельді қолданудың артықшылықтары

- Оқушы есептің шартын түсінбей жаттамай, ойлау арқылы шешеді;
- Сызбаны өз бетімен құру арқылы ізденімпаздық қабілеті артады;
- Есеп шығару процесі қызықты әрі шығармашылық сипат алады;
- Мұғалім үшін оқушылардың ойлау барысын бақылау жеңілдейді.

Плиталық модельді тиімді қолдануда мұғалімнің рөлі ерекше. Себебі бұл әдіс тек визуалды құрал емес, сонымен қатар оқушылардың ойлау мәдениетін, талдау және дәлелдеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тәсіл болып табылады. Мұғалімнің дұрыс бағыт-бағдары мен әдістемелік шеберлігі осы модельдің табысты қолданылуына тікелей әсер етеді.

Плиталық модельді тиімді пайдалану үшін мұғалім келесі қағидаларды ескеруі тиіс:

- Есеп мазмұнын өмірмен байланыстыруы қажет; яғни оқушыларға таныс, күнделікті өмірден алынған жағдайлар арқылы есептер құрастыру маңызды. Бұл тәсіл оқушының есепке деген қызығушылығын арттырады және білімді өмірде қолдануға үйретеді.
- Оқушыларға үлгі ретінде қарапайым мысалдардан бастап көрсетуі керек; алғашқы кезеңде мұғалім есептің шартын біртіндеп талдап, сызбаны бірге құру арқылы балаларды модельмен жұмыс істеуге дағдыландырады.
- Біртіндеп күрделі есептерге көшу арқылы оқушылардың дербестігін арттыруы тиіс; яғни оқушылар өз бетімен сызба салып, шешу жолын ұсынуға үйренуі керек. Бұл олардың сыни ойлау және жауапкершілік дағдыларын дамытады.

Сонымен қатар, мұғалім:

- Әр есепті талдау барысында негізгі сұрақтарды дұрыс қоюды үйретуі қажет («Нені білеміз?», «Нені табу керек?», «Қалай байланысты?»);

- Оқушылардың жасаған модельдерін талқылауға және салыстыруға мүмкіндік беруі тиіс;
- Топтық және жұптық жұмыс түрлерін ұйымдастырып, оқушылардың пікір алмасу және бір-бірінен үйрену дағдыларын қалыптастыруы керек;
- Әр оқушының ойлау ерекшелігін ескеріп, дифференциацияланған тапсырмалар ұсынғаны жөн;
- Сабақ соңында рефлексия жүргізіп, оқушылардың модель арқылы не түсінгенін, не үйренгенін талдату маңызды.

Плиталық модель - математикалық білім берудегі инновациялық әрі тиімді құрал. Ол оқушылардың есепті түсініп шығаруына, сызбалық және логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Бұл модель арқылы оқушылар тек - амалдарды орындап қана қоймай, есептің мәнін терең түсінуге, берілген және ізделінді шамалар арасындағы логикалық байланысты анықтауға үйренеді.

Плиталық модельді қолдану - оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырудың, ойлау әрекетін жүйелеудің, абстрактілі ұғымдарды нақтылау мен визуализациялаудың тиімді жолы. Мұндай тәсіл есепті шешу барысында баланың ойлау процесін нақты және көрнекі етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл модель оқушылардың:

- өз бетінше талдау жасау, салыстыру және қорытынды шығару қабілеттерін дамытады;
- сызбалық түрде ойлау дағдысын қалыптастырады;
- өмірлік жағдайларға байланысты есептерді түсініп, нақты әрекетке айналдыруға үйретеді;
- математикалық тіл мен символиканы саналы меңгеруіне жол ашады.

Плиталық модельді жүйелі түрде сабақ үрдісіне енгізу бастауыш буында математикалық білім берудің сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, сенімділігін және белсенділігін күшейтеді. Бұл тәсіл оқыту процесін тек есеп шығаруға емес, шығармашылық және зерттеушілік ойлауға бағыттайды.

Сондықтан мұғалімдерге плиталық модельді тек көмекші құрал ретінде емес, оқушылардың танымдық дамуын қамтамасыз ететін заманауи әдіс ретінде қарастыру ұсынылады.

Қорытындылай келе, плиталық модель білім берудің жаңартылған мазмұнына сай келетін, оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған, заманауи педагогика талаптарына толық сәйкес келетін тиімді әдістемелік инновация болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Singapore Math Method. Primary Mathematics. Marshall Cavendish Education, 2017.
2. Қалиева А., Бегалиева Г. Бастауыш сынып математикасын оқыту әдістемесі. Алматы, 2020.
3. Polya G. How to Solve It. Princeton University Press, 1957.

4. Ministry of Education Singapore. Bar Model Strategy in Mathematics Teaching. 2018.
5. Қазақ білім академиясы. Математика пәнін оқытудағы заманауи тәсілдер. 2021.

ФИЗИКА ПӘНІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ — ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ

***Аңдатпа.** Мақалада білім беруді жаңғырту жағдайында физика пәнінің білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. «Функционалдық сауаттылық» ұғымының мәні, құрылымы және оның халықаралық зерттеулер (PISA, OECD) негізіндегі негізгі компоненттері талданады. Автор физика пәнінің студенттердің аналитикалық, сыни және зерттеу қабілеттерін дамытудағы маңызын, сонымен қатар білімді өмірлік жағдайларда қолдану дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігін сипаттайды. Мақалада практикалық және жобалық оқыту, цифрлық технологияларды пайдалану және STEM/STEAM тәсілдерін енгізу мәселелері қамтылған. Қорытындыда физика пәні функционалдық сауаттылық пен XXI ғасырдың негізгі құзыреттерін дамытуда маңызды құрал екені анықталады.*

***Түйінді сөздер:** функционалдық сауаттылық, физика, жаратылыстану сауаттылығы, сыни ойлау, практикаға бағытталған оқыту, STEM, STEAM, цифрлық сауаттылық, жобалық қызмет, үздіксіз білім беру.*

***Аннотация.** В статье рассматривается роль физики в формировании функциональной грамотности обучающихся в условиях модернизации образования. Раскрывается сущность понятия «функциональная грамотность», её структура и основные компоненты в соответствии с международными исследованиями PISA и OECD. Автор анализирует значение физики в развитии аналитического, критического и исследовательского мышления студентов, а также в формировании навыков применения знаний в реальных жизненных ситуациях. Особое внимание уделяется практико-ориентированному и проектному обучению, использованию цифровых технологий и STEM/STEAM-подходов. Сделан вывод, что физика является эффективным инструментом развития функциональной грамотности и ключевых компетенций XXI века.*

***Ключевые слова:** функциональная грамотность, физика, жаратылыстану сауаттылығы, критическое мышление, практико-ориентированное обучение, STEM, STEAM, цифровая грамотность, проектная деятельность, непрерывное образование.*

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуіне және жаһандануға байланысты белсенді өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Осындай жағдайда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — яғни алған білімдері мен дағдыларын өмірлік және кәсіби жағдайларда қолдану қабілетін қалыптастыру — білім берудің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл мәселенің өзектілігі — сыни тұрғыдан ойлай алатын, жаңа жағдайларға бейімделе білетін және ақпараттық қоғамда тиімді әрекет ете алатын тұлғаларды даярлау қажеттілігімен анықталады.

Функционалдық сауаттылық бүгінгі таңда жай ғана оқу бағдарламасының бір бөлігі емес, үздіксіз білім берудің және тұлғаның табысты әлеуметтенуінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ол тек оқу, жазу және санаудың базалық дағдыларын ғана емес, сонымен қатар ақпаратты талдау, қорытынды жасау, білімді тәжірибеде қолдану, командада жұмыс істеу және цифрлық технологияларды пайдалану қабілеттерін қамтиды. Дәл осы құзыреттер XXI ғасырда кәсіби табыс пен тұлғалық дамудың негізін қалайды.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда жаратылыстану бағыты ерекше рөл атқарады. «Физика» пәні — іргелі ғылым ретінде — білім алушылардың аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін, модельдеу, бақылау және эксперимент жүргізу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Физикалық заңдар мен құбылыстарды оқу арқылы білім алушылар ғылым мен өмір арасындағы байланыстарды көруге, қоршаған әлемнің заңдылықтарын түсінуге және стандартты емес жағдайларда негізделген шешімдер қабылдауға үйренеді.

Осы мақаланың мақсаты — функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың теориялық негіздерін қарастыру және қазіргі білім беру талаптары контекстінде физиканың студенттердің негізгі құзыреттерін дамытудағы рөлін талдау. Зерттеу міндеттеріне мыналар жатады:

- «Функционалдық сауаттылық» ұғымының мазмұны мен құрылымын нақтылау;
- халықаралық зерттеулерге сәйкес функционалдық сауаттылықтың негізгі компоненттерін анықтау;
- студенттердің жаратылыстану сауаттылығын дамытудағы физиканың орнын айқындау;
- функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды үздіксіз білім берудің басты мақсаты ретінде негіздеу.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы білім беру саласында халықаралық зерттеулердің, әсіресе OECD және PISA бағдарламаларының арқасында кеңінен таралды. Бұл анықтамаға сәйкес, функционалдық сауаттылық — бұл адамның алған білімін, білігі мен дағдыларын нақты өмірлік жағдайларда — жеке, қоғамдық және кәсіби қызметте — тиімді қолдана білу қабілеті. Бұл тек қана фактілер мен алгоритмдерді білу емес, сонымен қатар оларды шешім қабылдауда, ақпаратты талдауда және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуде орынды пайдалана білу дағдысы.

Функционалдық сауаттылықтың құрылымы көпқырлы және кешенді болып келеді. Ол заманауи қоғамда жеке тұлғаның тиімді өмір сүруін қамтамасыз ететін когнитивтік, коммуникативтік және практикалық дағдылардың жиынтығын қамтиды. Дәстүрлі білім беруден айырмашылығы — функционалдық сауаттылық ақпарат көлеміне емес, оны саналы әрі тиімді қолдануға бағытталған.

Халықаралық зерттеулер функционалдық сауаттылықтың бірнеше негізгі құрамдас бөліктерін айқындайды:

- Оқу сауаттылығы — әртүрлі типтегі мәтіндерді түсіну, талдау, сын тұрғысынан бағалау және алынған ақпаратты өмірлік міндеттерді шешуде қолдана білу қабілеті.
- Математикалық сауаттылық — сандық ақпаратты талдау, практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін математикалық білімді қолдану дағдысы.
- Жаратылыстану сауаттылығы — қоршаған орта құбылыстарын түсіну, ғылыми деректерді талдау, негізделген қорытындылар жасау және ғылыми фактілерге сүйене отырып шешім қабылдау қабілеті.
- Цифрлық сауаттылық — ақпаратты іздеу, өңдеу, талдау және тарату үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану дағдысы.
- Қаржылық, жаһандық және креативті сауаттылық — ХХІ ғасыр қоғамының заманауи талаптарын көрсететін маңызды қосымша құрамдастар.

Үздіксіз білім беру адамның өмір бойы дамуын көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, функционалдық сауаттылық тек оқытудың нәтижесі ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту құралы болып табылады. Қалыптасқан құзыреттерге ие адам жаңа әлеуметтік және кәсіби жағдайларға бейімделе алады, дербес шешім қабылдайды және өзгермелі өмір жағдайларында тиімді әрекет етеді.

Қазіргі білім беру бағдарламалары дәл осы дағдыларды дамытуға бағытталуда: сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және топпен жұмыс істеу қабілеттері. Бұл халықаралық деңгейде қабылданған тұрақты даму үшін білім беру тұжырымдамасына толық сәйкес келеді.

Функционалдық сауаттылықтың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі — жаратылыстану сауаттылығы, және оны қалыптастыруда физика пәні негізгі рөл атқарады. Бұл пән білім алушыларды табиғаттың негізгі заңдарымен таныстырып қана қоймай, олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырады, ақпаратпен жұмыс істеуді, тәжірибелер жүргізуді және ғылыми негізделген қорытындылар жасауды үйретеді.

Физиканы оқу барысында студенттерде төмендегідей қабілеттер дамиды:

- теориялық білімді нақты өмірлік жағдайларда қолдану дағдысы;
- құбылыстарды талдау, деректерді интерпретациялау және гипотезалар жасау қабілеті;
- сыни және логикалық ойлау дағдылары;
- ғылыми-зерттеу қызметіне деген қызығушылық.

Осылайша, физика — жаратылыстану сауаттылығын қалыптастырудың қуатты құралы. Ол студенттердің жалпы функционалдық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ заманауи қоғамда қажет әмбебап құзыреттердің дамуына негіз қалайды.

Физика пәні студенттердің логикалық, сыни және жүйелі ойлау қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Физикалық есептерді шешу білім алушылардан тек формулаларды жаттап қолдануды ғана емес, табиғатта болып жатқан құбылыстар мен процестер арасындағы өзара байланыстарды терең түсінуді талап етеді. Бұл үдерісте студенттер келесі дағдыларды меңгереді:

- негізгі мен қосалқы ақпаратты ажырату;
- себеп-салдарлық байланыстарды орнату;
- гипотезалар құру және оларды тексеру;
- ғылыми фактілер мен заңдарға сүйене отырып ой тұжырымдау.

Мұндай тәсіл ойлаудың икемділігін дамытып, жаңа міндеттерге бейімделу қабілетін арттырады. Бұл — функционалдық сауаттылықтың маңызды элементтерінің бірі.

Физика курсының ажырамас бөлігі — тәжірибелік және зертханалық жұмыстар. Бұл жұмыстар барысында студенттер:

- бақылаулар мен өлшеулер жүргізуді;
- алынған нәтижелерді өңдеуді, кестелер мен графиктер құруды;
- тәжірибе нәтижелерін интерпретациялауды;
- дәлелді қорытындылар жасауды үйренеді.

Мұндай жұмыс зерттеу қызметінің дағдыларын, ақпаратқа сыни тұрғыдан қарауды және әртүрлі дереккөздермен жұмыс істеу қабілеттерін дамытады. Бұл дағдылар функционалдық сауаттылық құрылымына кіретін жаратылыстану және цифрлық сауаттылықпен тығыз байланысты.

Қазіргі білім берудің басты міндеттерінің бірі — студенттердің алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана алу қабілетін қалыптастыру. Физика ғылымы нақты өмірмен тығыз байланысты, өйткені ол адамның күн сайын кездесетін табиғат заңдарын сипаттайды.

Физикалық білімді тәжірибеде қолдануға болатын мысалдар:

- тұрмыстық техника мен құрылғылардың жұмыс істеу принциптерін түсіну;
- көлік процестерінің және жол қауіпсіздігінің физикалық негіздерін білу;
- табиғи ресурстар мен электр энергиясын тиімді пайдалану;
- экологиялық мәселелерді талдау және ғылыми негізделген шешімдер ұсыну.

Осылайша, физика студенттерге қоршаған ортаны жақсы түсінуге ғана емес, сонымен бірге нақты өмірде жауапты әрі негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі үздіксіз білім беру тұжырымдамасы білім арудың мектеп немесе колледжбен шектелмей, өмір бойы жалғасатынын білдіреді. Физика — базалық жаратылыстану пәні ретінде — мұндай оқыту үшін қажетті негізгі құзыреттерді қалыптастырумен тығыз байланысты.

Бұл құзыреттерге мыналар жатады:

- Сыни ойлау мен ақпаратты талдау дағдылары, олар есеп шығару және зерттеу жұмыстарында қалыптасады;
- Ақпараттық және цифрлық құзыреттер, олар тәжірибе нәтижелерін өңдеу кезінде дамиды;
- Коммуникативтік және коллаборативтік дағдылар, олар топтық жұмыс пен пікірталас барысында қалыптасады;
- Ойлау икемділігі мен өзін-өзі оқытуға дайындық, олар жаңа физикалық ұғымдар мен әдістерді меңгеру кезінде артады.

Мұндай тәсілдің арқасында физика жай ғана оқу пәні емес, функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың қуатты құралына айналады. Бұл әсіресе колледж студенттері мен жоғары сынып оқушылары үшін маңызды, өйткені олар кәсіби және дербес өмірге қадам басқалы тұр.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі — өмірлік жағдайларға барынша жақын есептерді пайдалану. PISA үлгісіндегі тапсырмалар студенттердің білімді жай ғана қайталауына емес, оны талдау мен практикалық мәселелерді шешуге қолдануына мүмкіндік береді.

Мұндай есептердің мысалдары:

- тұрмыстық құрылғылардың энергия тұтынуын есептеу және оны азайту жолдарын іздеу;
- ауа райының көлік қозғалысына әсерін талдау;
- баламалы энергия көздерін пайдаланудың тиімділігін бағалау;

экологиялық сипаттағы мәселелерді физикалық заңдарға сүйене отырып шешу.

Мұндай тапсырмалар студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын, мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын, логикалық ой қорытындысын және негізделген шешім қабылдау қабілеттерін дамытады.

Зерттеу және жобалық жұмыс — функционалдық сауаттылықты дамытудың қуатты құралы. Мұндай жұмыс барысында студенттер өздері мақсат қояды, гипотезалар ұсынады, тәжірибелерді жоспарлап, өткізеді, нәтижелерді талдап, оларды есеп немесе презентация түрінде ұсынады.

Жобалар жеке немесе топтық түрде орындалуы мүмкін. Бұл өз кезегінде коммуникациялық және бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Маңыздысы — жобалардың практикалық бағыттылығы: олар қоршаған орта, тұрмыс, техника немесе өндіріс салаларындағы нақты мәселелермен байланысты болуы тиіс.

Қазіргі білім беру үрдістері әртүрлі салалардағы білімді интеграциялауға негізделген. STEM (ғылым, технология, инженерия және математика) және STEAM (қосымша өнер және креатив) тәсілдері студенттердің пәнаралық ойлауын және кешенді шешім қабылдау қабілетін дамытуға бағытталған.

Физика сабақтарында бұл тәсілдер мыналарға мүмкіндік береді:

физиканы математика, информатика, биология, химия және өнермен ықпалдастыру;

студенттердің ғылымның практикалық маңызын түсінуін қалыптастыру;

инженерлік және креативті ойлауды модельдер, макеттер мен цифрлық симуляциялар арқылы дамыту.

STEM/STEAM тәсілдері жаратылыстану және цифрлық сауаттылықты қалыптастыруға, сондай-ақ командалық жұмыс пен жобалық ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Білім берудің цифрландырылуы физиканы оқытудың тиімділігін арттыруға кең мүмкіндік береді. Цифрлық зертханаларды, симуляторларды, интерактивті модельдерді және виртуалды тәжірибелерді пайдалану студенттердің қызығушылығын арттырып, оқытуды көрнекі етеді.

Цифрлық құралдар арқылы:

тікелей бақылауға келмейтін күрделі процестер мен құбылыстарды визуализациялауға;

зертханалық ресурстармен шектелмей, виртуалды ортада тәжірибелер жүргізуге;

деректермен жұмыс істеу, оларды өңдеу және талдау дағдыларын дамытуға;

студенттердің дербестігі мен қызығушылығын арттыратын интерактивті тапсырмалар жасауға болады.

Осылайша, цифрлық технологиялар сабақ мазмұнын байытып қана қоймай, цифрлық және жаратылыстану сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі педагогикалық тәсілдер оқу процесінде студенттің белсенді рөлін күшейтуге бағытталған.

Тапсырмалар мысалдары:

«Тұрмыстағы энергияны үнемдеу» — студенттер тұрмыстық электр құрылғыларының энергия тұтынуын талдайды, электр энергиясына жұмсалатын айлық шығынды есептейді және оны азайтудың жолдарын ұсынады.

«Бөлмені жылу оқшаулау» — үйдегі жылу жоғалтуды азайту тәсілдерін зерттеу, терезелер мен қабырғаларды оқшаулағанда үнемделетін қаржыны есептеу.

«Қозғалыс және жол қауіпсіздігі» — көлік қозғалысын модельдеу, әртүрлі жағдайларда (үйкеліс, масса және жылдамдықты ескере отырып) автокөліктің тоқтау қашықтығын есептеу.

«Жаңартылатын энергия көздері» — күн панельдері, жел генераторлары немесе гидротурбиналардың тиімділігін модельдеу және бағалау бойынша мини-жобалар.

«Күнделікті өмірдегі физика» — таныс құбылыстарды түсіндіру: неге терезелер терлейді, тоңазытқыш қалай жұмыс істейді, шәйнек неге ысқырады және т.б.

Мұндай тапсырмалар студенттердің білімін тексеріп қана қоймай, оны нақты өмірлік жағдайларда қолдануға ынталандырады, сыни және жүйелі ойлау қабілеттерін дамытады.

Өмірлік контекстке негізделген зертханалық және практикалық жұмыстар физикалық процестерді тереңірек түсінуге және жаратылыстану сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

Мысалдар:

Жылу өткізгіштікті өлшеу — білім алушылар әртүрлі материалдан жасалған ыдыстардағы судың температурасын өлшеп, олардың жылу оқшаулау қасиеттерін салыстырады.

Тұрмыстық құрылғылардың қуатын анықтау — ваттметрлер арқылы немесе құрылғыдағы деректерге сүйене отырып энергия тұтынуды зерттеу.

Жылдамдық пен үдеуді өлшеу — арбашалармен, көлбеу жазықтықтармен және қозғалыс датчиктерімен тәжірибелер жүргізу.

Жарықтың шағылуы мен сынуын зерттеу — айнамен, линзамен және жарық көздерімен тәжірибе жасап, оптикалық құралдар мен камералардың жұмысын түсіндіру.

Метеорологиялық деректерді талдау — ауа райы жағдайларын (қысым, температура, ылғалдылық, булану мен конденсация) физикалық процестермен байланыстыру.

Мұндай жұмыс түрлері студенттерге мектеп физикасы курсы мен қоршаған орта арасындағы байланыстарды көруге мүмкіндік береді, олардың пәнге қызығушылығын және оқуға мотивациясын арттырады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру әдістерін тиімді енгізу жүйелі талдауды талап етеді. Ол үшін келесі құралдар пайдаланылады:

□ Бақылау — оқытушы студенттердің белсенділігін, білімді қолдану қабілетін, топта жұмыс істеу және өз пікірін дәлелдеу дағдыларын тіркейді.

□ Сауалнама және рефлексия — студенттер тапсырмалардың пайдалығын, материалды түсіну деңгейін және жұмыстың практикалық маңыздылығын бағалайды.

□ Тапсырмаларды орындау нәтижелері — шешімдердің дұрыстығы ғана емес, ойлау логикасы, ақпаратты іздеу тәсілдері мен тапсырманы өз бетінше орындау деңгейі де ескеріледі.

Бақылау мен сауалнама нәтижелері көрсеткендей:

1. Физикаға деген қызығушылық пен мотивация артады;
2. Теориялық білімді түсіну сапасы жақсарады;
3. Стандартты емес есептерді шешу кезінде студенттердің дербестігі мен сенімділігі күшейеді;
4. Білімді жаңа жағдайларға көшіру қабілеті дамиды.

Осылайша, практикалық бағытталған оқыту функционалдық сауаттылықты дамытудың маңызды құралы болып табылады. Ол физика сабақтарын мазмұнды, қызықты және студенттердің болашақ кәсіби және күнделікті өміріне пайдалы етеді.

Сонымен қатар, функционалдық сауаттылық деңгейін жүйелі бағалау да маңызды бағыт болып табылады: диагностикалық тесттерді, студенттердің өзін-өзі бағалау тәсілдерін, жұмыс портфолиосын және бақылау нәтижелерін қолдану. Бұл білім беру процесін студенттердің нақты қажеттіліктеріне сәйкес реттеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, заманауи педагогикалық тәсілдер мен икемді әдістемелік жүйені ұштастыру студенттердің функционалдық сауаттылық деңгейін арттыруға ықпал етеді және физиканы оқытуды анағұрлым заманауи, практикалық және мотивациялық етеді.

Қорытындылай келе, физика арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру — бұл жай ғана өзекті педагогикалық міндет емес, ХХІ ғасырдың құзыретті, белсенді және бейімделгіш тұлғасын дайындауға бағытталған білім беруді дамытудың стратегиялық бағыты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Функционалдық сауаттылықты дамыту тұжырымдамасы. — Астана, 2012. — 5–12 б.
2. Хамитова С.А. Жаратылыстану пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту. — Алматы: Қазақ университеті, 2022. — 45–58 б.
3. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы. — Астана, 2019. — 15–27 б.

ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЛЯ ПОДГОТОВКИ УЧАЩИХСЯ 9 КЛАССА К PISA НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

***Аңдатпа.** Бұл мақала 9-сынып оқушыларын PISA халықаралық зерттеуіне дайындауда инновациялық әдістер мен жасанды интеллект технологияларын қолдануға арналған. Жұмыста функционалдық сауаттылықты, сыни ойлау қабілетін, коммуникативтік дағдыларды және ағылшын тіліндегі мәтіндерді түсіну дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдер қарастырылады. Арнайы назар жасанды интеллект интеграциясына аударылған, оның ішінде адаптивті оқыту платформалары мен интерактивті тапсырмалар, олар оқушыларға жеке көзқарас бойынша білім алуға және ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Мақалада PISA тапсырмаларын қолдана отырып сабақтарды ұйымдастыруға арналған практикалық ұсынымдар, сондай-ақ оқушылардың білімін және дағдыларын бағалау әдістері сипатталған. Жасанды интеллектті қолдану ақпаратты талдау, интерпретациялау және өз пікірін дәлелді түрде жеткізу дағдыларын қалыптастыруда тиімді екені көрсетілген. Ұсынылған әдістемелік тәсілдер ағылшын тілі мұғалімдері үшін халықаралық зерттеулерге дайындық сапасын арттыру, тілдік компетенцияларды және сыни ойлауды дамыту мақсатында қолданылуы мүмкін.*

***Түйінді сөздер:** инновациялық әдістер, жасанды интеллект, PISA, функционалдық сауаттылық, ағылшын тілі сабақтары, 9-сынып, сыни ойлау, педагогикалық технологиялар.*

***Аннотация.** Статья посвящена исследованию инновационных методов и применению технологий искусственного интеллекта для подготовки учащихся 9 класса к международному исследованию PISA на уроках английского языка. В работе рассматриваются современные педагогические подходы, направленные на развитие функциональной грамотности, критического мышления, навыков коммуникации и понимания текстов на английском языке. Особое внимание уделяется интеграции искусственного интеллекта, включая адаптивные обучающие платформы и интерактивные задания, которые способствуют персонализированному подходу к обучению и повышению мотивации учеников. В статье описаны практические рекомендации по организации уроков, включающих PISA-задания, а также методы оценки знаний и навыков учащихся. Отмечается эффективность использования ИИ для формирования навыков анализа, интерпретации информации и аргументированного выражения собственной позиции. Представленные методические подходы могут быть применены учителями английского языка для повышения качества подготовки к международным исследованиям, развитию языковых компетенций и критического мышления у старшеклассников.*

***Ключевые слова:** инновационные методы, искусственный интеллект, PISA, функциональная грамотность, уроки английского языка, 9 класс, критическое мышление, педагогические технологии.*

Современная система образования находится в постоянном поиске инновационных методов обучения, направленных на развитие функциональной грамотности учащихся.

Одним из ключевых направлений этого процесса является подготовка школьников к международному исследованию качества образования PISA (Programme for International Student Assessment). Особую роль в этом играет преподавание английского языка, так как именно на этом предмете формируются навыки чтения, анализа информации, критического мышления и коммуникации, необходимые для успешного выполнения заданий PISA.

В условиях стремительного развития технологий и цифровизации образования становится необходимым внедрение искусственного интеллекта (ИИ) в образовательный процесс. ИИ позволяет не только индивидуализировать обучение, но и проводить диагностику учебных достижений, отслеживать прогресс, прогнозировать трудности и формировать персональные образовательные траектории. Это особенно важно при подготовке учащихся 9-х классов к заданиям формата PISA, которые требуют не запоминания, а применения знаний в реальных жизненных ситуациях. Актуальность данной темы обусловлена необходимостью формирования у школьников навыков, позволяющих применять знания в реальной жизни, критически мыслить, анализировать и решать нестандартные задачи.

В рамках подготовки к PISA в обучении английскому языку всё большую популярность приобретают инновационные методы, включающие проектное обучение, кейс-стади, коллаборативные задания и интеграцию цифровых технологий.

Одним из эффективных инновационных подходов является метод проектного обучения (Project-Based Learning). Он способствует развитию критического и аналитического мышления, умению искать и интерпретировать информацию, что соответствует компетенциям, проверяемым в рамках PISA. Например, учащиеся выполняют проекты на темы «Global Environmental Problems» или «Digital Citizenship», анализируют источники, проводят мини-исследования и представляют результаты на английском языке.

Другим современным подходом является CLIL-методика (Content and Language Integrated Learning) — интегрированное обучение предмету и языку. Этот метод помогает учащимся осваивать английский язык через изучение реальных научных и социальных тем. Например, уроки английского могут включать элементы географии или биологии, где учащиеся обсуждают «climate change» или «renewable energy».

Также эффективным инструментом является Task-Based Learning (обучение на основе выполнения заданий), при котором внимание переносится с изучения грамматики на выполнение практических задач, аналогичных форматам PISA. Например, ученики анализируют графики, читают инструкции, оценивают мнения и пишут краткие ответы на основе прочитанного текста.

Использование искусственного интеллекта в обучении английскому языку

Искусственный интеллект сегодня широко применяется в обучении иностранным языкам. Среди наиболее популярных цифровых инструментов можно выделить:

ChatGPT (OpenAI) — используется для генерации диалогов, создания текстов, тренировки навыков письма и устной речи. Ученики могут общаться с ИИ на английском языке, получать мгновенные исправления ошибок и рекомендации по улучшению речи.

Grammarly — интеллектуальный помощник для проверки письменных работ, который анализирует грамматику, лексику и стиль.

Quizlet и Wordwall — платформы на основе алгоритмов ИИ, предлагающие адаптивные карточки и тесты для закрепления лексики и грамматики.

Duolingo и ELSA Speak — приложения, использующие распознавание речи и машинное обучение для развития произносительных и коммуникативных навыков.

Применение этих инструментов помогает учащимся работать в интерактивной среде, получать мгновенную обратную связь и повышать мотивацию к изучению языка.

Одним из значимых направлений становится использование искусственного интеллекта (ИИ), который обеспечивает персонализированное обучение, мгновенную обратную связь и моделирование языковых ситуаций. Кроме того, ИИ способствует инклюзивности обучения — учащиеся с разным уровнем подготовки получают возможность работать в индивидуальном темпе, не чувствуя давления. Это особенно актуально для 9 класса, когда учебная нагрузка возрастает, и многие дети испытывают стресс.

Практический опыт показывает, что использование ИИ-программ и интерактивных платформ в обучении повышает интерес учащихся к английскому языку и улучшает их результаты. Так, после внедрения ChatGPT и Quizlet на уроках в экспериментальных классах уровень выполнения заданий формата PISA Reading и Writing повысился на 15–20%. Ученики отмечают, что интерактивные задания помогают лучше понимать контекст и применять язык в реальных ситуациях. Кроме того, использование ИИ позволяет педагогу экономить время на проверку заданий и концентрироваться на аналитической работе с результатами. Это способствует формированию метапредметных навыков — самостоятельности, критического мышления, аргументации и коммуникации.

Внедрение инновационных методов и технологий искусственного интеллекта в процесс подготовки учащихся к PISA является необходимым условием модернизации современного образования. Эти инструменты способствуют развитию у учащихся функциональной грамотности, критического мышления и готовности применять знания на практике. Педагоги, использующие ИИ, создают условия для индивидуализированного обучения, где каждый ученик может достигать высоких результатов, развивая не только языковые, но и когнитивные навыки.

Таким образом, интеграция инновационных методов и ИИ в уроки английского языка создаёт условия для качественной подготовки учащихся к PISA: развивается языковая компетенция, критическое мышление, умение решать задачи и выражать мнение. Учитель в этом процессе становится не только наставником, но и фасилитатором обучения, направляющим каждого ученика к успеху.

Список использованных источников

1. OECD. PISA 2022 Assessment and Analytical Framework. Paris: OECD Publishing, 2021.
2. Васильева С. В. Использование цифровых технологий на уроках английского языка. – М.: Просвещение, 2020.
3. Кукушкина О. В. Современные методы обучения иностранным языкам. – СПб.: Речь, 2019.
4. Дьяченко Т. В. Инновационные технологии в обучении английскому языку. // Иностранные языки в школе, №2, 2021.
5. Andriessen, J. (2020). Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications. *Educational Technology*, 60(5).
6. PISA Kazakhstan National Center. Report on Students' Functional Literacy Development, Astana, 2024.

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ЦИФРОВИЗАЦИЯ В СИСТЕМЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ОПЫТ ШКОЛЫ ИСКУССТВ

***Аңдатпа.** Мақалада қосымша білім беру саласындағы инновациялық технологиялар мен цифрландыруды енгізу тәжірибесі өнер мектебі үлгісінде қарастырылады. Автор дәстүрлер мен заманауи оқыту әдістерін үйлестірудің практикалық тәсілдерімен бөліседі, жаңа білім беру формалары арқылы педагогикалық әлеуетті дамыту және мәдени мұраны сақтау стратегиясын ашады.*

***Түйінді сөздер:** қосымша білім беру, өнер мектебі, инновациялық технологиялар, цифрландыру, сабақтастық, мәдени мұра, дараландырылған тәсіл, қашықтан оқыту, қылқобыз, жыр-терме, шығармашылық даму.*

***Аннотация.** В статье рассматривается опыт внедрения инновационных технологий и цифровизации в сфере дополнительного образования на примере школы искусств. Автор делится практическими подходами к сочетанию традиций и современных методов обучения, раскрывает стратегию развития педагогического потенциала и сохранения культурного наследия через новые формы образовательной деятельности.*

***Ключевые слова:** дополнительное образование, школа искусств, инновационные технологии, цифровизация, преемственность, культурное наследие, индивидуальный подход, дистанционное обучение, кылқобыз, жыр-терме, творческое развитие.*

Введение

Сегодня образование стремительно меняется, и дополнительное образование, особенно в сфере искусства, сталкивается с необходимостью внедрения инноваций и цифровых технологий. Для школ искусств это не просто модный тренд, а способ сохранить и развивать духовное и художественное наследие, одновременно расширяя возможности педагогов и учеников. В своей работе я опираюсь на принцип: инновация должна дополнять традиции, а не заменять их.

Инновации как стратегия развития школы

В нашей школе инновации рассматриваются как стратегический инструмент развития. Они проявляются в трёх ключевых направлениях:

1. Развитие педагогического потенциала.

Мы создаём среду, где опытные наставники помогают молодым педагогам осваивать новые подходы, а молодые педагоги вдохновляют старшее поколение энергией и свежими идеями. Так формируется живая система преемственности, где инновация рождается через взаимодействие и обмен опытом.

2. Обновление образовательного процесса.

Мы внедряем проектные и коллаборативные формы обучения, игровые методики и цифровые ресурсы, сохраняя при этом художественное и духовное содержание искусства.

Особенность школы искусств в том, что педагог создаёт методику индивидуально для каждого ученика. Работа ведётся «глазами, руками и сердцем», а не по шаблонным методическим разработкам. Именно этот живой процесс позволяет реализовывать инновации в практике и наблюдать результаты на сцене — будь то музыкальные концерты, художественные выставки или театральные постановки.

Цифровизация как инструмент

Цифровые технологии в нашей школе используются для расширения возможностей учащихся и педагогов. На данный момент мы планируем внедрение дистанционного обучения и цифровых портфолио, а также разработку электронного документооборота для повышения прозрачности и удобства управления школой.

Особенно эффективны онлайн-конкурсы и мастер-классы, которые позволяют детям участвовать в совместных проектах с другими школами и культурными центрами, не ограничиваясь географией. Эти мероприятия подтверждают, что теория инноваций реализуется на практике и видна на сцене — там, где растёт талант ребёнка.

Сохранение традиций через новые отделения

Одним из ключевых направлений нашей работы является расширение школы через новые отделения:

- Кылкобыз — древний казахский инструмент, родоначальником которого был наш земляк Коркыт ата;
- Жыртерме — национальное направление, которое в регионе ценят и берегут; мы открыли две из четырёх планируемых школ, в следующем году — ещё две;
- Классический вокал и саксофон;
- В планах на следующий год — открытие духового отделения и народных инструментов, таких как гобой, кларнет, жетиген.

Эти направления демонстрируют, как инновации в обучении гармонично сочетаются с сохранением культурного наследия.

Проблемы и пути их решения

На пути внедрения инноваций мы сталкиваемся с трудностями:

- коллеги иногда сопротивляются новым методам, особенно дистанционное обучение, где ясно надо определить тем специальностям которым подходит или не подходит такое обучение;
- официальное документальное оформление инноваций (нагрузка, отчёты) пока остаётся проблемой;
- необходимость баланса между традициями и современными технологиями.

Мы решаем эти задачи постепенно, через обмен опытом, наставничество, участие педагогов и учеников в живых мероприятиях и совместных проектах.

Заключение

Инновационные технологии и цифровизация — это не самоцель, а инструмент, позволяющий сделать обучение более современным, а искусство — доступным и живым.

Для нас главная ценность — духовное содержание искусства, личность ученика и творческая свобода педагога. Именно через сохранение традиций и внедрение современных методов мы создаём живую, вдохновляющую образовательную среду, где каждый ребёнок растёт как личность и творец.

Таким образом, стратегия цифровизации и инновационного развития в дополнительном образовании строится на принципах преемственности, открытости, сотрудничества и уважения к культурному наследию.

Список использованных источников

1. Педагогические технологии дополнительного образования: теория и практика. — Алматы, 2022.
2. Инновации в художественном образовании: национальный и мировой опыт. — Нур-Султан, 2021.
3. Цифровизация образовательного процесса: современный взгляд. — Алматы, 2020.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАСИЕТІН ДАМУ: ФИЗИКА, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН БАЙЛАНЫС

Аңдатпа. Мақалада математика сабағында оқушылардың зерттеушілік қасиеттерін дамыту жолдары қарастырылады. Автор физика және цифрлық технологиялармен пәнішілік байланыс орнату арқылы оқушылардың талдау, интерпретация және практикалық қолдану дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығын атап өтеді. Саралап және зерттеушілік оқыту әдістері, өмірмен байланысты тапсырмалар үлгілері мен цифрлық ресурстарды қолдану мүмкіндіктері сипатталады. Автордың пайымдауынша, пәндер арасындағы байланыс, дербес оқыту және заманауи технологияларды қолдану арқылы сын тұрғысынан ойлайтын, ынталы және құзыретті тұлға тәрбиелеуге болады.

Түйінді сөздер: зерттеушілік оқыту, математика, физика, пәнаралық байланыс, цифрлық технологиялар, функционалдық сауаттылық, саралап оқыту, интерпретация, сыни ойлау, практикаға бағытталған тапсырмалар.

Аннотация. В статье рассматриваются подходы к развитию исследовательских качеств учащихся на уроках математики через интеграцию с физикой и цифровыми технологиями. Автор подчеркивает важность формирования навыков анализа, интерпретации и практического применения знаний как ключевых компонентов современной образовательной модели. Освещаются методы дифференцированного и исследовательского обучения, примеры заданий с жизненным контекстом и возможности цифровых платформ. Делается вывод, что сочетание междисциплинарности, индивидуализации и цифровизации способствует формированию компетентной, критически мыслящей и мотивированной личности.

Ключевые слова: исследовательское обучение, математика, физика, межпредметная связь, цифровые технологии, функциональная грамотность, дифференцированное обучение, интерпретация, критическое мышление, практико-ориентированные задания.

Қазіргі заманда білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны жан-жақты дамыған, шығармашыл және зерттеушілік қабілеті жоғары тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету үшін мұғалімдер оқыту процесінде тек дайын білім берумен шектелмей, оқушылардың өздігінен ізденуіне, мәселені шешу жолдарын табуына, түрлі пәндер арасындағы байланысты анықтауына жағдай жасауы қажет.

Математика сабағы — логикалық ойлауды, талдауды және дәлелдеуді қажет ететін ғылым саласы. Ал физикамен байланыс орнату арқылы математикалық ұғымдарды өмірлік және тәжірибелік тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік туады. Мәселен, жылдамдық, уақыт, қашықтық, күш, энергия сияқты физикалық ұғымдар математикалық теңдеулер мен функциялар арқылы түсіндіріледі.

Зерттеушілік қасиетті дамытуда интерпретация, яғни оқушының алған мәліметті түсіндіру, талдау және жаңа жағдайда қолдану қабілеті ерекше рөл атқарады. Оқушы тек формуланы жаттамай, оны өмірмен байланыстыра алған кезде ғана шынайы зерттеушіге айналады.

Осы баяндамада математика сабағында оқушылардың зерттеушілік қасиетін дамыту жолдары қарастырылады. Сонымен қатар физика және цифрлық технологиялармен байланыс орнату арқылы оқытудың тиімділігін арттырудың әдіс-тәсілдері ұсынылады.

Математика сабағындағы зерттеушілік қасиеттің теориялық негіздері

Зерттеушілік қасиет – бұл оқушының ойлау, талдау, іздену және жаңа білімді өз бетімен ашу қабілеттерін дамытатын тұлғалық ерекшелік. Бұл қасиетті қалыптастыру үшін мұғалім тек білім беруші емес, бағыттаушы, кеңесші және серіктес рөлін атқаруы қажет.

Зерттеушілік қызметтің теориялық негіздері Ж. Пиаже, Л.С. Выготский, Дж. Брунер және қазақстандық педагог-ғалымдар еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Олар оқыту процесі оқушының белсенді іс-әрекетіне сүйенгенде ғана тиімді болатынын дәлелдеген.

Математика сабағында зерттеушілік тәсілді қолдану оқушылардың:

логикалық ойлауын,

шығармашылық қабілетін,

дербес шешім қабылдау дағдыларын,

интерпретациялық (түсіндіру және дәлелдеу) дағдыларын дамытады.

Мысалы, мұғалім есептің шешімін дайын түрде бермей, сұрақ қою арқылы бағыттай алады:

«Егер санның жартысы белгілі болса, толық санды табуға бола ма?»

«Бұл үлгі физикалық құбылыстарда қалай көрініс табады?»

Осылайша, оқушы өз тәжірибесіне сүйеніп, жаңа білімге өзі жетеді. Бұл — зерттеушілік дағдының басты белгісі.

Сондай-ақ зерттеу элементтерін сабақта қолдану Блум таксономиясының жоғары деңгейлеріне (талдау, синтез, бағалау) жетуге мүмкіндік береді. Бұл деңгейлерге жеткен оқушы тек формуланы есте сақтап қоймай, оны жаңа жағдайда қолдана алады.

Математика мен физиканың өзара байланысы

Математика мен физика — табиғаттың заңдылықтарын түсіндіретін өзара тығыз байланысты екі ғылым. Физикадағы әрбір құбылыстың түп-тамыры математикалық модельдер мен есептеулерге негізделеді. Сондықтан мектептегі сабақтарда осы екі пәннің арасындағы байланысты күшейту оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда ерекше маңызға ие.

Мысалы, жылдамдық, уақыт, қашықтық арасындағы байланыс — математикада теңдеу түрінде, ал физикада қозғалыс заңдары арқылы түсіндіріледі:

$$S=V \cdot t$$

Бұл формула бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, оқушылар оны нақты өмірлік мысалдармен зерттегенде (мысалы, велосипедтің қозғалысы, автомобильдің жылдамдығы, өзен ағысының жылдамдығы) терең түсіне бастайды.

Математика сабақтарында осындай физикалық мысалдарды қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, бұл тәсіл интердисциплинарлық оқытуды, яғни пәндер арасындағы байланысты дамытудың тиімді жолы болып табылады.

Физикалық мысалдарды енгізудің бірнеше тиімді жолдары:

Есептерді өмірлік жағдайлармен байланыстыру (мысалы, энергия үнемдеу, экологиялық есептер).

Эксперименттік мәліметтерді математикалық модельдеу (мысалы, температура мен уақыттың тәуелділігі графигін құру).

Зерттеу тапсырмалары: оқушылар өздері өлшеу жүргізіп, нәтижесін график, диаграмма түрінде талдайды.

Мысалы, 5-сыныпта «Пропорциялар және пайыздар» тақырыбында физикамен байланысты келесі зерттеу тапсырмасын беруге болады:

«Электр шамы 1 сағатта қанша энергия жұмсайды және ол айлық есепке қалай әсер етеді?»

Мұндай зерттеу жұмысы арқылы оқушылар математикалық есептеу, физикалық шаманы өлшеу, және экономикалық интерпретация сияқты көп салалы дағдыларды меңгереді.

Саралап және зерттеушілік оқыту әдістері

Қазіргі білім беру жүйесінде әр оқушының жеке қабілетін, қызығушылығын және даму деңгейін ескеріп оқыту — басты қағидаға айналды. Осы тұрғыда саралап оқыту мен зерттеушілік оқыту әдістерін біріктіру ерекше тиімді нәтижелер береді.

Саралап оқыту мәні

Саралап оқыту — бұл оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларға әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсыну арқылы оқу процесін ұйымдастыру әдісі. Бұл тәсіл оқушылардың бәрін бірдей талап деңгейінде емес, өз қабілеттеріне сай жетістікке жетуге ынталандырады.

Мысалы, 5-сыныпта «Бөлшектер» тақырыбын өткенде:

1-деңгей: жай есептер (мысалы, «Нанның $1/2$ бөлігін тап»);

2-деңгей: өмірмен байланысты есептер («Асхат пиццаның $3/4$ бөлігін жеді, қалғаны неше бөлік?»);

3-деңгей: зерттеу сипатындағы тапсырма («Егер пиццаны әртүрлі бұрышпен бөлсек, үлестердің тең болуын қалай дәлелдеуге болады?»).

Осылайша, әр оқушы өз мүмкіндігіне қарай тапсырма орындай отырып, зерттеушілікке қадам жасайды.

Зерттеушілік оқыту әдісі

Зерттеушілік оқытуда мұғалім бағыттаушы рөл атқарады. Ол оқушыға дайын ақпарат бермей, оны ізденіске итермелейді. Сабақтың құрылымы келесідей болуы мүмкін:

1. Мәселені қою: «Егер үшбұрыштың биіктігі өзгерсе, ауданы қалай өзгереді?»
2. Болжам жасау: оқушылар өз пікірлерін айтады.
3. Зерттеу: тәжірибе, сызба немесе есеп шығару арқылы болжамды тексеру.
4. Қорытынды: алынған нәтижені түсіндіру және интерпретациялау.

Бұл әдіс оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, дербес ойлау мен дәлелдеуге дағдыландырады.

Саралап және зерттеушілік тәсілдерді біріктіру

Сабақта осы екі әдісті үйлестіре қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

-әр оқушы өз деңгейінде жетістікке жетеді;

-дарынды оқушылар күрделі зерттеу жұмыстарын орындайды;

-әлсіз оқушылар қарапайым зерттеу дағдыларын меңгере отырып, қызығушылығы артады;

-топтық жұмыс барысында оқушылар өзара пікір алмасып, коммуникациялық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады.

Мұндай сабақтарда мұғалімнің рөлі — оқушылардың зерттеу бағытын нақтылап, нәтижелерін ғылыми тұрғыда талқылауға жетелеу.

Цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндіктері

Қазіргі заман мұғалімінен тек пәндік білім ғана емес, сонымен қатар цифрлық сауаттылық та талап етіледі. Цифрлық технологиялар оқушылардың зерттеушілік қасиетін дамытуда маңызды рөл атқарады, себебі олар ақпаратты іздеу, талдау, модельдеу және нәтижесін визуализациялау мүмкіндігін береді.

Цифрлық құралдардың маңызы

Математика сабағында цифрлық ресурстарды пайдалану оқушыларға күрделі ұғымдарды көрнекі түрде түсіндіруге көмектеседі. Мысалы:

-GeoGebra – геометриялық фигураларды салу, графиктер құру және зерттеу үшін;

-PhET simulations – физикалық процестерді виртуалды түрде бақылауға арналған;

-Desmos – функциялар мен теңдеулердің графиктерін зерттеу үшін қолданылады;

-Canva және PowerPoint – зерттеу нәтижелерін қорғау кезінде визуалды материалдар дайындауға ыңғайлы.

Бұл құралдар оқушылардың интерпретациялық, шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін қатар дамытады.

Математика мен физика сабақтарында біріктіріп қолдану

Мысалы, 5-сынып оқушыларымен «Пропорция және масштаб» тақырыбында оқушылар өз қаласының картасын Google Maps немесе GeoGebra арқылы үлкейтіп-кішірейтіп, масштаб ұғымын зерттей алады.

Физикамен байланыстырылған тапсырма ретінде:

«Егер картадағы өзеннің ұзындығы 5 см болса, ал масштаб 1:100 000 болса, өзеннің нақты ұзындығын есепте және Google Earth арқылы салыстыр».

Мұндай тапсырмалар оқушылардың зерттеу, салыстыру, және нақты деректермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді.

Цифрлық технологиялар арқылы саралап оқыту

Цифрлық ортада әр оқушы өз қарқынымен жұмыс істей алады. Мысалы, LearningApps, Kahoot, Quizizz сияқты платформаларда:

- әлсіз оқушыларға – қарапайым есептер мен визуалды қолдау,

- орташа деңгейдегілерге – тәжірибелік тапсырмалар,
- дарынды оқушыларға – логикалық және зерттеу сипатындағы күрделі есептер беріледі.

Бұл тәсіл оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың зерттеушілік қасиеттерін жүйелі түрде қалыптастырады.

5-сыныптарға арналған практикалық мысалдар

Бастауыш және орта буын оқушыларына зерттеушілік қабілетті дамыту мақсатында тапсырмалар қарапайым, бірақ ойландыратын және өмірмен байланысты болуы керек. Мұндай жұмыстар оқушыларды дербес ойлауға, салыстыруға, қорытынды жасауға үйретеді.

Төменде 5-сыныпқа арналған бірнеше зерттеу және саралап оқытуға бағытталған тапсырмалар үлгісі берілген.

Мысал 1. Тақырып: «Пропорциялар және пайыздар»

Мақсаты: оқушылардың математикалық есептеу дағдыларын өмірлік жағдаймен байланыстыра дамыту.

Зерттеу сұрағы: «Энергия үнемдеу үй бюджетін қалай өзгертеді?»

Тапсырма:

- Оқушылар өз үйіндегі шамдардың қуатын өлшеп (мысалы, 60 Вт, 100 Вт), ай сайын қанша энергия жұмсалатынын есептейді.
- Энергияның 10% үнемделсе, отбасының ай сайынғы төлемі қалай өзгереді?
- Бұл нәтижені график түрінде көрсетеді.

Нәтиже:

Оқушылар математикалық есептеу мен физикалық шамаларды (қуат, энергия) байланыстырып, зерттеу қорытындысын ұсынады.

Мысал 2. Тақырып: «Координаталық жазықтық»

Мақсаты: кеңістікте бағдарлау және логикалық ойлауды дамыту.

Зерттеу сұрағы: «Қаладағы қозғалыс бағытын математикалық модельмен сипаттауға бола ма?»

Тапсырма:

- Оқушылар өз үйінен мектепке дейінгі жолды қағазда немесе GeoGebra бағдарламасында сызады.
- Жол бағытын координаталық нүктелермен белгілейді.
- Ең қысқа жолды табу үшін математикалық жол анализін жүргізеді.

Нәтиже:

Математикалық модельдеудің көмегімен оқушылар физикалық қозғалыс бағытын зерттейді, бұл олардың зерттеушілік қабілетін арттырады.

Мысал 3. Тақырып: «Көлем және масса»

Мақсаты: физикалық тәжірибе мен математикалық есептеуді ұштастыру.

Зерттеу сұрағы: «Заттың пішіні мен массасы арасында қандай байланыс бар?»

Тапсырма:

- Өртүрлі пішіндегі пластилин бөлшектерінің көлемін және массасын өлшейді.
- Нәтижелерін кестеге жазады.
- Көлем мен масса арасындағы пропорцияны анықтайды.

Нәтиже:

Бұл тапсырма физикадағы тығыздық ұғымының негізін түсіндіруге және математикалық қатынасты интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Мысал 4. Тақырып: «Статистика және диаграммалар»

Мақсаты: ақпарат жинау, талдау және интерпретация жасау.

Зерттеу сұрағы: «Біздің сыныпта ең жиі қолданылатын көлік түрі қайсы?»

Тапсырма:

- Сыныптағы оқушылардан сауалнама жүргізу (жаяу, велосипед, автобус, көлік).
- Мәліметтерді диаграмма түрінде көрсету.
- Қорытынды жасау: экологиялық тұрғыдан қай көлік тиімді?

Нәтиже:

Оқушылар деректермен жұмыс істеуді үйреніп, экологиялық ойлауды дамытады.

Мұндай тапсырмалар оқушылардың логикалық ойлауын ғана емес, ғылыми зерттеу, тәжірибе жүргізу және қорытынды шығару дағдыларын дамытады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, математика сабағында оқушылардың зерттеушілік қасиетін дамыту — қазіргі білім берудің басты бағыттарының бірі. Бұл үрдіс оқушыларды тек есеп шығаратын тұлға емес, өз ойын дәлелдеп, мәселені жан-жақты талдай алатын зерттеуші ретінде қалыптастырады.

Физика және басқа да ғылымдармен байланыстыру арқылы математикалық ұғымдардың мәні тереңдей түседі, ал оқушылар оларды өмірмен ұштастырып қолдануды үйренеді. Цифрлық технологияларды енгізу зерттеу процесін жандандырып, оқушылардың мотивациясын арттырады.

Саралап оқыту мен зерттеушілік тәсілдерді біріктіре қолдану арқылы мұғалім әр оқушының қабілетіне сай бағыт беріп, оқу процесін жеке тұлғаға бағдарланған жүйеге айналдыра алады. Бұл тәсіл оқушылардың:

- сыни және логикалық ойлауын,
- интерпретация жасау қабілетін,
- шығармашылық және тәжірибелік белсенділігін дамытады.

Математика мен физика арасындағы табиғи байланыс оқушылардың ғылыми көзқарасын қалыптастырып, болашақта ғылым мен техника саласына қызығушылығын арттырады.

Сондықтан зерттеушілікке негізделген, сараланған және цифрлық технологиялармен байытылған сабақ — заманауи білім берудің ең тиімді үлгісі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. — Астана, 2020.
2. Қазақстан Республикасы орта білім мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы. — Астана, 2016.
3. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. — Москва: Педагогика, 1984.
4. Пиаже Ж. Психология интеллекта. — Москва: Прогресс, 1999.
5. Bruner, J. The Process of Education. — Harvard University Press, 1960.
6. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. — Астана, 2017.
7. Құдайбергенова Г.А. Оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту жолдары. — Алматы, 2015.
8. PhET Interactive Simulations. University of Colorado Boulder. <https://phet.colorado.edu>
9. GeoGebra Math Platform. <https://www.geogebra.org>
10. Қойшығұлова Р., Нұржанова А. Математика пәнін оқыту әдістемесі. — Алматы: «Білім», 2021.

**НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ РАБОТА НА УРОКЕ
«СПОРТИВНЫЕ ИГРЫ С МЕТОДИКОЙ ПРЕПОДАВАНИЯ»**

***Аңдатпа.** Мақалада «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы студенттерінің кәсіби даярлығында ғылыми-зерттеу қызметін қолданудың ерекшеліктері қарастырылады. Автор студенттердің кәсіби біліктілігі мен дағдыларын шығармашылық және зерттеушілік әрекет арқылы қалыптастырудың маңыздылығын атап өтеді. Сондай-ақ оқу процесін ұйымдастыруға студенттердің белсенді қатысуы мен аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды енгізу мәселесі талданады. «Спорттық ойындар» бөліміндегі сабақтарда хронометраж және пульсометрия әдістерін пайдалану арқылы педагогикалық бақылау мен физикалық жүктемені бағалау тәсілдері сипатталады. Технологияны жүзеге асыру кезеңдері мен күтілетін нәтижелер көрсетілген.*

***Түйінді сөздер:** дене шынықтыру және спорт, кәсіби даярлық, зерттеушілік қызмет, педагогикалық технология, спорттық ойындар, хронометраж, пульсометрия, шығармашылық ойлау, педагогикалық бақылау.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются особенности применения научно-исследовательской деятельности в процессе подготовки студентов специальности «Физическая культура и спорт». Автор акцентирует внимание на формировании профессиональных умений и навыков через творческую и исследовательскую работу, участие студентов в организации учебного процесса, а также на внедрении педагогических технологий, направленных на развитие аналитического и критического мышления. Особое внимание уделено использованию хронометража и пульсометрии как методов педагогического контроля и оценки физической нагрузки на уроках по разделу «Спортивные игры». Представлены этапы реализации технологии, критерии эффективности и ожидаемые результаты.*

***Ключевые слова:** физическая культура и спорт, профессиональная подготовка, исследовательская деятельность, педагогическая технология, спортивные игры, хронометраж, пульсометрия, творческое мышление, педагогический контроль.*

Эффективность подготовки специалистов по физической культуре и спорту в значительной мере определяется качеством учебного процесса, который должен заложить в студентах этой специальности достаточно высокий уровень базовой подготовки, сформировать профессиональные педагогические умения и навыки.

Учитывая современные требования к профессиональной подготовке будущего преподавателя необходимо вовлекать студентов в исследовательскую и творческую деятельность.

На основании собственных наблюдений мы убеждены, что формирование профессиональных умений и навыков у студентов происходит лишь в творческой деятельности. Поэтому очень важно, чтобы они принимали самое активное участие в организации и проведении учебного процесса, а не были лишь пассивными исполнителями требований педагога.

В связи с этим повторимся, что обязательно необходимо вовлекать студентов в научную творческую деятельность. Основной задачей этого является обучение студентов навыкам самостоятельной теоретической и практической работы. Эта работа способствует более глубокому закреплению теоретических знаний, развивает у них высокую требовательность к себе, аккуратность, точность в выполнении заданий и научную активность.

Применение научно-исследовательской работы на уроках «Спортивные игры с методикой преподавания» способствует развитию познавательных способностей, самостоятельности, повышает интерес к овладению знаниями и методами познавательной деятельности. Для студентов становится более важным планирование своей деятельности, контроль и оценка собственных действий, критическое мышление и выработка собственных выводов.

Целью применения научно-исследовательской работы на уроках «Спортивные игры с методикой преподавания» является не только получение студентами знаний и выработку умений, но и организация их учебной деятельности. В этой ситуации преподавателями решается сразу две задачи: мы не только передаем студентам знания и формируем умения и навыки, мы помогаем освоить им виды деятельности, которые включают в себя и систему знаний, и их применение.

Необходимость подготовки выпускников специальности «Физическая культура и спорт» к научно-исследовательской деятельности заключается в развитии продуктивного мышления, способности к осознанию и формулированию проблемы, самостоятельному поиску новых решений на основе развития их интеллектуальных и творческих способностей.

Над проведением уроков физической культуры необходим полноценный контроль, который требует от будущих специалистов специальных знаний и умений. Со стороны специалиста по физической культуре и спорту необходимо обеспечить правильное наблюдение за деятельностью занимающихся на уроке. Со стороны же преподавателей необходимо научить их анализировать и оценивать действия занимающихся, выявлять недочеты в собственных действиях, подбирать пригодные и эффективные средства, методы и формы работы в конкретных учебных ситуациях. На этой основе возможно устранение замеченных недостатков или же их предупреждение на последующих уроках.

Широко распространенными видами научно-исследовательской работы на уроках физической культуры в разделе «Спортивные игры» являются: 1) хронометрирование деятельности занимающихся на уроке, т.е. хронометраж урока физической культуры; 2) определение физической нагрузки во время урока, т.е. пульсометрия.

Чтобы в совершенстве овладеть этими видами научной работы необходимо преодолеть несколько этапов.

Реализация педагогической технологии в режиме научно - исследовательской работы на уроке «Спортивные игры»

Этапы реализации технологии	Цели и задачи обучения	Виды и типы уроков в обучении
Первый этап. Информационная обеспеченность.	Создание эффективной образовательной среды через формирование у студентов системы научных знаний, профессиональных понятий и способов действия.	- урок-лекция с элементами диалогического метода; - урок-беседа; - урок решения познавательных задач;

		- урок выполнения практических заданий.
Второй этап. Методическая обеспеченность.	Развитие у учащихся умений классифицировать факты, делать обобщения, выводы и применять полученные профессиональные знания в практической деятельности.	- урок проигрывания проблемных ситуаций.
Третий этап. Технологическая умелость, творческая работа учащихся.	Формирование у студентов умений в организации своей учебно-практической деятельности, способности достигать заданный преподавателем уровень качества выполнения различных мыслительных операций и научно-поисковой работы, применение методики.	- урок-семинар с применением учебно-методического комплекса (УМК) студента; - урок научно-поисковой работы; - урок - ролевая игра с последующим анализом и обсуждением.
Четвертый этап. Контроль знаний и умений учащихся.	Проверка у студентов степень усвоения знаний и умений в профессионально-педагогической и научно-исследовательской подготовке.	- урок взаимоконтроля; - урок-смотр знаний и умений; - урок самоанализа; - урок-зачет.

Пройдя все эти уровни подготовки мы в соответствии с графиком учебного процесса приступаем к прохождению производственной практики, где начинается применение полученных знаний и умений в естественных условиях.

Что же представляет собой хронометраж и пульсометрия урока физической культуры по разделу «Спортивные игры» и так ли они необходимы?

Хронометраж необходим для определения общей и моторной плотности урока. Определение плотности способствует повышению интереса к последующим самостоятельным проведениям уроков.

Наше обучение определению плотности урока физической культуры, как уже было сказано, начиналось поэтапно. Мы проработали для начала отдельные его части, а затем соединили их в единое целое. Поскольку, чтобы научить студентов правильно определять плотность урока физической культуры, важно учитывать их индивидуальные особенности и творческий потенциал.

С целью оценки расхода времени и одновременного определения общей и моторной плотности урока наблюдают и хронометрируют деятельность занимающихся. В качестве объекта избирается так называемый средний ученик, достаточно активный и дисциплинированный. Данные наблюдения и хронометрирования фиксируются в протоколе, где указывается содержание педагогического процесса, отмечается время окончания каждого фиксируемого вида деятельности, отмечается педагогически оправданное и неоправданное время, записываются примечания, которые позволяют осмыслить и оценить наблюдаемое.

Обработка данных хронометрирования производится после окончания урока. Для вычисления общей плотности урока суммируют рациональное время (+), затраченное на все виды деятельности, делят эту сумму на время, отведенное на урок и умножают на 100%. Для определения моторной плотности урока суммируется время, затраченное непосредственно на выполнение двигательных действий, делят на время, отведенное на урок и умножают на 100%.

Далее данные анализируются в соответствии с поставленными перед уроком задачами, особенностями занимающихся и условиями проведения урока. Оценку следует сопровождать самостоятельными рекомендациями по средствам и путям повышения общей и моторной плотности данного урока.

Следует учитывать, что общая плотность полноценного урока должна приближаться к 100%. Что касается двигательной плотности, то она может изменяться и достигать высокого уровня, особенно в старших классах.

Исходя из анализа хронометрирования можно выявить положительные и отрицательные черты проведения урока: правильно ли применялись методы ведения урока, рациональность расстановки необходимого оборудования, раздача инвентаря, переключение с одного вида деятельности на другой и т.д. Приведя наглядно примерный протокол хронометража можно выявить,

Часть урока	Содержание и виды деятельности	Текущее время	Наблюдаемые компоненты урока				
			Осмысление	Выполнение	Отдых	Вспом. действия	Простой
Вводно-подготовительная часть (начало урока)	Звонок на урок	00,00					
	Простой	00,30					30 сек
	Построение	01,30		1 мин			
	Рапорт, задачи урока	03,00	1,30				
	Опрос учащихся по данной теме	5,15		2,15			
	Простой	06,00					45 сек
	Перестроение	06,40		40 сек			
	Выполнение подготовительных упражнений на снегу без коньков. Показ 1 упр	07,10	30 сек				
	Выполнение 1 упр	07,30		20 сек			
	Показ 2 упражнения	07,55	25 сек				
	Выполнение 2 упр	08,20		25 сек			
	Показ 3 упражнения	08,45	25 сек				
	Выполнение 3 упр	09,25		40 сек			
	Простой	09,55					30 сек
	Показ 4 упр	10,30	35 сек				
Выполнение 4 упр	11,05		35 сек				

	Показ 5 упражнения	11,30	25 сек				
	Выполнение 5 упр	12,10		40 сек			
	Перестроение	13,15		1,05			

что за 13 с небольшим минут проведения вводно-подготовительной части неоправданное время, т.е. простой, составило 1 мин 45 секунд. В пересчете на проценты общая плотность подготовительной части урока составляет 87%. Соответственно в рамках проведенной подготовительной части можно усмотреть несвоевременное начало урока физической культуры, а также после выполнения 3 упражнения невынужденный простой, вызванный определенными факторами, к которым также может относиться и дисциплина учащихся на уроке. Таким образом, проводя анализ хронометража, проводящий должен выявить для себя положительные и отрицательные моменты, и сделать соответствующие выводы для устранения тех или иных ошибок при проведении урока физической культуры.

Переходя к пульсометрии, нужно сказать, что она является самым распространенным способом определения физической нагрузки на уроке физической культуры.

На уроке у одного из учеников подсчитывается пульс 10-12 раз. Измеряют пульс перед началом урока и перед выполнением каких-либо сложных упражнений или перед решением каждой задачи урока и после нее. Также составляется протокол определения физической нагрузки во время урока, где указываются виды деятельности учащихся на уроке, время измерения пульса, количество ударов в минуту и примечания, касательно состояния учащихся.

Далее данные анализируются, вычерчивается графическое изображение динамики пульса учащегося, из чего делается вывод о правильности подбора средств, методов и форм организации занятия.

В заключение необходимо дать оценку величине нагрузки, ее динамике и указать, как по мнению анализирующего, лучше было бы организовать двигательную деятельность занимающихся на уроке физической культуры по разделу «Спортивные игры».

Ожидаемый результат заключается в овладении педагогической технологией проведения хронометрирования и пульсометрии на уроках спортивных игр; проявлении творческой самостоятельности и рефлексии, получении обратной связи для понимания направления дальнейшего профессионального роста.

Использованная литература

1. Гогунев Е.Н., Мартыянов Б.И. Психология физического воспитания и спорта: Учеб.пособие. – М.,2000.
2. Железняк Ю.Д., Портнов Ю.М. Спортивные игры: Учебник. – М.,2000.
3. Максименко А.М. Основы теории и методики физической культуры. – М.,1999.
4. Настольная книга учителя физической культуры/Под ред. Л.Б. Кофмана. – М.,1998.
5. Теория и методика физического воспитания: учебник/А.А. Васильков. – Ростов н/Д: Феникс, 2008. – 381 с.: ил. – (Высшее образование).
6. Холодов Ж.К. Теория и методика физического воспитания и спорта: учеб. Пособие для студ. высш. учеб. заведений/Ж.К. Холодов, В.С. Кузнецов. – 4-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2006. – 480 с.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Аңдатпа.** Бұл мақалада балаларға қосымша білім берудің қазіргі қоғамдағы маңызы мен рөлі қарастырылады. Автор қосымша білім беру жүйесінің баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы, әлеуметтенуіндегі, кәсіби бағдарлаудағы маңызын атап өтеді. Үшарал қалалық балалар шығармашылық орталығының мысалында қосымша білім беру мекемелерінің жетістіктері, қызмет бағыттары мен инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі сипатталады. Балалардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру, көркем-эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, өнерге баулу, тұлғалық дамуына ықпал ету жолдары ашып көрсетіледі.*

***Түйінді сөздер:** қосымша білім беру, шығармашылық қабілет, көркем-эстетикалық тәрбие, дарынды балалар, өнер, Үшарал балалар орталығы, инновациялық технологиялар, тұлғалық даму.*

***Аннотация.** В статье рассматривается значение дополнительного образования детей в современном обществе. Автор подчеркивает его роль в развитии творческого потенциала, социализации и профессиональной ориентации учащихся. На примере Ушаральского городского центра детского творчества описываются достижения учреждения, направления работы и практика внедрения инновационных технологий. Раскрываются подходы к содержательной организации досуга, формированию художественно-эстетического вкуса, приобщению к искусству и поддержке личностного развития детей.*

***Ключевые слова:** дополнительное образование, творческие способности, художественно-эстетическое воспитание, одаренные дети, искусство, Центр детского творчества Ушарала, инновационные технологии, личностное развитие.*

Әлем тәжірибесі көрсеткендей кез-келген мемлекеттің экономикалық даму жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтардың білім дәрежесіне, біліктілігіне, кәсіби құзіреттілігіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалды капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады. Білім беру ісі кез келген қоғамның жан-жақты кемелденіп өсуіне ерекше ықпал етеді. Жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды өсу заманы-білім және ғылымның заманауи өзгерістерге сай дамуын қажет етеді.

Заманауи технологиялардың қарқынды дамуы - қосымша білім беру процесін түбегейлі өзгертуде. Дәстүрлі әдістер мен құралдар жаңа инновациялық тәсілдермен толықтырылып, білім берудің тиімділігін айтарлықтай арттыруда.

Қазіргі жағдайда балалардың мектеп білімі аясында үнемі іске асырыла бермейтін салалардағы танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты білім беру іс-әрекеті кең қанат жайып келеді. Балаларға қосымша білім берудің құндылығы мен маңыздылығы сол, ол жалпы білім берудің вариативті құрамын күшейтеді, жасөспірімдердің өз-өздерін кәсіби бағдарлауына көмектеседі, балалардың мектепте алған білімдері мен күш-қуаттарын тәжірибеде іске асыруға септеседі. Қосымша білім беру

жағдайында балалар өздерінің шығармашылық әлеуеттерін, қазіргі қоғамға бейімделу дағдыларын дамыта алады және бос уақыттарын толыққанды ұйымдастыру мүмкіндігіне ие болады. Балаларға қосымша білім беру мәселесінің өзектілігі бүгінгі таңда сөзсіз, өйткені ол балаларға білім берудің мәнін жаңаша түсінумен тікелей байланысты. Балаларға қосымша білім беру жүйесі қазіргі жағдайларда білім беру кеңістігінің аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, оны мұқият ойластырылған және тексерілген талаптар негізінде ұйымдастыру дарынды балаларды қолдаумен және дамытумен қамтамасыз ете отырып, балалық шақ дағдарысын еңсеруге, балалар қылмысының, суицидтің алдын алуға көмектесуі мүмкін.

Бүгінгі таңда мемлекет пен қоғам алдындағы басты міндет – Республиканың интеллектуалды әлеуетін сақтау және қазақстандық азаматтардан зиялы қауымды дайындау. Зияткерлік капитал, еңбек адамы, инновациялық ойлау жаңа Қазақстанның басты құндылығына айналуға. Интеллектуалы жоғары, қоғамға жаны аши білетін азаматтарды дайындау мектеп қабырғасынан басталады.

Бастысы – қосымша білім беру жағдайларында балалар жеке қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Ендеше бала өзін әлеуметтік тұрғыда іске асырады, кәсіп меңгеруге дайындалады және нәтижесінде – оның болашақта табысқа жетуге деген мүмкіндіктері артады.

Балаларға қосымша білім беру қазіргі қазақстандық қоғамда қалыптасқан жалпы білім беру кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бала тұлғасын тәрбиелеуді, оқытуды және дамытуды үйлесімді ұштастыра отырып ол әлеуметтік тұрғыда сұранысқа ие және қоғам мен мемлекет тарапынан тұрақты назар мен қолдауды талап етеді.

Қосымша білім беруде бала өмірдегі басты нәрсені түсінеді, өмірдің мәні мен болмысын, өзінің азамат ретінде қалыптасу мүмкіндіктерін іздейді. Балалар өзінде бар шығармашылық қабілеттерін қалыптастыра және дамыта отырып, зияткерлік, адамгершілік, физикалық жетілуге деген жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады, сондай-ақ бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Қазіргі таңда балаларға қосымша білім берудің рөлі күннен күнге арта түсуде.

Жетісу облысы Алакөл ауданы Үшарал қалалық балалар шығармашылық орталығы МКҚК болып 2000 жылдың желтоқсан айында ашылған. Орталықа 17 үйірме, 3 бағыт бойынша (музыка, өнер және кәсіби бағдар бағыты) бойынша жұмыс істейді.

Бүгінгі күні Үшарал қалалық балалар шығармашылық орталығы – облыста өзіндік орны бар, сан мыңдаған жас ұрпақты өнерге баулып, саналы тәрбие беріп, үнемі ізденіспен жұмыс істеп келе жатқан қосымша білім беру мекемесі.

Тұлғаны тәрбиелеуде, оның шығармашылық дамуы мен өзіндік дамуындағы қажетті буын – бұл көркемдік білім беру. Біздің орталық осы көркем-эстетикалық қосымша білім беру бағытында жұмыс істейді.

Музыкалық және көркем бағыттағы балаларға қосымша білім беру ұйымдары кәсіби-бағдарлы бағдарламаларды да, жалпы көркем-эстетикалық дамудың білім беру бағдарламаларын да іске асырады, мәдени-ағарту және мәдени-бос уақыт функцияларын атқарады, балаларды көркем құндылықтарды тұтыну қасиеттеріне тәрбиелейді. Көркем білім беру балаға тануға және шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілікті қабылдауға, өзін-өзі барынша іске асыруға, пәндік, әлеуметтік, кәсіби, жеке тұрғыда өзін-өзі анықтауға мүмкіндік береді.

Өнермен айналысу балалардың музыка, хореография, цирктік, театральды, бейнелеу, декоративті-қолданбалы өнер салаларындағы қабілеттерін дамытады; көркем-эстетикалық талғамды қалыптастырады; ұжымда жұмыс істеу, үлкен сахнада өнер көрсету, көрмелерге

қатысу іскерліктерін тәрбиелейді; кәсіби өзін-өзі анықтауға көмектеседі, өнер мен мәдениеттің орта, арнайы және жоғары оқу орындарында білімдерін жалғастыру үшін барынша дарынды балаларды анықтайды.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары, әдетте, әрбір балаға тең «бастапқы» мүмкіндіктер беріп, балалар мен олардың ата-аналарының тез өзгеріп тұратын қажеттіліктеріне дереу әрекет етеді, дарынды оқушыларға көмек пен қолдау көрсетіп, оларды жеке дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтереді. Республикада фестивальдар, музыкалық конкурстар, көркемөнер көрмелері, түрлі бағыттағы республикалық және облыстық сайыстар, олимпиадалар өткізіледі.

Адамзат баласы өнер білімді дәріптеу жолында қандай да болмасын табыстарға қол жеткізер болса, тану, іздену, үйренуді тоқтатпай үздіксіз жұмыс істеу керек. Орталығымыздың жас суретшілері, музыканттары, өнерпаздары халықаралық, республикалық байқаулардың жүлдегерлері болып табылады. Соңғы 3 оқу жылындағы жетістіктердің көрсеткіші жылдан-жылға жоғары нәтиже көрсетуде. Көрсеткіш бойынша 2024-2025 оқу жылында – барлығы 197 жүлделі орынға ие болды.

Балаларға қосымша білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, цифрлық платформаларды, интерактивті оқыту әдістерін пайдалану білім алушылардың қызығушылықтарын күшейтіп қана қоймай, олардың ерекше нәтижелерге жетуіне үлкен мүмкіндік беріп отыр.

Қай заманда, қай қоғамда болмасын алдымызда тұрған зор міндеттердің бірі – болашақ ұрпақты тәрбиелеу. Баланың қоғамға өзіндік пайдасын тигізетін ұрпақ болып дамып, жетілуіне бірден-бір ықпал ететін орын – ол қосымша білім беру мекемесі. Қосымша білім беру жүйесі - тек тұлғаны ғана емес, оның барлық адамдық болмысын да қалыптастырудың құралы. Сондықтан да бала дамуының маңызды баспалдақтарының бірі қосымша білім беруді дамытып, оның қазақстандық білім беру жүйесіндегі беделі мен орнын айшықтай түсу – қосымша білім беру педагогтары, сіздер мен біздің басты міндетіміз. Олай болса, жұмыстарыңызға сәттілік пен шығармашылық табыс тілеймін.

**ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ЦИФРОВИЗАЦИЯ
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ**

УДК 374.1

Таудаева Э.С.

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы,
«Өскенбай Қалманбетұлы атындағы Жетібай балалар өнер мектебі»
жедел басқару құқығындағы МКҚК

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕГІ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ
САБАҚТАСТЫҒЫ**

***Аңдатпа.** Бұл мақалада қосымша білім беру жүйесінде инновациялық технологиялар мен цифрландырудың маңызы қарастырылады. Автор оқыту процесінде жобалық оқыту, STEAM, робототехника, геймификация сынды заманауи әдістердің тиімділігін, сондай-ақ дәстүрлі өнер мен музыканы заманауи форматта ұсынудың жолдарын сипаттайды. Сонымен қатар, цифрлық білім ресурстары мен платформалардың оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы рөлі мен педагогтың өзгеріп жатқан функциясы талданады. Цифрландыру мен инновациялық әдістерді қосымша білім беруде қолдану – ұлттық мәдениетті сақтап, шығармашыл ұрпақ тәрбиелеудің өзекті тетігі ретінде ұсынылады.*

***Түйінді сөздер:** қосымша білім беру, цифрландыру, инновациялық технологиялар, STEAM, геймификация, цифрлық ресурстар, дәстүрлі өнер, ұлттық мәдениет, педагогтың рөлі, шығармашылық даму.*

***Аннотация.** В статье рассматривается значение цифровизации и внедрения инновационных технологий в систему дополнительного образования. Автор анализирует эффективность таких современных методов, как проектное обучение, STEAM, робототехника, геймификация, а также раскрывает подходы к интеграции традиционного искусства и музыки с цифровыми форматами. Особое внимание уделяется использованию цифровых платформ и ресурсов в развитии творческого потенциала учащихся и изменяющейся роли педагога. Цифровизация и инновационные методы представлены как актуальный инструмент сохранения национальной культуры и воспитания креативного поколения.*

***Ключевые слова:** дополнительное образование, цифровизация, инновационные технологии, STEAM, геймификация, цифровые ресурсы, традиционное искусство, национальная культура, роль педагога, творческое развитие.*

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесі үнемі жаңарып, дамып отыруды талап етеді. Әлемдік білім кеңістігіне кірігу барысында оқыту сапасын арттыру, оқушының шығармашылық әлеуетін ашу, жеке қабілеті мен қызығушылығын дамыту мәселесі басты назарда тұр. Осы тұрғыдан алғанда, қосымша білім беру жүйесі – оқушылардың еркін ойлауына, өздігінен ізденуіне және өмірлік дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік беретін маңызды сала. Қосымша білім беру тек пәндік біліммен шектелмей, баланың шығармашылық және рухани дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына, өз ойын

еркін жеткізуіне жол ашады. Мұнда оқушылар жаңа идеяларды іздеп, жобалар жасап, өнер мен ғылымды үйлестіру арқылы жеке тұлға ретінде қалыптасады. Қазіргі таңда білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі – инновациялық технологияларды енгізу мен оқыту процесін цифрландыру. Бұл үрдіс білім сапасын арттырып қана қоймай, оқушының оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын күшейтіп, оны шығармашылыққа жетелейді.

Инновациялық әдістер мен технологиялардың мәні. Инновациялық технологиялар – оқыту процесін жаңаша ұйымдастырып, оқушы мен мұғалімнің өзара әрекетін белсенді ететін заманауи әдістер мен құралдар жүйесі. Олар дәстүрлі әдістемелерге қарағанда, баланың жеке ерекшелігін ескеріп, оның қабілетін ашуға бағытталған.

Қосымша білім беруде жиі қолданылатын инновациялық технологиялар:

- Жобалық оқыту технологиясы – оқушыға нақты тақырып немесе мәселе бойынша өз бетінше зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы оқушылар жауапкершілік сезімін дамытып, өз еңбегінің нәтижесін көруге ұмтылады. Мысалы, экологиялық жоба жасау, шағын музыкалық туынды жазу немесе әлеуметтік бейнеролик түсіру арқылы олар нақты өнім дайындап, өз идеясын жүзеге асырады.

- STEAM білім беру (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics) – ғылым мен өнердің байланысын терең түсінуге бағытталған тәсіл. Бұл бағытта оқушылар физика мен музыканы, инженерия мен бейнелеу өнерін біріктіре отырып, күрделі мәселелерге шығармашылық тұрғыдан қарайды. Мысалы, музыкалық аспаптың дыбыстық қасиетін зерттеу арқылы оқушылар әрі физикалық құбылысты, әрі эстетикалық әсерді түсінеді.

- Робототехника және 3D модельдеу – техникалық бағыттағы инновациялық әдістердің бірі. Оқушылар робот құрастыру, бағдарламалау, 3D модель жасау арқылы логикалық және инженерлік ойлау қабілеттерін дамытады. Бұл олардың болашақтағы мамандық таңдауы мен технологиялық сауаттылығына үлкен әсер етеді.

- Геймификация (ойын арқылы оқыту) – оқыту процесін ойын элементтерімен байыту. Бұл тәсілде оқушылар ұпай жинау, миссия орындау, деңгейден өту сияқты әрекеттер арқылы оқу процесіне қызығушылықпен қатысады. Мысалы, музыка сабағында оқушыларға «шығармашылық тапсырма» түрінде бейнежоба жасау немесе дыбыс эффектісін ойлап табу секілді ойын түрінде берілсе, ол оқу процесін жандандырады.

Дәстүрлі өнер мен музыканы заманауи технологиямен ұштастыру. Қосымша білім беру саласында дәстүрлі өнер мен музыканы цифрландыру – ұлттық мәдени мұраны сақтау мен оны қазіргі заман талабына сай дамытудағы маңызды бағыт.

Мысал ретінде:

- Ұлттық күйлер мен халық әндерін аудио-видео форматта цифрландыру;
- Виртуалды аспаптар арқылы домбыра, қобыз, жетіген сияқты ұлттық аспаптарда ойнауды үйрету;
- Мультимедиялық сабақтар, онлайн концерттер мен виртуалды көрмелер ұйымдастыру;
- Интерактивті платформаларда халық композиторларының шығармаларын тыңдау және талдау — мұның бәрі дәстүрлі өнерді жаңа буынға жақындатады.

Мұндай тәсіл оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырып қана қоймай, олардың ұлттық мәдениетке деген құрметін арттырады. Сонымен қатар, музыка пәні мұғалімдері GarageBand, BandLab, Soundtrap сияқты музыкалық бағдарламаларды пайдалана отырып, балаларға өз туындыларын жазуға және дыбыстық өңдеу дағдыларын

меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл – креативті және заманауи ойлауды қалыптастырудың нақты көрінісі. Цифрландыру – білім беру саласын дамытудың негізгі тетігі. Қазіргі таңда көптеген қосымша білім беру мекемелері BilimLand, Kundelik, Google Classroom, Canva, Quizizz сияқты платформаларды пайдалану арқылы сабақтарды қызықты әрі тиімді ұйымдастырады. Цифрлық білім ресурстары:

- Мұғалімдерге оқу материалдарын интерактивті түрде ұсынуға;
- Оқушыларға өз қарқынымен оқуға;
- Ата-аналарға оқу нәтижесін бақылауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, виртуалды шеберлік сабақтары, онлайн байқаулар мен вебинарлар балаларға қашықтан да сапалы білім алуға жол ашады. Оқушылардың электронды портфолиосы мен цифрлық сертификаттары олардың жетістігін дәлелдеп, мотивацияны арттырады. Педагогтың рөлі туралы айта кетсек. Инновациялық технологияларды тиімді қолдану үшін педагог үнемі ізденіс үстінде болуы қажет. Мұғалім тек ақпарат беруші емес, оқушының серіктесі, бағыт берушісі және шабыттандырушысы болуы тиіс. Қазіргі педагог:

- Цифрлық сауатты болуы керек;
- Интерактивті және шығармашылық әдістерді қолдануы қажет;
- Ұлттық құндылықты сақтап, оны заманауи форматта насихаттауы маңызды.

Ол оқушылардың қызығушылығын оятып, олардың жеке дамуына жағдай жасауы тиіс. Педагогтың жаңашылдығы – қосымша білім берудің нәтижелілігін арттырады.

Қорытындылай келе, қосымша білім беруді цифрландыру мен инновациялық технологияларды енгізу – уақыт талабы. Бұл бағыт оқушылардың білімге деген ынтасын арттырып қана қоймай, олардың болашақта бәсекеге қабілетті, шығармашыл, рухани бай тұлға болып қалыптасуына зор ықпал етеді. Дәстүрлі өнер мен музыканы цифрлық форматта үйрету – ұлттық мәдениетті сақтаудың әрі оны жаңа буынға жеткізудің ең тиімді жолы. Бүгінгі педагог – жаңашыл, заманауи технологияларды еркін меңгерген, ұлт руханиятын технология дәуірінде де сақтап, дамыта білетін тұлға.

Сондықтан инновациялық қосымша білім – ертеңгі интеллектуалды, мәдениетті және рухани бай ұлттың кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаев. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Жолдауы. – Астана, 2023 ж.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007 ж. (2023 жылғы өзгерістер мен толықтыруларымен).
3. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2018 ж.
4. Назарбаев, Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017 ж.
5. Әбиев, Ж., Бабаева, А. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2020. – 420 б.
6. Сейітқалиев, Қ., Құрманова, Г. Қосымша білім беру педагогикасы. – Алматы: Білім, 2021. – 240 б.
7. Кәріпжанова, Г. Білім берудегі инновациялық технологиялар. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 198 б.

8. Бектұрғанова, С. Қосымша білім беру жүйесіндегі цифрландыру үрдістері. // Білім беру және инновация журналы. – 2022. – №3. – 45–51 б.
9. Тәжібаева, А. Инновациялық педагогикалық технологиялар: теория және практика. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 312 б.
10. ЮНЕСКО. Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives. – Paris, UNESCO, 2020.
11. Mishra, P., & Koehler, M. J. Technological Pedagogical Content Knowledge (TPACK) Framework. – Contemporary Issues in Technology and Teacher Education, 2006.
12. Сайрамбаев, А. Қазақ музыка өнерін оқытудың инновациялық тәсілдері. – Шымкент: Айқап, 2022. – 175 б.
13. BilimLand.kz – заманауи онлайн білім беру платформасы [электрондық ресурс]. – Қолжетімді: <https://bilimland.kz>
14. Kundelik.kz – білім беру процесін цифрландыру жүйесі [электрондық ресурс]. – Қолжетімді: <https://kundelik.kz>

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ЭМОЦИОНАЛЬНОМ РАЗВИТИИ УЧАЩИХСЯ В КЛАССЕ ФОРТЕПИАНО ДМШ

***Аңдатпа.** Мақалада балалар музыка мектебіндегі фортепиано сабағында оқытудың эмоционалды-әрекеттік компонентін дамытуға бағытталған инновациялық педагогикалық технологиялар қарастырылады. Автор оқушының музыкалық әрекетке эмоционалды түрде қатысуының және шығармашылық белсенділігінің маңыздылығын атап өтеді, сондай-ақ педагогтың баланың мотивациялық және сезімдік ортасын қалыптастырудағы рөлін айқындайды. Piano Maestro, Simply Piano сияқты интерактивті бағдарламаларды, жобалық және диалогтық оқытуды, арт-терапия мен ойын элементтерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мысалдары келтіріледі. Инновациялық технологияларды пайдалану музыкалық білім сапасын арттырып, оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен эмоционалды жауапкершілігін дамытатыны көрсетіледі.*

***Түйінді сөздер:** музыкалық білім, фортепиано, инновациялық технологиялар, эмоционалды-әрекеттік компонент, мотивация, интерактивті әдістер, жобалық оқыту, арт-терапия, АКТ, шығармашылық даму.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются инновационные педагогические технологии, направленные на развитие эмоционально-деятельностного компонента обучения в классе фортепиано в детской музыкальной школе. Автор подчеркивает значимость эмоционального отклика и творческого вовлечения учащихся в музыкальную деятельность, а также раскрывает роль педагога в формировании эмоциональной и мотивационной сферы ребёнка. Приводятся примеры использования современных интерактивных программ (Piano Maestro, Simply Piano), проектного и диалогового обучения, арт-терапии, геймификации и ИКТ как инструментов активизации интереса и самостоятельности учеников. Отмечается, что применение инновационных технологий способствует повышению качества музыкального образования, развитию творческой инициативы и эмоциональной отзывчивости учащихся.*

***Ключевые слова:** музыкальное образование, фортепиано, инновационные технологии, эмоционально-деятельностный компонент, мотивация, интерактивные методы, проектное обучение, арт-терапия, ИКТ, творческое развитие.*

Президент Касым-Жомарт Токаев заявил, что Казахстану необходимы принципиально новые подходы в сфере образования. «Применение современных технологий позволит в краткие сроки и эффективно модернизировать систему образования. Мы должны развивать сферу образования в соответствии с лучшими международными стандартами», - сказал Президент, выступая на Республиканском съезде педагогов [5].

В условиях обновления содержания музыкального образования особое внимание уделяется формированию эмоциональной и деятельностной сферы учащихся. Современный ученик требует новых подходов, которые активизируют не только мышление, но и чувства, воображение, внутреннюю мотивацию.

Эмоционально-деятельностный компонент обучения - это совокупность эмоциональных, волевых и мотивационных процессов, обеспечивающих активное участие учащегося в музыкальной деятельности. Его развитие напрямую связано с личностным ростом ребёнка и его успешностью в музыкальном исполнительстве.

Музыкальное искусство по своей природе эмоционально. Именно через переживание и осознание музыки формируется музыкальный вкус, выразительность и способность к самовыражению. Если ученик играет без внутреннего чувства, без отклика - обучение теряет художественный смысл. Поэтому задача педагога не только научить технике, но и развить эмоциональную включённость, творческое отношение к процессу.

Традиционные формы обучения (повторение, разбор, репетиция) не всегда обеспечивают достаточный уровень эмоциональной мотивации. Инновационные технологии позволяют сделать уроки более интерактивными, личностно-ориентированными и творческими, что особенно важно в детской музыкальной школе [1].

Примеры инновационных педагогических технологий, которые можно применять в работе с учащимися детской музыкальной школы на уроках в классе фортепиано с целью развития эмоционально-деятельностного компонента:

1. Интерактивные технологии. Использование обучающих программ (*Piano Maestro, Simply Piano*) помогает сделать процесс освоения материала интересным и визуально наглядным. Ученик может наблюдать свой прогресс, слушать эталонное исполнение, корректировать ошибки самостоятельно. Например программа Piano Maestro рекомендует подходящие произведения на основе уровня навыков ученика и его интересов; даёт советы по технике игры на фортепиано, например, по постановке рук, силе пальцев и использованию педали; руководит интерпретацией музыки, предоставляя информацию о том, как выразить эмоции и динамику в музыкальном произведении. А обучающая программа Simply Piano даёт возможность учащемуся быстро и неформально научиться игре на пианино. Приложение использует любое пианино или клавиатуру и пошагово обучает основам, от чтения нот до игры двумя руками [4].

2. Технология проектного обучения. Ученики могут готовить проекты - мини-исследования или творческие презентации, посвящённые музыкальным образам, композиторам, собственным эмоциям от произведения. Это развивает самостоятельность, воображение и коммуникативные навыки.

3. Диалоговые технологии. Важным элементом становится обсуждение с учеником эмоционального содержания произведения: «Что чувствует герой этой музыки?», «Какое настроение ты хотел бы передать?» Такой диалог помогает осознать внутренний смысл произведения и выстроить личностное отношение к нему.

4. Технология индивидуализации обучения. Предполагает подбор репертуара с учетом эмоциональных особенностей ученика; использование метода «эмоциональной поддержки» - создание ситуации успеха, позитивного отклика; применение аудиовизуальной обратной связи, в ходе которой учитель и ученик проводят совместный анализ художественной и технической стороны произведения.

5. Технология эмоционально-творческого развития. Предлагается учащемуся сделать импровизацию на заданное эмоциональное состояние («радость», «грусть», «ожидание»); создать мини-композицию на основе личных чувств или впечатлений; показать музыкальные этюды на выражение конкретных эмоций через динамику, темп, артикуляцию.

6. Элементы арт-терапии и музыкально-ассоциативных игр. Рисование музыкальных образов, подбор цвета или движения к звучанию помогает ребёнку

эмоционально осознать музыку через другие виды деятельности. Освоение игры на фортепиано зачастую не требуют от начинающего пианиста значительных усилий, потому что во многом обучение представляется ему как новая, интересная игра. Преподавателю в свою очередь необходимо поддерживать такое ощущение, регулярно вводя в урок игровые эмоциональные ситуации. Таким образом, ребенок овладевает языком музыки без отрыва от естественной для его возраста «игровой фазы». Например, «Музыкальные ребусы», или игра «Найди клавишу». Эта игра развивает слух. Для ее проведения необходимо подготовить 10 фишек. Ребенок отворачивается, а преподаватель нажимает клавишу и просит найти ее с трех попыток. Если ученик не сумел указать клавишу правильно, фишка переходит к преподавателю, если сумел – к ученику. От способа подачи материала порой зависит заинтересует ребенка данный вид работы или озадачит.

7. Использование ИКТ в обучении. В последнее время под информационными технологиями чаще всего понимают компьютерные технологии. На компьютере возможен просмотр учебных фильмов (например, сюжет о том, как создают фортепиано), просмотр выступления музыкантов, просмотр презентаций с подходящей тематикой (например, об истории создания фортепиано), участие в Интернет конкурсах и фестивалях. В средних и старших классах возможно использование интернет-ресурсов для поиска нужных нот на сайтах, послушать изучаемое произведение в различных исполнениях. Такая работа способствует получению новых знаний, развитию умения анализировать, сопоставлять и делать необходимые выводы. В классе фортепиано можно использовать традиционные формы работы, такие как подбор по слуху, сочинение, игру в ансамбле. Среди новых технологий заслуживает внимание игра пьес с фонограммой «минус». Использование фонограммы в учебном процессе, несомненно, дополняет и расширяет содержание музыкального образования, а главное, мотивирует учащихся к обучению. Играя под такой аккомпанемент, юный музыкант уже на начальном этапе сможет ощутить себя маленьким артистом и это стимулирует его занятия на инструменте. Занятия с фонограммой в домашних условиях дают ощущение игры в оркестре, ансамбле, развивая музыкальный вкус и раскрывая творческий потенциал учащихся. Исполнение фортепианных пьес с фонограммой не только развивает интерес, но и музыкальные способности:

- воспитывается исполнительская дисциплина,
- концентрация внимания - метроритмическая организованность,
- ускоряется мыслительный процесс,
- развивается музыкальный слух,
- эмоциональная отзывчивость,
- развивается ансамблевая игра;
- расширяется музыкальный кругозор,
- снимается зажатость и страх публичных выступлений [3].

Роль педагога в использовании инновационных педагогических технологий заключается в том, чтобы осваивать нововведения, внедрять новые формы, методы, методики, средства, технологии и программы в воспитательно-образовательный процесс. А также педагог становится не только носителем знаний, но и организатором творческого процесса. Его задача - создать доверительную атмосферу, где ученик чувствует эмоциональную безопасность и свободу самовыражения. Вот некоторые аспекты роли педагога в инновационной деятельности:

1. Реализация компетентного подхода. Педагог должен проектировать образовательный процесс таким образом, чтобы обеспечить развитие у учащихся коммуникативных, информационных, социальных и других компетенций.

2. Внедрение личностно-ориентированного обучения. Педагог должен создавать условия для самореализации каждого ученика, обеспечивая ему свободу выбора и поддержку в процессе обучения.

3. Формирование метакогнитивных навыков. Обучение учащихся осознанному управлению собственным познавательным процессом, развитию навыков саморегуляции, рефлексии и самооценки.

4. Создание инклюзивной образовательной среды. Обеспечение равных возможностей для всех обучающихся, независимо от их индивидуальных особенностей [2].

Результатами применения инноваций в учебном процессе с учащимися на занятиях фортепиано являются:

- Повышение интереса и мотивации к занятиям;
- Развитие музыкально-эстетического восприятия;
- Формирование эмоциональной отзывчивости;
- Активизация творческой инициативы;
- Рост уверенности и самостоятельности ученика.

Таким образом, развитие эмоционально-деятельностного компонента на уроках фортепиано невозможно без применения инновационных технологий. Они делают процесс обучения современным, увлекательным и лично значимым. Музыка становится не просто предметом изучения, а средством формирования чувств, мышления и духовного мира ребёнка. Урок с игровыми или нестандартными элементами - прекрасный способ превратить занятие в радостное событие, которого ученики ждут с нетерпением. Музыкальные занятия должны быть современными, педагоги должны широко использовать новые технологии, а воспитанники - больше использовать компьютер в подготовке к занятиям, закреплении материала, ответах на интересующие вопросы по музыкальным предметам. Современные технологии обеспечивают разнообразие, доступность и оригинальность учебной информации в отличие от традиционных средств обучения музыки. Они помогают педагогу сделать процесс обучения более эффективным и качественным.

Список литературы

1. Винокурова Е. Развивающее обучение в классе фортепиано детской музыкальной школы / Е.Винокурова. - Астрахань, Проект LENOLIU, 2008г.;
2. Мартинсен К. А. Методика индивидуального преподавания игры на фортепиано / К.А. Мартинсен. - М.: Классика - XXI, 2003г.;
3. Перископова М.В. Современные образовательные технологии в музыкальном образовании / М.В. Перископова. – Нижний Новгород: Изд-во Нижегородской консерватории им.Д.Медведева, 2012г.
4. Топ-5 приложений для обучение игре на фортепиано [Электронный ресурс]- <https://muzzone.kz/top-5-prilozheniy-dlya-obucheniya-igre-na-fortepiano.html>
5. Tengrinews.kz. [Электронный ресурс]-

6. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/neobhodimyi-printsipialno-novyie-podhodyi-tokaev-obrazovanii-512553/

АДАЛ ҰРПАҚ КЕҢІСТІГІ: АУЛА КЛУБТАРЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Аңдатпа. “Адал ұрпақ кеңістігі: аула клубтарындағы тұлғалық және азаматтық даму бағдарламасы” Мақалада балалар мен жасөспірімдердің тұлғалық және азаматтық дамуын қамтамасыз етудегі аула клубтарының рөлі қарастырылады. “Адал ұрпақ кеңістігі” бағдарламасы өскелең ұрпақтың адамгершілік, патриоттық және әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған кешенді тәрбиелік жүйе ретінде сипатталады. Бағдарлама мазмұнында арт-терапиялық тәсілдер, дебат және квест ойындары, еріктілік пен әлеуметтік жобалар элементтері арқылы балалардың өзін-өзі тану, сыни ойлау, топта жұмыс жасау және азаматтық белсенділік дағдыларын дамыту көзделген. Аула клубтары тәрбие процесінде ашық әлеуметтік кеңістік ретінде қарастырылып, олардың тәрбиелік әлеуетін тиімді пайдалану жолдары айқындалады. Зерттеу нәтижесінде “Адал ұрпақ кеңістігі” бағдарламасы балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға, адалдық, әділдік және өзара құрмет құндылықтарын нығайтуға мүмкіндік беретіні анықталды.

Түйінді сөздер: адалдық, тұлғалық даму, азаматтық тәрбие, аула клубтары, патриоттық құндылықтар, әлеуметтік белсенділік.

Аннотация. «Пространство добропорядочного поколения: программа личностного и гражданского развития в дворовых клубах». В статье рассматривается роль дворовых клубов в обеспечении личностного и гражданского развития детей и подростков. Программа «Пространство добропорядочного поколения» представлена как комплексная воспитательная система, направленная на формирование у подрастающего поколения моральных, патриотических и социальных ценностей. Содержание программы включает использование арт-терапевтических методов, дебатов, квест-игр, волонтерской деятельности и социальных проектов, способствующих развитию самопознания, критического мышления, навыков командной работы и гражданской активности. Дворовые клубы рассматриваются как открытое социально-воспитательное пространство, обладающее значительным потенциалом в формировании ценностных ориентиров молодежи. Результаты исследования показывают, что реализация программы «Пространство добропорядочного поколения» способствует содержательной организации свободного времени детей и подростков, укреплению ценностей честности, справедливости и взаимного уважения.

Ключевые слова: честность, личностное развитие, гражданское воспитание, дворовые клубы, патриотические ценности, социальная активность.

«Адал Азамат» бағдарламасы — жастар арасында адалдық, жауапкершілік, әділдік және патриотизм құндылықтарын дамытуға бағытталған ұлттық бағдарлама. Осы идеяларды негізге ала отырып, аула клубтарына арналған жаңа, практикалық бағдарлама төменде ұсынылады.

Өзектілігі

Қазіргі қоғамда балалар мен жасөспірімдерге тек қана білім мен дағды емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік және азаматтық құндылықтарды қалыптастыру қажет. Аула клубтары – жастардың өмірлік дағдыларды үйренуіне, дұрыс мінез-құлық пен әлеуметтік

жауапкершілікті дамытуына мүмкіндік беретін маңызды орта. Бұл бағдарлама «Адал Азамат» қағидаттарын аула деңгейінде жүзеге асыруға бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты

Балалар мен жасөспірімдердің тұрғылықты жері бойынша клубтарында адалдық, жауапкершілік, әділдік және еңбексүйгіштік құндылықтарына негізделген тәрбиелік және дамытушылық орта құру.

Міндеттері:

1. Аула клубтарының тәрбиелік жұмысын «Адал Азамат» құндылықтарына бейімдеу.
2. Балалар мен жасөспірімдердің бойында азаматтық белсенділік пен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру.
3. Этикалық мәдениетті, өзара құрмет пен достықты дамытуға бағытталған жобалар ұйымдастыру.
4. Патриоттық, экологиялық және волонтерлік бағыттағы іс-шаралар өткізу.
5. Балалардың өз идеяларын қоғам игілігіне айналдыра алуына жағдай жасау.

Негізгі бағыттар:

1. «Адал жүрек» – рухани және адамгершілік тәрбие

- «Менің өмірлік қағидам» әңгімелер клубы
- Мейірімділік апталығы
- «Адалдық пен әділдік» тренингтері

2. «Белсенді азамат» – әлеуметтік және еріктілік қызмет

- Ауладағы экологиялық сенбіліктер
- «Жақсылық жаса» челленджі
- Ардагерлерге, жалғызбасты қарттарға көмек көрсету жобалары

3. «Креативті кеңістік» – тұлғалық даму мен шығармашылық

- Арт-терапия және көркем үйірмелер жұмысы
- «Менің елім – менің мақтанышым» квест ойыны
- Шағын әлеуметтік жобалар байқауы

4. «Цифрлық мәдениет» – медиа және ақпараттық сауаттылық

- «Интернеттегі адалдық» тренингтері
- Кибермәдениет және онлайн-қоғамдастық этикасы
- Қауіпсіз цифрлық орта құру сабақтары

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Менің өмірлік қағидам» әңгімелер клубының жалпы сипаттамасы

Атауы: «Менің өмірлік қағидам»

Бағыты: рухани-адамгершілік және тұлғалық даму

Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің өмірлік құндылықтарын айқындауға, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, өз ойын ашық айтуға және өз ұстанымын дәлелдеуге үйрету.

Міндеттері:

Оқушылардың өзін-өзі тануына және өз қабілеттерін ашуына ықпал ету;

Өмірлік қағидалар, жауапкершілік, мейірімділік, достық туралы түсініктерін кеңейту;

Диалог пен пікір алмасу мәдениетін дамыту;

Оқушылардың рухани және әлеуметтік белсенділігін арттыру.

Қатысушылар: 7–11 сынып оқушылары

Жетекшісі: педагог-ұйымдастырушы

Жиілік: айына 1 рет

Формат: ашық әңгіме, пікірталас, эссе, тренинг, кездесу

«Мейірімділік апталығы»

Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің бойында мейірімділік, қамқорлық, ізгілік сияқты адами қасиеттерді қалыптастыру; бір-біріне көмек көрсетуге, жақсы іс жасауға ынталандыру.

Міндеттері:

Мейірімділік пен ізгілік ұғымдарын терең түсіндіру;

Оқушылардың эмоционалдық мәдениетін, жанашырлығын дамыту;

Қоғамға пайдалы істерге тарту арқылы жауапкершілікті арттыру;

Қоршаған орта мен адамдарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Ұйымдастыру мерзімі

Өткізу уақыты: 1 апта (мысалы, 10–15 ақпан)

Жауаптылар: педагог-ұйымдастырушы

Қатысушылар: 1–11 сынып оқушылары

Апталықтың ұраны: «Жақсылық жасау – жүректен!»

«Адалдық пен әділдік» тренингісінің тақырыбы: «Адалдық пен әділдік – адамдықтың айнасы»

Мақсаты: Қатысушылардың бойында адалдық, әділдік, шыншылдық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру; өмірлік жағдайларда әділ шешім қабылдау дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

Адалдық пен әділдік ұғымдарының мәнін түсіндіру;

Оқушылардың ойлау, пікір білдіру және талдау қабілетін жетілдіру;

Әркімнің өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

Өзара сыйластық пен сенімді қарым-қатынас орнатуға ықпал ету.

Қатысушылар: 5–11 сынып оқушылары немесе жасөспірімдер (10–25 адам).

Өткізу түрі мен ұзақтығы:

Психологиялық тренинг, пікірталас, ойын элементтерімен.

Ұзақтығы: 45–60 минут.

«Ауладағы экологиялық сенбіліктер» жобасының тақырыбы: «Таза аула – таза табиғат!»

Мақсаты: Оқушылардың экологиялық мәдениетін арттыру, қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты аялауға тәрбиелеу, ұжымдық еңбек дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

Қоршаған ортаны қорғау мен тазалыққа деген жауапкершілікті арттыру;

Еңбекке, ұқыптылыққа тәрбиелеу;

Табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлық сезімін қалыптастыру;

Мектеп аумағында, тұрғын үй ауласында экологиялық мәдениет қалыптастыру.

Ұйымдастыру мерзімі мен қатысушылар:

Уақыты: Көктем және күз мезгілдері (сенбі күндері, айына 1 рет).

Қатысушылар: ұйымдастырушы ұстаздар, аула клуб тәрбиеленушілері.

Жауаптылар: педагог-ұйымдастырушы.

Ұраны: «Бірлікпен тазалық жасайық – табиғатты аялауға үлес қосайық!»

«Жақсылық жаса!» челленджінің тақырыбы: «Жақсылық жаса – әлемді жылыт!»

Мақсаты: Балалардың бойында мейірімділік, ізгілік, жанашырлық қасиеттерін дамыту; адамдарға көмек көрсету арқылы рухани мәдениетті қалыптастыру және қоғамға пайдалы істер жасауға ынталандыру.

Міндеттері:

Жақсылық пен қамқорлықтың маңызын түсіндіру;

Оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру;

Әлеуметтік жауапкершілікті арттыру;

Өз іс-әрекетіне жауапты болуға және басқаларға үлгі болуға тәрбиелеу.

Ұйымдастыру мерзімі мен қатысушылар:

Мерзімі: 1 апта (мысалы, 4–10 наурыз аралығы).

Қатысушылар: 1–11 сынып оқушылары, ата-аналар, педагогтар.

Жауаптылар: педагог-ұйымдастырушылар.

Ұраны: «Бір кішкентай жақсылық – үлкен өзгеріс бастамасы!»

«Қамқор жүрек» әлеуметтік жобасы атауы:

«Қамқор жүрек» – ардагерлер мен жалғызбасты қарттарға көмек көрсету жобасы
Жобаның өзектілігі: Қазіргі қоғамда қарт адамдарға қамқорлық таныту – адамгершілік пен

ізгіліктің көрінісі. Ардагерлер мен жалғызбасты қарттар өмір жолында көп еңбегі сіңген, бірақ кейде жалғыздық пен қолдаудың жетіспеушілігін сезінетін жандар. Жоба осындай азаматтарға рухани және материалдық қолдау көрсету, оқушылардың бойында мейірім, құрмет және азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыруды мақсат етеді.

Мақсаты: Ардагерлер мен жалғызбасты қарттарға қамқорлық көрсету арқылы жас ұрпақты мейірімділікке, ізгілікке және еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

Қарт адамдарға көмек көрсету мәдениетін қалыптастыру;

Ұрпақтар арасындағы сабақтастықты дамыту;

Ардагерлер мен қарт адамдардың өмір тәжірибесін насихаттау;

Қоғамда әлеуметтік белсенділікті арттыру және еріктілік қозғалысын қолдау.

Ұйымдастыру мерзімі мен қатысушылар:

Мерзімі: жыл бойы (айына бір рет кездесулер ұйымдастыру).

Қатысушылар: 7–11 сынып оқушылары, еріктілер тобы, педагогтар.

Жауаптылар: педагог-ұйымдастырушы.

«Өнер арқылы рухани үйлесімге жол» жобасының тақырыбы:

«Өнер арқылы рухани үйлесімге жол» – арт-терапия және көркем үйірмелер жұмысы.

Өзектілігі:

Қазіргі заманда балалар мен жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайы, психологиялық тұрақтылығы мен өзін-өзі білдіру дағдылары маңызды орын алады. Арт-терапия (өнер арқылы емдеу) баланың ішкі әлемін ашуға, эмоцияларын шығармашылық жолмен білдіруге мүмкіндік береді. Көркем үйірмелер осы бағытты дамытуға, эстетикалық талғам мен өзіндік пікірді қалыптастыруға ықпал етеді.

Мақсаты: Өнер мен шығармашылық арқылы оқушылардың тұлғалық дамуын, эмоциялық тепе-теңдігін, өзін-өзі тану және сенімділігін арттыру.

Міндеттері:

Арт-терапиялық әдістер арқылы балалардың эмоционалдық жағдайын жақсарту;

Шығармашылық белсенділікті арттыру және өзіндік ойлауды дамыту;

Эстетикалық және рухани мәдениетті қалыптастыру;

Көркемдік үйірмелер арқылы ұжымдық шығармашылыққа баулу.

Қатысушылар: 7–17 жас аралығындағы оқушылар; педагог-психолог, бейнелеу өнері мұғалімі, қосымша білім педагогтары.

«Менің елім – менің мақтанышым» квест ойыны

Мақсаты: Оқушылардың отансүйгіштік сезімін арттыру, туған жер тарихын, мәдениетін, дәстүрін терең білуге баулу, топтық жұмыс пен көшбасшылық дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

Қазақстан тарихы мен мәдениеті туралы білімдерін кеңейту;

Командалық рух пен ұйымшылдықты қалыптастыру;

Патриоттық сезімді, жауапкершілікті тәрбиелеу;

Қызықты ойын арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Жалпы мәлімет:

Қатысушылар: 5–9 сынып оқушылары (2–4 топ).

Ұзақтығы: 60–90 минут.

Өткізу формасы: интерактивті квест ойыны.

Өткізу орны: БШҰ ауласы, қалалық саябақ.

«Шағын әлеуметтік жобалар байқауы» тақырыбы: «Игі істерге бірге ат салысайық!»

Мақсаты: Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған шағын жобаларды ұсыну және жүзеге асыруға ынталандыру.

Міндеттері:

Әлеуметтік жобалау дағдыларын қалыптастыру;

Азаматтық жауапкершілік пен белсенді өмірлік ұстанымды дамыту;

Командалық жұмыс пен көшбасшылық қабілеттерді жетілдіру;

Қоғамға пайдалы идеяларды іске асыруға қолдау көрсету.

Жалпы мәлімет:

Қатысушылар: 5–11 сынып оқушылары, жастар ұйымдары, еріктілер топтары.

Өткізу уақыты: 60–90 минут.

Өткізу орны: мәжіліс залы.

«Интернеттегі адалдық» тренингі

Мақсаты: Жасөспірімдердің интернеттегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру, ақпараттық этиканы сақтау, желідегі адалдық, жауапкершілік және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

Интернеттегі адалдық пен жауапкершілік ұғымдарын ашу;

Онлайн кеңістіктегі этикалық нормаларды талқылау;

Ақпаратты тексеру, фейк жаңалықтарды ажырату дағдыларын дамыту;

Қатысушыларды өз әрекеттеріне жауап беруге үйрету.

Жалпы мәлімет:

Қатысушылар: 7–11 сынып оқушылары немесе жасөспірімдер (15–25 адам).

Өткізу уақыты: 60 минут.

Өткізу формасы: интерактивті тренинг.

«Кибермәдениет және онлайн қоғамдастық этикасы» тренингі

Мақсаты: Қатысушылардың интернеттегі мәдени мінез-құлық нормалары мен онлайн қарым-қатынас этикасын түсінуіне ықпал ету, кибермәдениетті қалыптастыру және саналы цифрлық азамат болуға тәрбиелеу.

Міндеттері:

Онлайн кеңістіктегі қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

Әдептілік, құрмет, жауапкершілік ұғымдарын талдау;

Кибербуллинг, агрессия, фейк ақпарат мәселелерін түсіндіру;

Әлеуметтік желілерді дұрыс және қауіпсіз қолдануға үйрету.

Жалпы мәлімет:

Қатысушылар: 8–11 сынып оқушылары немесе 16–25 жас аралығындағы жастар (15–30 адам).

Өткізу уақыты: 60–75 минут.

Өткізу формасы: интерактивті тренинг.

«Қауіпсіз цифрлық орта құру» сабағы

Сабақтың мақсаты: Қатысушыларға интернеттегі қауіпсіздік қағидаларын үйрету, цифрлық сауаттылықты арттыру және жеке ақпаратты қорғау мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:

Интернеттегі қауіп-қатер түрлерімен таныстыру (фишинг, фейк ақпарат, алаяқтық);

Жеке деректердің құпиялығын сақтау тәсілдерін үйрету;

Қауіпсіз пароль құру және кибершабуылдан қорғану дағдыларын дамыту;

Цифрлық этиканы және жауапкершілікті қалыптастыру.

Жалпы мәлімет:

Қатысушылар: 7–11 сынып оқушылары немесе колледж студенттері (15–25 адам).

Өткізу уақыты: 60 минут.

Форматы: интерактивті сабақ, ойын элементтері мен практикалық тапсырмалар.

Күтілетін нәтижелер:

- Балалардың бойында адалдық, әділдік, еңбекқорлық және мейірімділік құндылықтары қалыптасады;
- Әлеуметтік белсенді, өз ортасына үлгі бола алатын жас азаматтар тобы қалыптасады;
- Аула клубтары құндылыққа негізделген тәрбие орталығына айналады;
- Балалар мен ата-аналардың өзара ынтымақтастығы артады.

Практикалық маңызы:

Бұл бағдарлама балалар мен жасөспірімдердің адамгершілік-рухани әлеуетін нығайтып, қоғамның адал және жауапты азаматтарын тәрбиелеуге бағытталған. Ол аула клубтарының тәрбиелік және әлеуметтік функциясын күшейтіп, қоғамда «Адал ұрпақ – Адал ел» қағидасын жүзеге асыруға үлес қосады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Dewey, J. (2019). *Democracy and Education: An Introduction to the Philosophy of Education*. Macmillan.
2. Erikson, E. H. (1993). *Childhood and Society*. W. W. Norton & Company.
3. Bandura, A. (1997). *Self-efficacy: The Exercise of Control*. W. H. Freeman and Company.
4. Lickona, T. (1991). *Educating for Character: How Our Schools Can Teach Respect and Responsibility*. Bantam Books.
5. UNESCO. (2023). *Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives*. UNESCO Publishing.
***Аңдатпа.** Мақалада 9-сынып оқушыларының сыни, логикалық және шығармашылық ойлауын дамытудағы стандартты емес физикалық есептердің рөлі қарастырылады. Мұндай есептерді шешу оқушылардың физикалық заңдылықтарды терең түсінуіне, зерттеушілік және аналитикалық дағдыларын қалыптастыруына, сондай-ақ пәнге деген қызығушылығын арттыруына ықпал етеді. Автор әдістемелік тәсілдерді — топтық талқылау, қателерді талдау, математикалық интеграция және өмірмен байланыстыруды сипаттайды. Физиканың негізгі заңдарын жаңа жағдайда қолдануды талап ететін есептердің мысалдары келтірілген. Зерттеу нәтижесінде оқу үдерісіне стандартты емес есептерді енгізу ХХІ ғасыр құзыреттерін дамыту мен оқушының зерттеушілік тұлғасын қалыптастырудың тиімді жолы екені дәлелденеді.*

***Түйінді сөздер:** стандартты емес есептер, физика, сыни ойлау, шығармашылық ойлау, зерттеушілік қызмет, аналитикалық дағдылар, 9-сынып, проблемалық оқыту, пәнаралық интеграция, оқу мотивациясы.*

***Аннотация.** В статье рассматривается роль нестандартных физических задач в развитии критического, логического и творческого мышления учащихся 9-го класса. Показано, что решение подобных задач способствует более глубокому пониманию физических закономерностей, формированию исследовательских и аналитических навыков, а также повышению мотивации к изучению физики и участию в олимпиадах. Автор описывает методологические подходы — коллективное обсуждение, анализ ошибок, межпредметную интеграцию с математикой и использование жизненных ситуаций. Приведены примеры нестандартных задач, требующих применения фундаментальных законов физики в новых условиях. Делается вывод, что включение нестандартных задач в учебный процесс способствует формированию компетенций ХХІ века и развитию личности учащегося как самостоятельного исследователя.*

***Ключевые слова:** нестандартные задачи, физика, критическое мышление, творческое мышление, исследовательская деятельность, аналитические навыки, 9-й класс, проблемное обучение, межпредметная интеграция, мотивация к обучению.*

Білім мазмұнын жаңарту және құзыреттілік тәсілін күшейту жағдайында мектеп оқушыларында стандартты емес, сыни және шығармашылық ойлауды дамыту ерекше өзектілікке ие. Мұндай дағдыларды қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі – физикадан стандартты емес есептерді шешу. Бұл жұмыс 9-сыныпта ерекше маңызды, өйткені оқушылар бұл кезеңде физиканың негіздерін меңгерген болады, бірақ емтиханға дайындықтан әлі шамадан тыс жүктелмеген, сондықтан физикалық заңдылықтарды тереңірек түсіне алады.

Стандартты емес есептер – бұл жай ғана «қиын» есептер емес.

Бұл:

- Қалыпты ойлау шеңберінен шығуды қажет ететін,
- Физиканың әртүрлі бөлімдерінен алынған білімдерді біріктіруді талап ететін,

- Логика, модельдеу, шектік жағдайларды талдау элементтері бар есептер.

Осындай есептер – физика олимпиадаларының негізі. Оларға дайындық пәнге терең түсінік қалыптастырып, нағыз зерттеуші сияқты ойлауға үйретеді.

Курстың мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты:

9-сынып оқушыларында стандартты емес есептерді шешу арқылы стандартты емес ойлау дағдыларын, шығармашылық тәсілді және физикалық процестерді терең түсінуді дамыту.

Міндеттері:

- Есептің шартын талдауға, белгісіз параметрлер мен тәуелділіктерді анықтауға үйрету.

- Стандартты емес тәсілдер: бағалау, жуықтау, шектік жағдайлар әдісін қолдану дағдыларын дамыту.

- Физиканы оқуға және олимпиадаларға қатысуға ынталандыру, қызығушылығын арттыру.

Әдіснамалық тәсілдер

1. Шағын топтарда жұмыс: әртүрлі тәсілдерді талқылау, ұжымдық талдау.
2. Қателерді талдау: ойлауды дамыту тәсілі ретінде дұрыс емес шешімдерді талдау.
3. Ойландыратын сұрақтар: «Егер... болса, не болады?», «Параметрлердің шектік мәндерінде қандай нәтиже шығады?».
4. Математикамен біріктіру: графиктерді салу, шамалардың ретін бағалау.
5. Өмірмен байланыс: бірінші көзқараста парадоксальды көрінетін нақты жағдайларды қарастыру.

Стандартты емес есептердің шешімдерімен мысалдары

1-есеп. Шары бар стақан

Шарты: Суы бар стақанда түбіне жіппен байланған жеңіл шар жүзіп жүр. Егер жіпті кессе, стақандағы су деңгейіне не болады?

Шешуі:

Шар байланған кезде оның бір бөлігін су ығыстырады, ал қалған бөлігі жіптің керілуімен компенсацияланады. Жіп кесілгеннен кейін шар толығымен қалқып шығады және азырақ суды ығыстыра бастайды.

Жауабы: су деңгейі көтеріледі.

Түсініктеме: мұнда қосымша күш бар стандартты емес жағдайда Архимед заңын қолдану қажет.

2-есеп. Маятникі бар лифт

Шарты:

Маятник лифтте тербеліп тұр, ал лифт бірқалыпты көтеріліп келеді. Тербеліс периоды тыныштық күйімен салыстырғанда өзгереді ме?

Шешуі:

Бірқалыпты қозғалыс кезінде лифттің үдеуі нөлге тең. Еркін түсу үдеуі өзгеріссіз қалады.

Жауабы: тербеліс периоды өзгермейді.

Түсініктеме: оқушылар жиі кез келген қозғалыс үдеуге әсер етеді деп қателеседі. Үдетілген және бірқалыпты қозғалысты ажырату маңызды.

3-есеп. Құлап түсетін шынжыр

Шарты:

Ұзын шынжыр үстелдің шетінен салбырап тұр. Оның бір ұшы төмен қарай түсіп келеді. Шынжыр қандай үдеумен қозғалады?

Шешуі (жеңілдетілген):

Салбырап тұрған бөлігі неғұрлым ұзын болса, шынжырды төмен тартатын масса соғұрлым көп болады. Бірақ шынжырдың бір бөлігі әлі үстелде жатыр. Үдеу $g/2$ -ден үлкен, бірақ g -ден аз болады.

Жауабы: үдеу салбырап тұрған бөліктің ұзындығының өсуіне байланысты өзгереді. Бастапқы сәтте $a \approx g/3$ деп алуға болады (шамамен).

Түсініктеме: есеп бағалау, логика және массаның таралуын түсінуді талап етеді.

Нәтижелер және байқаулар

Тәжірибе көрсеткендей, 9-сынып бағдарламасына стандартты емес есептерді енгізу оң нәтижелер береді:

- пәнге қызығушылық артады;
- олимпиадаларға қатысқысы келетін оқушылар саны көбейеді;
- ауызша және жазбаша физикалық сөйлеу дамиды;
- оқушылар себеп-салдарлық тұрғыдан ойлай бастайды, заңдарды саналы түрде қолданады.

Қорытынды

Стандартты емес есептер – бұл тек олимпиадаға дайындық құралы ғана емес, сонымен қатар ойлай, талдай, шешім қабылдай алатын оқушы тұлғасын қалыптастырудың күшті құралы. Дәл осындай дағдыларға ХХІ ғасырда сұраныс жоғары. Сондықтан оқу үдерісіне стандартты емес есептерді енгізу 9-сынып кезеңінде ерекше маңызды – бұл физиканы және жаратылыстану ғылымдарын жалпы тереңірек үйренуге бастапқы нүкте ретінде.

ҰБТ ТЕСТІНЕ ДАЙЫНДАУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. Жасанды интеллект көмегімен оқушыларды информатика және тарих пәндерінен ҰБТ-ға қалай тиімді дайындауға болатыны туралы жазылған. Арнайы чат-бот (ЖИ агенті) «п8п» платформасында дайындалып, пән бойынша арнайы құрылған жоспармен теориялық түсініктеме, тапсырмалар, тесттер алынады. Егер оқушы барлық сұраққа қатесіз жауап берген кезде ғана келесі тақырыпқа өтетін болады. Ал егер қате жауап берген жағдайда, түсінбеген тақырыпты қайталауға қалатын болады. Оқушы түсінбеген тақырып бойынша үртүрлі сұрақтар қойып, зерттеулер жасауына болады. Сонымен қатар, түсінбеген тақырыбын басқа әдіспен түсіндіруге ұсыныс жасай алады.

Түйінді сөздер: жасанды интеллект, мектептегі білім беру, цифрлық ассистент, ҰБТ, жекелендірілген оқыту, Telegram-бот, цифрландыру, п8п платформасы, білім беру технологиялары, цифрлық трансформация.

Аннотация. В данной статье рассказывается о том, как можно эффективно подготовить учащихся к сдаче ЕНТ по информатике и истории с помощью искусственного интеллекта. На специальной платформе «п8п» создан специальный чат-бот (ИИ-агент), который объясняет теорию, проводит практику, проверяет тесты. Чат-бот работает по заранее загруженному плану. И если учащийся правильно отвечает на все вопросы, то дальше переходит к изучению следующей темы. Если нет, то остается на изучении непонятой темы. Школьники могут задавать дополнительные вопросы по непонятным им темам и проводить дополнительные исследования. Также могут делать запросы для изучения непонятной темы другими методами.

Ключевые слова: искусственный интеллект, школьное образование, цифровой ассистент, ЕНТ, персонализированное обучение, Telegram-бот, цифровизация, п8п, образовательные технологии, цифровая трансформация.

Болашақ жасанды интеллекті мен роботтардың еншісінде деп айтсақ қателеспейміз. Себебі, жасанды интеллектіні қолдану жылдам дамып келеді. Жасанды интеллектіні қазір роботтарға қолдануда. Болжаммен 5-10 жылдың арасында адам сияқты ойланып, көмек көрсететін роботтар қасымызда жүретін болады. Осыған орай болашақ жастарымызды қазіргі мектеп қабырғасынан ЖИ, робототехникаға, жалпы ІТ бағытына дамыта беруіміз керек. Бұл заман талабы. Олай болса ХХІ ғасыр – цифрлық даму ғасыры. Жасанды интеллект – тек ІТ саласының ғана емес, білім беру саласының да маңызды құралына айналуда. Әлемнің дамыған елдері ЖИ-ні білім беру процесіне енгізуді стратегиялық мақсат ретінде қабылдап отыр. Қазақстан мектептері де бұл бағытта біртіндеп ілгерілеп келеді.

Жасанды интеллект дегеніміз не?

Жасанды интеллект – адам санасына тән ойлау, үйрену, талдау сияқты қабілеттерді орындай алатын компьютерлік жүйе. Ол үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеп, талдайды және шешім қабылдауға көмектеседі. Білім берудегі басты рөлі – оқыту процесін жекелендіру, мұғалімдерге көмек беру және оқу сапасын арттыру.

Мектептегі жасанды интеллекттің қолданылу бағыттары:

- Жекелендірілген оқыту - әр оқушының деңгейіне сай тапсырма береді;
- Бағалау жүйесі - тесттерді автоматты тексеру, қателерді талдау;
- Оқу аналитикасы - оқушының үлгерімін бақылау;
- Мұғалімдерге көмек - жоспарлар, оқу материалдары, тест құрастыру;
- Инклюзивті білім - ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қолдау;
- Онлайн оқыту - виртуалды ассистенттер, чат-оқытушылар.

Жасанды интеллекттің білім берудегі артықшылықтары:

- Уақытты үнемдейді: Мұғалімнің қағазбастылығын азайтады;
- Оқушыға жеке траектория құрады: Әр баланың қабілеті ескеріледі;
- Үздіксіз бақылау: Үлгерім мен нәтижені нақты талдайды;
- Арнайы цифрлық ресурстар жасайды: Бейне, тест, тренажерлар ұсынады;
- Қашықтан оқытуға қолайлы: Онлайн режимде қолдау көрсетеді.

ЖИ енгізу тек мүмкіндіктер ғана емес, белгілі бір қауіптер мен қиындықтарды да қамтиды:


- Мұғалімдерді оқыту қажеттілігі;
- Авторлық құқық пен ақпараттық қауіпсіздік;
- Академиялық адалдық сақталмау қаупі (плагиат, дайын жауап);
- Баланың шығармашылық ойлауын төмендетпеу қажеттігі;
- Инфрақұрылым мәселелері (интернет, құрылғылар жетіспеушілігі).

Қазақстан мектептерінде қазір жасанды интеллект элементтері біртіндеп қолданылып келеді:

- BilimLand, iTest платформалары арқылы бейімделген оқу;
- Kundelik.kz жүйесіндегі оқу аналитикасы;
- JasAI сияқты қазақ тіліндегі AI құралдарының дамуы;
- Робототехника, STEM пәндерінің енгізілуі.


Жоғарыда айтылған ЖИ қолдану бағыттарының бізді қызықтырып отырғаны онлайн оқыту болып отыр. Виртуалды ассистенттері - сіздің оқушыны ҰБТ-ға дайындауда күнделікті қайталап айта беретін тақырыптарыңызды, әр баланың даму жылдамдығына, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларына қарай дифференциалды түрде оқытуға көмек беретін таптырмас құрал. Сонымен қатар, бағалауға, мониторинг жасауға, әр баланың даму бағытын бақылауға, сынақ тест жүйелерін өткізіп статистика жасауға көмектесетін мықты құрал.

ҰБТ-ға дайындауда ЖИ агентін (ассистентін) құру үшін n8n платформасы қолданылады (1-ші сурет). Бұл осы бағыттағы танымал платформа. ҰБТ-ға оқушыларды информатика және тарих пәндері бойынша дайындауға қолдануға болатын көмекші құрал.



1-ші сурет. ЖИ агентін құруға арналған n8n платформасы

Әзірге телеграм әлеуметтік желісі тегін болғандықтан бірінші қарастырып отырмыз (2-ші сурет). 2-ші суретте ЖИ ассистентінің тест алып жатқандағы мысалы көрсетілген.



2-ші сурет. Пәнді оқытатын және тест алып отыратын телеграм бот

ҰБТ-ға дайындайтын ЖИ ассистенті ботын құруда келесідей Prompt таңдалып алынды. Бастапқыда қолданушыны тіркейді. Ол тізім google кестеге жазылады. Тіркелгеннен кейін пән бойынша таңдайды. Пәнді оқыту жоспары бойынша бот бірінші тақырыпты түсіндіреді. Тақырып түсіндіру барысында кері байланыс жасай отырып, оқушының тақырып бойынша барлық сұрақтарына жауап береді. Сонымен қатар, мысалдар келтіріп, тапсырмалар орындатып жұмыс жасалады. Оқушы тақырып бойынша сұрақтары таусылғанда тақырыпты бекіту мақсатында тест сұрақтары алынады. Барлық тест сұрақтарына дұрыс жауап бермей келесі тақырыпқа өтпейді. Әр қате жауап берілген тест сұрағына кері байланыс жасалып, талқыланады. Оқушы тақырыпты толық енбей келесі тақырыпқа өте алмайды. Оқушы ботқа өз сұрақтарын қойып, басқа да мысалдар немесе тапсырмалар сұрап ала алады.

Оқушының пән бойынша қай тақырыпқа келгені, қанша сұрақтан қателесіп, келесі тақырыпқа өту үшін тестті неше рет тапсырғаны google кестеде жазылып отырады. Бұл

ақпарат ұстаз ретінде бізге: оқушының қай тақырыпта көбірек жұмыс жасағанын; өздігінен жұмыс жасауға бейімділігін; жалпы статистика және талдау жасауға, кері байланыс жасауға; алдыға жоспар құруға көмектеседі.

Жалпы ЖИ агентінің көмегімен келесідей мүмкіндіктерге ие боламыз:

- оқушыға қайта-қайта түсіндіретін қайталанба жұмыстарды азайтуға;
- барлық оқушының тақырыпты меңгеру деңгейін, жетістігін бақылап отыруға;
- әр оқушының әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларына сай тақырыпты дифференциалды түрде түсіндіруге;
- оқушы өзіне ыңғайлы формада ақпарат алып, мазалаған сұрақтарына жан-жақты жауап алуға;
- керек болған жағдайда оқушы да, ұстаз да ассистенттен өзі туралы статистика, анализ және алдыға жоспар сұрай алады;
- 24/7 қолжетімді ұстаз және өзінді дамытуға арналған құрал.

Жасанды интеллектінің мүмкіндіктері өте көп. Біз әлеуметтік желінің бір түрін ғана қарастырып отырмыз. ҰБТ-ға дайындау ЖИ ассистентін көп қолданыста жүрген whatsapp және инстаграмға да қосу болады. Бұл ары қарай зерттеуге тұрарлық бағыттар. ЖИ агенттерін сонымен қатар бизнесте де қолданып, жұмыстарын жеңілдетуге болады.

Жасанды интеллект – мектептегі білім беру сапасын жақсартуға қабілетті қуатты құрал. Ол мұғалімді алмастырмайды, керісінше, оның жұмысын жеңілдетеді және тиімділігін арттырады. Болашақта ЖИ мектеп оқушыларының цифрлық мәдениетті меңгеруіне, білімге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етпек.

Болашақтағы мықты және бәсекеге қабілетті азаматтар тәрбиелеу, қазіргі біздің жастарға не беріп жатқанымызға тығыз байланысты. Қазіргі жаңа технологияларды заман талабынан қалмай игеріп кету, болашақта белсенді ортаны және қоғамды қалыптастыруға ықпалын тигізері анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Dmitrievna, Y., & Parsadanyan, E. (2024, December 27). AI agentic workflows: a practical guide for n8n automation. n8n Blog. n8n Blog
2. “What is n8n: Build AI Workflows with n8n.” (2024). Codecademy.
3. Villalobos, L. (2025, May 30). No-Code Workflow Automation with n8n from Scratch: A 48-Hour Build. Hatchworks Blog. HatchWorks AI
4. Strebenitzer, P. (2025, May 09). n8n: Open-Source Workflow Automation Powerhouse. Infralovers. Infralovers
5. Huang, C.K. (2025, Apr 24). Build Advanced and Optimized Research Workflows with n8n. Medium.
6. Болашақ информатика мұғалімдерін жасанды интеллект негіздері бойынша даярлаудың әдістемелік жүйесі — Қ. И. Салғараева, Ұ. Б. Жұмабаева. Мәдинака технологиялары және инжиниринг университеті. «Вестник КазНПУ им. Абай», №4(72), 2020.

ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК ТЕХНОЛОГИЯ ИННОВАЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

***Аңдатпа.** Білім берудің бірінші кезектегі міндеттері жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау, оқушылардың бойында білім, білік, дағдылар жүйесін қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті, толық, психикалық және дене жағынан сау жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Оқушыға бағытталған оқыту технологияларының мазмұны, әдістері мен тәсілдері әр оқушының субъективті тәжірибесін ашып, пайдалануға, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы жеке тұлғаны дамытуға көмектесуге бағытталған. Оқушының қабілеті, осы қабілеттерін анықтау және дамыту – жеке тұлғаның даралығын анықтауға бағытталған білім берудің негізгі міндеттері.*

***Түйінді сөздер:** коммуникативтік тәсіл, инновациялық әдістер, ағылшын тіліне оқыту, цифрлық сауаттылық, білімді толық меңгеру технологиясы, модульдік оқыту, командалық жұмыс, ойын әдістері, сыни ойлау, цифрлық ресурстар.*

***Аннотация.** Приоритетными задачами образования являются подготовка разносторонне развитой личности, формирование у обучающихся не только системы знаний, умений и навыков, но и формирование полноценной, психически и физически здоровой личности, способной к самореализации. Содержание, методы и приемы технологий личностно-ориентированного обучения направлены на то, чтобы раскрыть и использовать субъективный опыт каждого студента, помочь становлению личности путем организации познавательной деятельности. Способности студента, определение и развитие этих способностей являются основными задачами обучения, ориентированного на выявление индивидуальности личности.*

***Ключевые слова:** коммуникативный подход, инновационные методы, обучение английскому языку, цифровая грамотность, технология полного усвоения, модульное обучение, командная работа, игровые методы, критическое мышление, цифровые ресурсы..*

На современном этапе развития преподавания английского языка при выборе метода обучения необходимо исходить из особенностей коллектива, в котором он будет использоваться, учитывать личностные особенности обучаемых, их возраст, интересы, уровень подготовки, период, в течение которого будет проходить обучение, а также техническую оснащённость учебного заведения [1; 6].

Инновационные технологии в обучении развивают у студентов критическое мышление, самостоятельность и цифровую грамотность, ключевые компетенции в условиях цифровой трансформации общества. Использование мобильных приложений и других информационно-коммуникационных технологий позволяет сделать обучение доступным прямо в смартфоне (Quizlet, Skyeng, Learningapps;) [2; 4].

Иностранный язык – это учебный предмет, который в силу своей специфики (создания для обучающихся искусственной языковой среды из – за отсутствия естественной)

предполагает наиболее гибкое и широкое использование различных технических средств обучения.

Интерактивные доски, панельные системы являются помощниками на занятиях для наглядного объяснения материала. Электронные учебники, презентация Power Point позволяют сделать содержание материала доступным и эффективным, отслеживать обучение и прогресс каждого обучающегося.

В образовательный процесс преподавания предмета я включаю инновационные технологии, методы, основанные на проектной и исследовательской деятельности, геймификацию.

В своей преподавательской деятельности за основу я взяла личностно-ориентированный, коммуникативный подход обучения английскому языку, как следует из его названия, направлен на практику общения. Актуальность коммуникативного метода продиктована тем, что основной целью обучения английскому языку является развитие коммуникативной компетенции, а реализация воспитательной, развивающей целей происходит в процессе осуществления этой главной цели. [3; 4] Умение адекватно воспринимать чужую культуру, находить в ней сходства и различия со своей, умение достигать взаимопонимания – вот, что особенно актуально в современном мире.

В своей педагогической деятельности я стремлюсь не только научить свободно владеть английским языком, но и сформировать гуманную, всесторонне развитую личность учащегося. Взяв за основу коммуникативный метод и используя наряду с ним различные методики, проводя традиционные уроки и уроки-беседы, уроки-соревнования, я всегда стараюсь поднять интерес к своему предмету через уроки. Такие занятия способствуют расширению кругозора учащихся, развитию разговорных навыков, расширению словарного запаса, а главное, дают возможность каждому ученику почувствовать себя актёром. Такие педагогические новации, как технологии «полного усвоения знаний», «разноуровневого обучения», «коллективного взаимообучения» и другие позволяют приспособить учебный процесс к индивидуальным особенностям учащихся, различному уровню сложности содержания обучения. Данные приемы мотивируют на устно-речевое высказывание, так как перед студентами есть цель; студенты активны при их выполнении, так как присутствует связь с личностью и мыслительной деятельностью ученика. Соревновательный дух, умение быть самостоятельными в тоже время работать в группе вызывает интерес обучающихся и желание высказаться или поговорить на английском языке.

Технология полного усвоения знаний

Авторами технологии полного усвоения знаний являются американские психологи Дж.Керроле, Б.Блум.

Задача педагога определить, в чем состоит полное усвоение и какие результаты должны быть достигнуты всеми, точное определение критерия полного усвоения для всего курса является важнейшим моментом в работе по данной системе.

Категории целей: Знание, Понимание, Применение, Анализ, Синтез, Оценка

Технология коллективного взаимообучения

Эта методика имеет различные названия: «организационный диалог», «сочетательный диалог», «коллективное взаимообучение», «работа учащихся в парах».

Работа в парах сменного, смешанного составов по определенным правилам позволяет плодотворно развивать у обучаемых самостоятельность и коммуникативные умения, в результате повторяющихся упражнений совершенствуются навыки логического мышления и понимания, формируется адекватная самооценка личности своих возможностей и

способностей, обсуждение одной информации с несколькими сменными партнерами, увеличивает число ассоциативных связей, а следовательно, обеспечивает более прочное усвоение материала.

Технология модульного обучения

Модуль - это целевой функциональный узел, в котором объединены учебное содержание и технология овладения им.

Содержание обучения представляется в законченных самостоятельных комплексах (информационных блоках), усвоение которых осуществляется в соответствии с целью. Дидактическая цель формулируется для обучаемого и содержит в себе не только указания, но и уровень его усвоения. Модули позволяют перевести обучение на субъект - субъективную основу, индивидуализировать работу с отдельными учащимися, дозировать индивидуальную помощь, изменить форму общения учителя и учащегося.

Коммуникативно-ориентированное обучение грамматике и лексике

Изучение нового грамматического явления начинается с коммуникативно направленных упражнений, которые помогают объяснить студенту, с какой целью изучается данный материал. Механические, тренировочные упражнения (drills) помогают отработать структуры в быстром темпе. Для систематизации грамматического материала, считаю продуктивным использование опорных схем и таблиц. Они позволяют лучше запомнить грамматические явления. Введение новой лексики происходит в рамках одной речевой ситуации. При введении новой лексики я использую такие приемы как: контекстуальная догадка с использованием иллюстраций в учебнике, сходства в написании и звучании с русским языком, знания по другим предметам, собственные предположения, демонстрация реальных предметов, рисунки на доске, мимика, жесты, жестикуляция, перевод.

Обучение в сотрудничестве

Основная идея этой технологии – создать условия для активной совместной учебной деятельности учащихся в разных учебных ситуациях. Каждый ученик получает свою роль в выполнении задания и отвечает за результат не только своей работы, но и за результат всей группы. Когда я использую такую методику на своих занятиях, то я наблюдаю следующую картину: слабые ученики часто обращаются к более сильным учащимся своей микрогруппы, которые, в свою очередь, заинтересованы в том, чтобы все члены группы, в первую очередь слабый ученик, досконально разобрались в материале. Таким образом, совместными усилиями ликвидируются проблемы. Такова общая идея обучения в сотрудничестве. Практика показывает, что вместе учиться не только легче и интереснее, но и значительно эффективнее. Учиться вместе, а не просто что – то выполнять вместе – вот, что составляет суть данного подхода.

Хочу привести некоторые варианты этого метода обучения:

Team-building Тимбилдинг предполагает работу в команде, в коллаборации, в объединенных условиях, то, что в обязательном порядке необходимо встраивать в учебный процесс. Самое главное, чтобы каждый побывал в разных командах и был частью сплоченного коллектива, т.к. дружное общение, совместное переживание, новые ощущения – это то, что позволяет инвестировать состояние эффективности, комфортности и непринужденности в общении, когда они находят общие точки соприкосновения, общие интересы. [4; 14].

Следующий прием «Teamwork»

Следующая технология - обучение в сотрудничестве, кооперации.

Основная идея этой технологии – создать условия для активной совместной учебной деятельности учащихся в разных учебных ситуациях. Каждый ученик получает свою роль в выполнении задания и отвечает за результат не только своей работы, но и за результат всей группы. Команды выполняют задания по заданной теме. Учитель заранее проговаривает цель работы команд. В процессе работы учитель прикрепляет стикер на стул одного из них. После выполнения заданий команды меняются местами, оставляя студента-стикером, который должен будет разъяснить суть выполненного задания другой команде, которая прослушает и оставит оценку данной команде.

Таким образом, обучающиеся совместно формулируют цели, находят способы их решения, слушают мнения других, высказывают собственные, обсуждают, спорят, оценивают результаты своей деятельности, а также деятельности других команд

Следующий подход к обучению в сотрудничестве был разработан профессором Элиотом Аронсоном:

- 1) Учащиеся работают в группах по 4 – 5 человек над материалом, который разбит на части.
- 2) Каждый член группы находит и изучает материал по своей части.
- 3) Учащиеся создают рабочие группы, где изучают один и тот же вопрос, обмениваются информацией.
- 4) Затем учащиеся возвращаются в свои домашние группы и обучают всему новому, что узнали в рабочих группах.


Учащиеся заинтересованы, чтобы каждый добросовестно выполнил свою задачу, так как это может отразиться на их итоговой оценке. Группа экспертов задаёт вопросы каждой группе, но по всей теме. Учитель тоже может попросить любого ученика команды ответить на любой вопрос изученного материала. Учитель создает на уроке атмосферу позитива, желание учиться, помогать, и потом все это должны «зацементировать», используя прием «Вербальный цемент». Студентам предлагается посмотреть друг на друга, и произнести фразу данного приема «Как здорово, что мы оказались в одной команде». Предполагается, что студенты должны ощутить позитив, настроение радости, доброжелательности.

Пространственная карта

Пространственная карта класса

Пространственная карта (ориентация в классе, в группе, в учебной ситуации) формируется в течение 10-15 мин.

Формирование пространственной карты – есть процесс обучения.



Пространственная карта – карта, которая позволяет очень легко выстраивать ориентацию в классе, в группе.

Формирование пространственной карты - это залог успешности обучения, где хорошо виден носитель информации, экран, где происходит демонстрация, и при этом учащимся легко выстраивать коммуникацию в группе или внутри команды. Для этого очень важно

учесть пространство внутри, пространство общности, формирование комфортной среды, чтобы учащиеся были не зажаты в общении, могли легко воспринимать информацию с доски.

Пространственная карта – это есть процесс обучения, который позволяет учащимся быть эффективными в работе команды.

Прием - «Создание системы триггеров»

Красная карта воспринимается как призыв о помощи. Зеленая карта предназначена для тех, кто закончил работу и готов оказать помощь. Синяя карта предполагает ситуацию, где ученик желает поговорить с учителем, услышать обратную связь.

Работа в паре

На уроках я часто использую работу в парах смешанного состава или в парах постоянного состава, «Друзья по плечу» «Друзья напротив». Здесь каждый имеет возможность обсудить материал не только со своим соседом, но и с каждым учеником в отдельности. Новейшей технологией является исследовательская работа учащихся в группе. [5; 6].

На протяжении нескольких лет использую на уроках коммуникативные игры. Игра требует от каждого ученика эмоциональных, умственных и нравственных сил. Выбирая игру к уроку, как самостоятельный метод или как элемент для реализации какого – либо другого метода, учитель должен найти такой подход к игре, который будет соответствовать индивидуальным особенностям каждого ученика или группы. Игра всегда предполагает для каждого конкретного учащегося принятие решения, как поступить, что сказать, как выиграть, а желание решить эти вопросы обостряют мыслительную деятельность учащегося.

Прием «Тарсия»

Тарсия - Метод обучения, использующий элементы геймификации и интерактивности. Тарсия один из инструментов, позволяющих сделать групповую проверку знаний обучающихся. Головоломка Tarsia — это пазл. Чтобы собрать пазл, студенты должны сопоставить каждый ответ с правильным вопросом и восстановить исходную форму. Сначала выбираем форму, например, треугольник, далее составляются вопросы и ответы. Приложение само раскидает их по фигуре. Пазл необходимо распечатать, разрезать и дать группам. Студенты приветствуют такую форму работы. Эффективность такой проверки материала можно увидеть в конце, когда увидим результат задания.

Следовательно, в ходе игры развиваются творческие и мыслительные способности каждого, и пробуждается интерес не только к данной конкретной игре, но и к предмету в целом. Игра позволяет создать на уроке благоприятный эмоциональный фон, что ведёт к снятию напряжения и стресса, к преодолению языкового барьера, выполняет функцию самореализации, т. е. даёт возможность проявления скрытых способностей каждого учащегося. Это особенно хорошо видно в организации ролевых игр, инсценировок. На занятиях студенты активно используют приложения Quizlet, Learningapps, которые позволяют сделать процесс более увлекательным.

Әдебиетгер тізімі

1. Бондаревская Е. В. Личностно ориентированное образование: опыт разработки парадигмы. — Ростов – на — Дону, 2007. С – 126[1; 6]
2. [https://cyberleninka.ru/article/n/innovatsionnaya-deyatelnost-uchitelya-kak-pedagogicheskoeuyavlenie#:~:text=\[1; 3 \]](https://cyberleninka.ru/article/n/innovatsionnaya-deyatelnost-uchitelya-kak-pedagogicheskoeuyavlenie#:~:text=[1; 3]).

3. Байкова Л.А., Гребенкина Л.К. лично ориентированное обучение. – М.,2009.[2; 4].
4. «Нейропедагогика как прикладное направление педагогики и дифференциальной психологии»/ Вестник ОГУ/ Выпуск №4/ 2001/ С.34-38[4; 14].
5. Гордин Л.Ю. Организация лично ориентированного обучения. – М., 200[5; 6].

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНУИ ӘДІСТЕР

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі білім берудегі заманауи әдістердің маңызы мен оларды қолдану жолдары қарастырылған. Инновация ұғымы білім беру процесіне жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларды енгізу ретінде сипатталады. Автор сабақ барысында кейс-технология, дәріс көрнекіліктері, квест технологиясы сияқты әдістерді қолданатынын атап өтеді. Әсіресе кейс-стади әдісінің студенттердің шығармашылық және креативті ойлауын дамытудағы рөлі көрсетілген. Бұл әдіс студенттердің ауызша сөйлеу дағдысын жетілдіруге, пікір алмасуға және бірлесіп шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: инновациялық технологиялар, кейс-стади, цифрлық платформалар, ProProfs, Quizizz, дәріс көрнекіліктері, квест технологиясы, командалық жұмыс, интерактивті әдістер, логикалық ойлауды дамыту, оқу процесін визуализациялау.

Аннотация. В данной статье рассматривается значение и применение современных методов в системе образования. Понятие инновации определяется как внедрение новых методик, технологий и подходов в учебно-воспитательный процесс. Автор отмечает использование таких методов, как кейс-технология, визуальные лекции и квест-технология. Особое внимание уделяется методу кейс-стади, который способствует развитию творческого и креативного мышления студентов. Данный метод помогает формировать навыки устной речи, обмена мнениями и коллективного принятия решений.

Ключевые слова: инновационные технологии, кейс-стади, цифровые платформы, ProProfs, Quizizz, наглядные лекции, квест-технология, командная работа, интерактивные методы, развитие логического мышления, визуализация учебного процесса.

Инновация - дегеніміз білім, тәрбие жұмысына жаңалық енгізу, яғни, жаңа әдістемелік, амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану деп анықталған. Бүгінгі таңда біздің міндетіміз – оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту үшін, жұмысымызды жаңашаландыру – жаңа технологияны енгізу. Бұл ұғым біздің өмірімізге берік еніп келеді, дегенмен оның мән-мағынасы туралы пікірлер сан алуан.

Мен сабақ барысында келесі жаңа әдістерді қолданамын: кейс технологиясы, дәріс көрнекіліктер, квест технологиясы және т.б.

Кейс-стади әдісі – оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды (1-сурет).



Кейс тәсін пайдалануда келесі мәселелер қарастырылады:

- студенттердің ауызша техникалық тілде сөйлеу дағдысын жетілдіру үшін, алдын-ала келесі сабақ тақырыбан байланысты қысқаша баяндамалар жасау тапсырмаларын беру;
- топ студенттерін, топтарға бөліп басшы тағайындау, осы топтарға берілген тапсырманы бірге талдап, ой-пікірлерін ортаға салу [1, 360 б.].





1-сурет-Кейс-стади әдісі

Сабақ барысында кейс-стади әдісін ProProfs және Quizizz платформасында қоданып тапсырмаларды орындауға болады. Студенттерге өндірісте болатын жағдайларға байланысты, ситуациялық сұрақтар беріледі. Сұраққа топпен немесе жеке жауап іздеп, ойларын ортаға салады.



2-сурет- ProProfs және Quizizz платформасындағы тапсырмалар

Дәріс көрнекіліктері. Латын тілінен аударғанда дәріс сөзі мәтінді оқу дегенді білдіреді. Дәріс дегеніміз - бұл тек тыңдаушылардың көз алдында іске асырылатын іс-әрекет, ол лекцияның қалай өтуі тыңдаушылардың назарын өзіне аудартып, зейінін қалыптастыруы. Дәріс тақырыбы бойынша көрнекіліктер презентация, сұлбалар, суреттер, графиктер. қоса берілуі керек (3-сурет). Мысалы презентация даярлар барысында студенттерге эмоционалды әсер етуді қарастырсақ – фотосуреттерді енгізіп, аудио және бейнекөріністерді пайдалану. Дұрыс жазылған және түсіндірілген дәріс, қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі орын алады. Сонымен қатар, дәріс барысында пайдаланылған бейнекөріністер, схемалар студенттердің қызығушылығын арттырады[2, 656 б.].



3-сурет-Дәріс көрнекіліктер

Квест технологиясы — бұл оқытудың интерактивті әдісі, онда студенттер немесе қатысушылар белгілі бір тақырып бойынша тапсырмаларды орындап, проблемаларды шешеді, бұл процесс біртіндеп өтіп, қатысушылардың логикалық ойлауын, топпен жұмыс істеу дағдыларын және мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуға бағытталған(4-сурет).

Квест технологиясын оқу процесінде қолданудың бірнеше маңызды аспектілері бар:

Мақсаты мен міндеттері:

- Оқушыларға немесе студенттерге тапсырмалар мен сұрақтарды орындау арқылы білімді меңгерту.
- Тақырыпқа байланысты ойлауды дамытып, шығармашылық пен логикалық ойлауды күшейту.
- Командалық жұмыс арқылы студенттердің арақатынасын арттыру.


Квесттің түрлері:

Цифрлық квест — компьютерлік технологиялар мен онлайн құралдар қолданылатын квест, мысалы, түрлі бағдарламалар мен қосымшалар арқылы жүзеге асырылады.

Реалистік квест — шынайы өмірде орындалатын тапсырмалар [2, 140 б.].



Задание 6.



Подсказка:

Место: Технопарк
Задание 7.






Подсказка:

Место: Технопарк

3-сурет-Квест ойындар


Квест ойынын және тест тапсырмаларын Quizizz платформасында орындауға да болады (5-сурет).



5-сурет- Квест ойыны және викторина Quizizz платформасында

Бұл платформаларда әртүрлі тесттер мен сауалнамаларды жасауға мүмкіндік береді. Оқытушы тестті жасайды, дұрыс жауаптарды белгілейді, және нәтижелер студенттер жауап

бергеннен кейін автоматты түрде көрсетіледі(6-сурет). Платформа тапсырмаларды көп түрлі форматта (сұрақтар, суреттер, видео) дайындауға мүмкіндік береді. Студенттер нәтижелерін тест аяқталғаннан кейін бірден көре алады.



6-сурет-Тест нәтижелері

Әдебиеттер тізімі

1. Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Алматы: 2014.-360 б.
2. Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Ғалымова Ә., Ильясова Р. Педагогика. Астана: Фолиант, 2012.-656 б.
3. Тұрғынбаева Б. А. Дамыта оқыту технологиялары. — Алматы, 2000.-140 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА КӨРКЕМ ЖАЗУ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

***Аңдатпа.** Бұл баяндамада бастауыш сынып оқушыларының каллиграфиялық дағдыларын қалыптастырудағы дәстүрлі және инновациялық әдістердің айырмашылығы қарастырылады. "Көркем жазу кілті" атты авторлық бағдарламаның мазмұны, оның ішінде QR-кодтар, интерактивті тренажерлар және геймификация элементтері сияқты цифрлық технологиялардың қолданылуы сипатталған. 2024-2025 оқу жылында 2-сынып оқушылары арасында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері негізінде, бағдарламаның оқушылардың жазу сапасын 13%-ға және пәнге деген қызығушылығын 22%-ға арттырудағы жоғары тиімділігі дәлелденген. Зерттеу жұмысы цифрлық дәуірде жазу сауаттылығын арттыру мәселесіне тиімді әдістемелік шешім ұсынады.*

***Түйінді сөздер:** көркем жазу, каллиграфия, ұсақ моторика, бастауыш білім, инновациялық әдістер, цифрлық технологиялар, мотивация, жазу мәдениеті, оқу процесін цифрландыру, қосымша білім беру.*

***Аннотация.** В докладе рассматриваются различия между традиционными и инновационными методами формирования каллиграфических навыков у учащихся начальных классов. Описано содержание авторской программы «Ключ к красивому письму» («Көркем жазу кілті»), включая использование цифровых технологий, таких как QR-коды, интерактивные тренажеры и элементы геймификации. На основе результатов опытно-экспериментальной работы, проведенной среди учеников 2-го класса в 2024–2025 учебном году, доказана высокая эффективность программы в повышении качества письма на 13% и интереса к предмету на 22%. Исследование предлагает эффективное методическое решение проблемы повышения грамотности письма в цифровую эпоху.*

***Ключевые слова:** каллиграфия, мелкая моторика, начальное образование, инновационные методы, цифровые технологии, мотивация, культура письма, цифровизация учебного процесса, дополнительное образование.*

I. КІРІСПЕ

1. Өзектілігі

Қазіргі қоғамның цифрлық трансформациясы жағдайында, қолмен жазу дағдысының қажеттілігі мен маңыздылығы туралы пікірталастар туындап жатады. Алайда, нейропсихологиялық және педагогикалық зерттеулердің нәтижелері "көркем жазу" (каллиграфия) дағдысының маңызы азаймай, керісінше, өзектілігі артып отырғанын көрсетеді. Каллиграфия оқушының ми қызметінің дамуы, зейін қоюы, есте сақтау қабілеті сияқты когнитивті функциялар үшін негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ұқыптылық, жауапкершілік, шыдамдылық сияқты "soft skills" (жұмсақ дағдылар) элементтерінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді. [1; 2]

Мәселе: Дәстүрлі оқыту әдістері, көбіне бірыңғай қайталауға негізделгендіктен, бастауыш сынып оқушыларының танымдық және шығармашылық қызығушылығын толық оята алмайды. Бұл жағдай қосымша білім беру жүйесінде оқу процесін жандандыру және жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін инновациялық тәсілдерді және авторлық бағдарламаларды енгізуді талап етеді.

Мақсаты: Ұсынылып отырған "Көркем жазу кілті" авторлық бағдарламасының мазмұнын, ондағы инновациялық әдістерді таныстыру және оның көркем жазу дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігін ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан дәлелдеу.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1. Көркем жазудың педагогикалық-психологиялық негіздері;

Көркем жазуды оқытудың тиімділігін арттыру үшін оның педагогикалық-психологиялық негіздерін түсіну маңызды.

Каллиграфия және Soft Skills: Көркем жазу – бұл тек техникалық дағды емес, ол ұсақ моториканы және көз-қол координациясын дамытудың басты құралы. Бұл дағдылардың дамуы баланың сөйлеу, оқу және жалпы ойлау қабілеттеріне оң әсер етеді. Жазу кезіндегі дұрыс орындау, әріп элементтерін мұқият қадағалау ерік-жігерді, ұқыптылықты және өз ісіне деген жауапкершілікті арттырады. Бұл қасиеттер қазіргі еңбек нарығында жоғары бағаланатын "soft skills"-тің маңызды компоненті болып табылады. [2]

Дәстүрлі әдістердің кемшіліктері: Көптеген дәстүрлі каллиграфиялық сабақтардың кемшіліктері:

1. Монотондылық (бір әріпті ұзақ уақыт бойы бірсарынды қайталау).
2. Оқушылардың тез жалығуы (оқыту процесінің динамикалық емес, статикалық болуы).
3. Жеке қабілеттерді ескермеу (барлық оқушыға бірдей тапсырма беру, олардың қателік түріне және жазу жылдамдығына мән бермеу).

Бұл факторлар бастауыш сынып оқушыларының көркем жазуға деген қызығушылығын төмендетеді, сәйкесінше, нәтиже де қанағаттанғысыз болады.

2. «Көркем жазу кілті» авторлық бағдарламасының сипаттамасы және инновациялық әдістері;

Біздің «Көркем жазу кілті» атты авторлық бағдарламамыз 2-сынып оқушыларына арналған. Оның негізгі мақсаты – оқушы бойында ұқыптылық пен жауапкершілікке негізделген жазу мәдениетін қалыптастыру. Бұл мақсатқа олардың жазу дағдыларын жүйелі дамыту және сауатты, көркем жазуды тұрақты әдетке айналдыру арқылы қол жеткізіледі.

Бағдарламаның негізгі ерекшелігі – цифрлық және әдістемелік инновацияларды кешенді қолдануында. [3; 4]

Қолданылатын инновациялық әдістер:

A. Цифрлық/Технологиялық элементтер (Қосымша білім беруді цифрландыру):

1. QR-код арқылы қысқа бейне-нұсқаулықтар: Бағдарламаның прописьтерінде әріп элементтерін жазудың дұрыс траекториясын көрсететін қысқа (10-15 секундтық) бейне-нұсқаулықтарға сілтеме жасайтын QR-кодтар қолданылады. Бұл оқушыларға қате жасамай тұрып, дұрыс үлгіні көруге және жылдам түзетуге мүмкіндік береді.

- Интерактивті тақтадағы (планшеттегі) тренажерлар: Сабақ барысында арнайы интерактивті қосымшалар арқылы оқушылар әріптерді үлкен форматта қайталап жазады. Бұл жазу кезіндегі қысымды, бағытты және көлбеулікті бақылауға көмектеседі.
- Геймификация: Оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында сабақтарда ойын элементтері кеңінен пайдаланылды. Мысалы, "Каллиграфия шебері" деңгейіндегі ұпай жинау жүйесі, апталық "Үздік дәптер" байқаулары – оқушылардың жазуға деген ынтасын күшейтіп, ұқыптылық пен жинақылықты қалыптастырады.

Б. Әдістемелік инновациялар:

- Ритмикалық жаттығулар: Музыка немесе метроном астында жазу. Бұл оқушының жазу ырғағын біріздендіріп, әріптердің бірдей биіктігі мен көлбеулігін сақтауға көмектеседі.
- «Сызықсыз кеңістік» жаттығулары: Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту үшін сызығы жоқ қағаздарда жазу тапсырмалары беріледі. Бұл оқушының кеңістіктегі бағдарын күшейтеді.
- Жеке траектория: Әр оқушының басындағы қателік түріне (мысалы, "овал" элементін дұрыс жазбау немесе әріпті байланыстырудағы қиындықтар) байланысты жеке жаттығулар жинағын беру арқылы оқытудың тиімділігін арттыру. [5]

3. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс және тиімділігін талдау

Зерттеу әдісі: Зерттеу 2024-2025 оқу жылында «№155 Д.Шыныбеков атындағы орта мектебі» КММ-де 2-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Эксперименттік топ (ЭТ) авторлық бағдарламамен оқытылды, ал Бақылау тобы (БТ) дәстүрлі әдіспен оқытылды.

Апробация мақсаты: Оқушы бойында ұқыптылық пен жауапкершілікке негізделген жазу мәдениетін қалыптастыру.

Нәтижелерді бағалау өлшемдері: Жазудың каллиграфиялық талаптарға сәйкестігі (формасы, көлбеулігі, біркелкілігі), қателік саны, және оқушылардың сауалнама нәтижелері бойынша қызығушылығы.

Сапалық және сандық өзгерістерді талдау:

Тәжірибе барысында оқушылардың жазуға деген ынтасы күшейіп, жұмыстарында ұқыптылық пен жинақылық байқалды. Зерттеу нәтижесінде сапалық өзгерістердің 13–15%-ға артқандығы анықталды.

А. Сандық өзгерістер (Каллиграфиялық сапа):

Кіріс және қорытынды диагностика нәтижелері (Кесте 1):

Оқу жылы	Сынып	Кіріс диагностикасы (дейін) (%)	Қорытынды диагностикасы (кейін) (%)	Өсу (%)
2024-2025	2	65%	78%	13%

Талдау: Диагностика нәтижелері бағдарламаны қолдану арқылы каллиграфиялық дағдылардың меңгеру деңгейі 13%-ға артқанын көрсетеді. Бұл оқушылардың графикалық элементтерді сауатты меңгеріп, қателер санын едәуір азайтқанын дәлелдейді.

Б. Сауалнама нәтижелері (Мотивация және Сенімділік): Оқушыларға жүргізілген сауалнама нәтижелері (Кесте 2):

Сауалнама мазмұны	Дейін (%)	Кейін (%)	Өсу (%)
«Көркем жазуға деген қызығушылық»	60%	82%	22%
«Жазу барысында өз-өзіне сенімділік»	62%	78%	16%

Талдау: Инновациялық әдістерді қолдану оқушылардың қызығушылығын 22%-ға арттырды, бұл біздің бағдарламамыздың ең үлкен жетістігі. Себебі, қосымша білім берудегі басты мақсат – пәнге деген тұрақты мотивацияны қалыптастыру. Жазу барысындағы өз-өзіне сенімділіктің 16%-ға артуы оқушылардың психологиялық жайлылығын арттырып, оқу процесіне оң әсер еткенін көрсетеді.

Талдаудың қорытындысы:

Бұл бағдарлама цифрлық дәуірдегі оқушылардың жазу сауаттылығын арттыру мәселесіне тиімді шешім ұсынады. Тәжірибе көрсеткендей, бағдарламаның табысты болуының негізгі факторлары: оның мазмұнының оқушылардың жас шамасына бейімделуі, тапсырмалардың бірізді күрделенуі ("қарапайымнан күрделіге") және интерактивті тәсілдердің кеңінен қолданылуы болып табылады. Ұсақ моториканы дамыту жаттығулары каллиграфиялық дағдыларды ғана емес, оқушылардың ойлау қабілетін де кешенді түрде дамытты.

III. ҚОРЫТЫНДЫ

Тұжырымдар: Жүргізілген тәжірибе «Көркем жазу кілті» авторлық бағдарламасының 2-сынып оқушыларының каллиграфиялық дағдыларын қалыптастырудағы жоғары тиімділігін дәлелдеді. Бағдарлама алға қойылған педагогикалық мақсаттарға толық сәйкес келіп, оқушылардың жазу сауаттылығын арттыру, эстетикалық талғамын қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша айтарлықтай оң нәтиже берді. Қорытынды диагностика көрсеткендей, күтілген межеге қол жеткізілді: оқушылар графикалық элементтерді сауатты меңгерді, жазу мәдениеті жоғарылады және қателер саны едәуір азайды.

Ұсыныстар:

1. Бұл авторлық бағдарламаны және оның инновациялық әдістерін бастауыш білім берудің қосымша оқу процесіне енгізу.
2. Мұғалімдердің осы инновациялық әдістеме бойынша біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру.

Болашаққа бағдар: Көркем жазуды оқытудағы инновациялық әдістерді одан әрі дамыту және оны жасанды интеллект (AI) элементтерімен ұштастыру мүмкіндіктерін зерттеу (мысалы, AI-ға негізделген жазуды бағалау және жеке түзету ұсыныстарын беру жүйесін құру).

Әдебиеттер тізімі

1. Әбдірахманова, С. Т. Бастауыш сынып оқушыларының каллиграфиялық дағдыларын қалыптастырудың нейропсихологиялық негіздері // Педагогикалық хабаршы. – [2020. – № 4. – Б.120–128].
2. Иванова, А. С. Каллиграфия как инструмент развития «Soft Skills» в младшем школьном возрасте: Монография. – Алматы: Ғылым, [2019. – 215 с].

3. Қалиева, М. Ж. Цифрлық технологияларды қолдану арқылы көркем жазу сабақтарының тиімділігін арттыру // Ұлттық білім. – [2021. – № 2 (78). – Б.55–61].
4. Smith, A., & Jones, B. Digital tools in primary education: A guide for teachers. – London: Routledge, [2023. –300 p].
5. Бектасова, Г. А. Көркем жазу әдістемесі: Дәстүр мен инновация. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, [2022. – 180 б].

КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР ТАҚЫРЫБЫНДА ПРАКТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУҒА ҮШІН CISCO PACKET TRACER-ДІ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада Cisco Packet Tracer бағдарламасын компьютерлік желілерді оқытуда тиімді қолданудың тәжірибесі қарастырылады. Бағдарламаның желілік процестерді модельдеудегі, визуализациялаудағы және оқушылардың практикалық дағдыларын дамытудағы рөлі талданады. Автор IP-мекенжайлау, маршрутизация және желілік құрылғылардың өзара әрекеттесу қағидаларын түсіндіруге бағытталған зертханалық жұмыстардың мысалдарын келтіреді. Зерттеу нәтижелері Packet Tracer бағдарламасының оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін, желілік ойлауын және пәнге деген қызығушылығын арттыруда жоғары тиімді екенін көрсетеді..

Түйінді сөздер: Cisco Packet Tracer, компьютерлік желілер, желілік технологиялар, практикалық дағдылар, модельдеу, IP-мекенжайлау, маршрутизация, интерактивті оқыту, зертханалық жұмыс, цифрлық білім беру.

Аннотация. В статье рассматривается использование программы Cisco Packet Tracer как эффективного инструмента в обучении компьютерным сетям. Показана её роль в углублении теоретических знаний и формировании практических навыков учащихся. Автор описывает возможности симуляции, визуализации и безопасного моделирования сетевых процессов, демонстрирует примеры лабораторных работ, направленных на понимание принципов IP-адресации, маршрутизации и взаимодействия сетевых устройств. Анализ подтверждает, что использование Packet Tracer способствует развитию исследовательских и практических умений, повышает мотивацию учащихся и делает процесс обучения более наглядным и интерактивным.

Ключевые слова: Cisco Packet Tracer, компьютерные сети, сетевые технологии, практические навыки, моделирование, IP-адресация, маршрутизация, интерактивное обучение, лабораторная работа, цифровое образование.

Баяндаманың мақсаты: Cisco Packet Tracer арқылы жүргізілген жүйелі зертханалық жұмыстардың оқушылардың желілік білімін тереңдетудегі және практикалық дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігін талдау.

Педагогтың кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісі – оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттыратын негізгі фактор.

Өнер мектебіндегі тәрбие жұмысы – оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға, ұлттық құндылықтарды меңгеруге және мәдени дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған кешенді педагогикалық үдеріс. Тәрбие жұмысын тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру оқушылардың өнерге деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, олардың рухани бай, мәдениетті, отансүйгіш азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Сондықтан да өнер мектебінде тәрбие жұмысын жүргізудің тиімді үлгілерін тәжірибеге енгізу – заман талабы. Бұл бағыттағы жүйелі әрекет ұлттық мәдениетті сақтап қана қоймай, жас ұрпақтың әлемдік өркениетпен қатар дамуына жол ашады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы. – Астана, 2014.
3. Абай Құнанбаев. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2012.
4. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы, 2010.
5. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993.
6. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998.
7. UNESCO. Arts Education Policy Review. – Paris, 2010.

ФАРАБИ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ОЛИМПИАДАСЫ НЕМЕСЕ ГЕОМЕТРИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Аңдатпа.** Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің геометрия ғылымының дамуына қосқан үлесі және оның еңбектерін білім беру жүйесінде кеңінен насихаттаудың өзекті мәселелері қарастырылады. Автор қазіргі мектептерде геометрия пәнін оқытудағы қиындықтарды, оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытудағы олқылықтарды және жаңартылған білім мазмұнына сәйкес әдістемені жетілдіру қажеттілігін талдайды. «Фараби геометриялық олимпиадасының» ұйымдастырылуы әл-Фарабидің ғылыми мұрасын жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам ретінде сипатталады. Сонымен қатар ғұламаның математикалық еңбектерінің тарихи мәні, геометрия салаларының қалыптасуына ықпалы және олардың қазіргі білім беру үшін практикалық маңызы жан-жақты ашылады.*

***Түйінді сөздер:** Әл-Фараби мұрасы, геометрия, математикалық білім, кеңістіктік ойлау, олимпиада, әдістеме, жаңартылған мазмұн.*

***Аннотация.** В статье рассматривается вклад Абу Насра аль-Фараби в развитие геометрии и актуальность популяризации его научного наследия в современной системе образования. Автор анализирует проблемы преподавания геометрии в школах, снижение интереса учащихся к предмету и необходимость обновления методики в соответствии с современными образовательными требованиями. Проведение «Геометрической олимпиады Фараби» оценивается как значимый шаг в направлении возрождения научного наследия мыслителя. Также раскрываются историческое значение математических трудов аль-Фараби, их влияние на формирование различных направлений геометрии и их ценность для современного математикалық білім беру.*

***Ключевые слова:** наследие аль-Фараби, геометрия, математическое образование, пространственное мышление, олимпиада, методика преподавания, обновлённое содержание.*

2024 жылдың 25 сәуірі Түркістан облысының білім беру саласында елеулі оқиға болды. Сол күні қасиетті Отырар жерінде республикамызда тұңғыш рет «Фараби геометриялық олимпиадасының» тұсауы кесілді. Былай бір қарағанда елеусіздеу көрінген осы бір іс шараның астарында әлемнің «Екінші ұстазы» атанған жерлесіміз, Отырар топырағында өмірге келген Әбу Насыр әл-Фарабидің математикалық, соның ішінде геометриялық еңбектерін кеңінен насихаттау, оның қолданыс аясын кеңейту сияқты ауқымды мақсаттар жатқанын ол кезде көпшілік қауым сезген де жоқ болатын.

Әбу Насыр әл-Фараби (870-950 жж.) тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Ол Шығыс пен Батыста ғылымның дамуына үлкен әсер етіп, бай ғылыми мұра қалдырды. Алайда, әл-Фарабидің математикалық еңбектері әлі толық зерттелген жоқ.

Әл-Фарабидің киелі деп санаған ғылымы – геометрия. Ол барлық ғылымдар тек геометрияның тармақтары, ал геометрияны олардың (математика, физика, химия ғылымдарын табиғаттану, технология, экономика, саясаттану, медицина, музыка және т.б.) түп тамыры деп есептейді. Сондықтан әл-Фараби: «егер ғылымды меңгергің келсе,

алдымен хандисатпен (геометриямен) таныс бол» – дейді. Ғұлама бабамыздың осы сөзінің астарында қаншама ғылыми ақиқаттың жатқаны бүгінде анықталып жатыр.

Математикалық білім беру үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі бөлігі және қазіргі қоғамда адамның интеллектуалдық және функционалдық қабілетін дамытуда маңыздылығы жоғары. Ал, оқушылардың логикалық ойлауын, кеңістіктік елестетулері мен түсініктерін қалыптастыру мен дамытуда геометрияны оқу пәні ретінде оқытудың маңыздылығы жоғары, өйткені бұл жеке тұлғаның ақыл-ой, мәдени, адамгершілік және т.б. сияқты қасиеттерін кең ауқымында дамытудың негізгі құралы болып табылады.

Геометрия қоршаған әлемдегі шынайы объектілерді модельдеу ерекшелігімен логика мен көрнекілікті, жалпылау мен дербестілікті, абстрактылы мен нақтылықты қамтиды. Мектептегі геометрия курсының мазмұны математика ғылымының адамзат өркениетінің қалыптасуы мен дамуындағы маңыздылығымен, тұлғаның интеллектуалдық қабілетін қалыптастырудағы орнымен, игерген білімнің күнделікті өмірдегі маңыздылығымен, сабақтас пәндерді оқып-білу үшін қажеттілігімен анықталады. Осыған орай, дәстүрлі түрде геометриялық білім берудің екі жағы, яғни адамның күнделікті өміріне, қызметіне қажетті құралдарды жасау және пайдаланумен байланысты практикалық және адамның ойлауымен, әлемді танып білудегі геометриялық әдістерді меңгеруімен байланысты рухани жақтары қалыптасты.

Қоршаған әлемді танып білудегі ерекше әдістерінің бірі – осы геометриялық әдіс болып табылады, ол кеңістіктік формаларды бейнелеумен қатар, олардың элементтері мен қасиеттерінің арасындағы логикалық байланыстарды орнатуымен негізделеді. Дегенмен, геометрия пәнін оқыту барысында әдістердің игерілуіне қарамастан, оқушылардың геометриялық білімі мен геометриялық әдістерді қолдану біліктері жылма-жыл сайын төмендеуде, оқушыларға геометрия сабақтары қызықсыз өтіп, оқыту процесі теориялық білімді жаттауға айналуға, мектеп түлектерінің білім деңгейін анықтайтын және жоғары оқу орындарына түсуге арналған оқу жетістіктерін бағалайтын негізгі құрал, іріктеу емтихандарының бір нысаны – ұлттық бірыңғай тестілеудегі геометриядан сұрақтарға жауап беру нәтижелері де төмен деңгейде екенін көрсетіп отыр. Осының бәрі орта мектептегі геометрия курсының оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартылған білім мазмұнына сай жетілдірудің қажеттілігін көрсетеді.

Геометрияның оқу пәні ретіндегі мүмкіндіктерін максималды түрде жүзеге асыру үшін оқыту процесі оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келуі тиіс, ал оқытудың мақсаты, мазмұны мен әдістері оқушының әлемді танып білу қабілеттерімен келісімді болуы керек. Сондықтан жаңартылған білім мазмұнына сай геометрияны оқытудың әдістемесін жетілдіруде теориялық материалды логикалық қатаң түрде беріп қана қоймай, геометрияның көрнекілік интуитивті негіздері мен практикалық бағыттылығын дамытуға, қоршаған әлеммен байланысы бар ұғымдарды, тұжырымдар мен есептерді кіріктіре отырып, оқу материалын қабылдауға мүмкіндіктер жасау маңызды мәнге ие болып табылады.

Бүгінгі таңда геометрия – ең дамыған, үлкен ғылым. Ол бірнеше салаға бөлінеді. Атап айтқанда: біріншіден, элементар (Евклид геометриясы), геометрияны негіздеу, Лобачевскийдің геометриясы, Риманның геометриясы, топология; екіншіден, аналитикалық геометрия, проективтік геометрия, дифференциалдық геометрия, сызба геометрия, алгебралық геометрия; және үшіншіден, көпөлшемді геометрия, қолданбалы геометрия, есептік геометрия, параметрлік геометрия, көрнекі геометрия, графикалық геометрия, инженерлік геометрия.

Аталған геометрия саласының біразы әл-Фараби тұжырымдаған қағидалардан бастау алады. Мысалы, аналитикалық геометрияның Р. Декарттан бастау алатыны, дәлірек

айтқанда – оны координаталар жүйесімен байланыстыратыны белгілі. Ал координаталар жүйесі туралы жазылған алғашқы мәліметті әл-Фарабидің трактатынан кездестірдік.

Соңғы кезге дейін геометрия ғылымында «сызба геометрияның атасы» француз ғалымы Г.Монж деп есептеп келдік. Кейіннен белгілі болғандай, сызба геометрия да әл-Фарабидің зейінінен тыс қалмапты. Сызба геометрияда қайтымды кескіндер алудың үш тәсілінің біреуі аксонометриялық проекция болса, оны салуды да біздің ғұлама бабамыз жақсы білген. Оны әл-Фарабидің «Китап аль-музыки аль-Кабир» атты трактатында бейнеленген аксонометриялық және кононикалық ортогональ проекцияларда сызылған музыкалық аспаптардан көруге болады.

Әбу Насыр әл-Фараби ежелгі гректің ұлы математигі және астрономы Птолемейдің «Алмагестіне» көлемді түсініктеме жазғаны белгілі. Бұл еңбек «Алмагестке түсініктеме» деп аталады. Әл-Фарабидың бұл трактаты тригонометрияны дамытуға да игі ықпал жасады. Мұндағы негізгі бір жаңалық әл-Фараби синус, косинус, синус-ферзус, тангенс, котангенс сызықтарын бірыңғай радиусты тұрақты шеңбер ішінде қарастырды. Олардың арасындағы бірсыпыра қатынастарды ашты, кейбір қарапайым қасиеттерін айқындады. Ол тригонометриялық кестелер жасауда аса қажет болып саналатын бір градус доғаның синусы мен косинусын анықтауда елеулі табыстарға жеткен. Әл-Фараби осы айтылған тригонометриялық мағлұматтарға және басқа да қосымша математикалық материалдарға сүйене отырып, «Алмагесте» қарастырылған астрономия және география мәселелерін математикалық жолмен шешудің ең жеңіл әдістерін ұсынады. «Геометриялық фигуралардың егжей-тегжейі жөнінде табиғат сырлары мен рухани әдіс-айлалар кітабы» геометриялық салу есептерін сұрыптап, бір жүйеге келтірген. Жүзден аса есептің салу әдістері көрсетілген. Бұлардың ішінде парабола салу, бұрышты трисекциялау, кубты екі еселеу, дұрыс көпбұрыштар салу, көпжақтар салу, жазық фигураларды түрлендіру, т.б. бар. Әл-Фараби адымы тұрақты циркуль мен бір жақты сызғыштың жәрдемімен шешілетін есептерді мол қарастырды. Осы еңбекте 3, 4, 5 және т.б. өлшемді куб салу есебін ойша қалай шешу идеясы бар. Сондай-ақ оның «Болжамдағы геометрияға кіріспе» атты трактат жазғаны мәлім, бірақ ол еңбегі бізге жетпеген. Осыған қарағанда, әл-Фараби көп өлшемді абстракциялы геометрияның идеясын алғаш айтушылардың бірі деп жорамалдауға негіз бар.

Қорыта айтқанда, Шығыс пен Батыстың барша өркениеттері өзінен бұрынғы Мысыр, Грек, Үнді өркениеттерінің Исламның өзегімен ұштасатын тұстарын алып, дамытқаны белгілі. Осы орайда айта кететін бір мәселе, ерте дәуірдегі мұсылман зерттеушілері грек, парсы, үнді және түркі тілдеріндегі көптеген мұраларды хатқа түсіру, аудару арқылы оларды сақтап қалып, әлемдік өркениетке үлкен үлес қосқаны айдан анық. Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін 1150 жыл өтсе де өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Олай болса, бүгінгі ұрпақтың міндеті әл-Фарабидің геометриялық еңбектерін кеңінен насихаттап қана қоймай, оның мектеп бағдарламасына енуіне, сөйтіп болашақтың игілігіне жарауына қол жеткізу болмақ. Мен сөз соңында, осы бағытта елеулі жұмыс жасап жатқан облыстық білім беруді дамыту орталығына, орта білім беру кафедрасына, математика пәні әдіскері А.Ақбергенов ағайға ризашылығымды білдіргім келеді. Кешегі өткен математика пәні мұғалімдерінің II съезінде облыстық «Фараби геометриялық олимпиадасының» ауқымы кеңейіп, аймақтық, республикалық деңгейде өткізу жоспарланып жатқанын естідік. Математиктер үшін бұл өте қуанышты, құптарлық жаңалық болады деп есептеймін. Ғұлама бабамыздың бізге қалдырған аманатын келешек ұрпақтың қажетіне жарататын күн де алыс емес. Осы бағытта аянбай тер төгіп жатқан барлық әріптестеріме шығармашылық табыстар тілеймін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мулдашев, Ш. Г. Қазіргі заманғы білім жүйесіндегі әл-Фарабидің геометриясы, Молодой ученый. — 2020. — № 22 (312).

2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
3. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010
4. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет.
5. Әлімқұлова Р., Сәтімбеков Р. Ә 55 Биология: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. - 2-басылымы, өңделген, толықтырылған. – Алматы: Атамұра, 2008. - 320 бет
6. Аль-Фараби.Естественно-научные трактаты. Алма-Ата: Наука, 1987.496 с.
7. Ақжан әл-Машани.Әл-Фараби және бүгінгі ғылым.Алматы: Алаш, 2004. 216 б.
8. Шәмшиден Әбдраман. Қудаланған әл-Машани емес ... әл-Фараби. Ақжан әл-Машанидің «Әл- Фараби және бүгінгі ғылым» атты монографиясындағы «алғы сөз».б...27 бб.

**LIFELONG LEARNING Ғ ЖАОК НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГТЕРДІҢ
КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ**

Аңдатпа. Мақалада педагогтердің кәсіби құзыреттілігін Lifelong Learning (өмір бойы білім алу) тұжырымдамасы және ЖАОК (жаппай ашық онлайн курстар) негізінде дамыту мәселелері жан-жақты талданады. Қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби өсуіндегі цифрлық трансформацияның маңызы, онлайн оқыту платформаларының тиімділігі және мұғалімдердің жеке оқу траекториясын қалыптастырудың өзектілігі айқындалады. Зерттеу нәтижелері педагогтердің онлайн оқытуға қызығушылығы жоғары болғанымен, цифрлық теңсіздік, тілдік және мотивациялық кедергілердің бар екенін көрсетеді. Шетелдік тәжірибелерді талдау Lifelong Learning пен ЖАОК-ты ұлттық жүйеге бейімдеудің маңызын дәлелдейді. Мақала педагогтердің кәсіби дамуын қолдауға бағытталған инновациялық, қолжетімді және икемді жүйе құру жөнінде ұсыныстар береді.

Түйінді сөздер: Lifelong Learning, ЖАОК, кәсіби құзыреттілік, цифрлық сауаттылық, онлайн оқыту, педагог дамуы, EdTech.

Аннотация. В статье комплексно рассматривается развитие профессиональных компетенций педагогов на основе концепции Lifelong Learning (непрерывное образование) и формата ЖАОК (массовых открытых онлайн-курсов). Анализируется роль цифровой трансформации, онлайн-платформ и индивидуальных образовательных траекторий в повышении квалификации педагогов. Результаты исследования показывают заинтересованность учителей в онлайн-обучении, однако выявляют проблемы цифрового неравенства, языковых барьеров и недостаточной мотивации. Опыт зарубежных стран подтверждает актуальность интеграции Lifelong Learning и ЖАОК в национальную систему образования. Работа предлагает инновационную, доступную и адаптированную модель профессионального развития педагогов.

Ключевые слова: Lifelong Learning, MOOC, профессиональная компетентность, цифровая грамотность, онлайн-обучение, развитие педагогов, EdTech.

Қазіргі замандағы қарқынды өзгерістер, цифрлық трансформация, білім беру саласына қойылатын жаңа талаптар педагогтің үздіксіз кәсіби дамуын қажет етеді. Осы тұрғыда Lifelong Learning (Лайфлонг лёрнинг) өмір бойы білім алу) тұжырымдамасы мен ЖАОК (Жаппай ашық онлайн курстар) педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруда тиімді құрал ретінде мойындалуда.

Зерттеудің өзектілігі: педагогтердің кәсіби дамуында дәстүрлі оқыту түрлерінің тиімділігі шектеулі екенін көрсетеді. Өзгермелі қоғамда қосымша білім беру педагогі тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар зерттеуші, кеңесші, мотиватор, технологиялық құралдарды меңгерген цифрлық сауатты тұлға болуы тиіс. Ал бұл құзыреттерді қалыптастыру үшін икемді, қолжетімді және инновациялық форматтағы оқыту жүйесі қажет.

ЖАОК – педагогтерге жеке оқу траекториясын таңдап, өз уақыты мен қарқынына қарай кәсіби дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әлемнің үздік

университеттері мен сарапшылары ұсынған мазмұн сапасын қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл академиялық дербестікті, жауапкершілікті, өзін-өзі дамыту мен цифрлық құзыреттілікті арттырады.

Зерттеудің маңыздылығы – еліміздегі қосымша білім беру ұйымдарында еңбек ететін педагогтерді жаһандық трендтерге бейімдеу, білім сапасын арттыру және олардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде Lifelong Learning пен ЖАОК құралдарын жүйелі қолдану мүмкіндігін айқындауда.

Осы жоба педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына жаңа көзқараспен қарап, қолжетімді, тиімді әрі нәтижеге бағытталған жүйе құруды мақсат етеді.

Зерттеудің мақсаты:

Lifelong Learning (өмір бойы білім алу) тұжырымдамасы мен ЖАОК (Жаппай ашық онлайн курс) платформалары негізінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін үздіксіз дамытуды қамтамасыз ететін тиімді, бейімделген және қолжетімді жүйе құру. Бұл жүйе педагогтердің заманауи білім беру талаптарына сай болуына, цифрлық сауаттылықты арттыруына және кәсіби өсу траекториясын жеке жоспарлауына жағдай жасауға бағытталады.

Жобаны жүзеге асыру үшін шешілетін нақты міндеттер:

1. Lifelong Learning және ЖАОК ұғымдарын, принциптерін және мүмкіндіктерін талдау.
2. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған қолданыстағы онлайн білім беру платформаларын сараптау.
3. Педагогтердің қажеттіліктеріне сәйкес мазмұнды, икемді және қолжетімді білім беру траекторияларын әзірлеу.
4. Цифрлық құралдар мен онлайн курстарды педагогикалық үдеріс пен әдістемелік қызметке интеграциялау жолдарын ұсыну.
5. ЖАОК негізінде оқыту тиімділігін бағалау критерийлерін әзірлеу және нәтижелерді мониторингілеу жүйесін құру.
6. Педагогтердің Lifelong Learning мәдениетін қалыптастыруға бағытталған мотивациялық және әдістемелік қолдау тетіктерін енгізу.
7. Кәсіби даму жүйесін нормативтік және институционалдық тұрғыдан қолдаудың ұсыныстарын әзірлеу.

XXI ғасырда білім беру жүйесінің қарқынды өзгеруі педагогтердің кәсіби құзыреттілігін үздіксіз дамыту қажеттілігін туындатты. Осы орайда, Lifelong Learning (Өмір бойы білім алу) тұжырымдамасы – білім алуды тек белгілі бір жас кезеңімен шектемей, адамның бүкіл өмір бойына созылатын үздіксіз процесі ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл педагогтің өзін-өзі дамытуына, заманауи өзгерістерге бейімделуіне және кәсіби деңгейін көтеруіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ЖАОК (жаппай ашық онлайн курстар) – қазіргі білім беру кеңістігінде кеңінен қолданылып жатқан білім беру форматы. ЖАОК педагогтерге қашықтан, ыңғайлы уақытта білім алуға, жаңа технологиялар мен әдістемелерді меңгеруге жол ашады. Бұл курстарда интерактивті материалдар, бейнедәрістер, тапсырмалар мен тесттер арқылы теориялық және практикалық білім ұштасады.

Цифрлық құзыреттілік – білім беруде цифрлық технологияларды тиімді қолдану қабілеті, онлайн платформалармен жұмыс істеу, оқушылардың цифрлық ортадағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қазіргі заман педагогі үшін аса маңызды құзыреттілік түрі.

Осы аталған ұғымдар Lifelong Learning және ЖАОК негізінде педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған инновациялық жүйені қалыптастыруда негізгі тірек болады. Жоба аясында педагогтердің жеке оқу траекториясын құру, онлайн курстар арқылы үздіксіз білім алу, тәжірибе алмасу және кәсіби қоғамдастықпен байланыс орнату мүмкіндіктері қарастырылады.

Бұл жүйе – мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдай отырып, білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

1. Lifelong Learning (Өмір бойы білім алу): Адамның өмір бойы үздіксіз білім алуы, дағдыларын жетілдіруі және өзін-өзі дамытуы. Бұл ұғым кәсіби, тұлғалық және әлеуметтік дамуды қамтиды.

2. ЖАОК (Жаппай ашық онлайн курс): Интернет арқылы ашық түрде қолжетімді, әркімге оқу мүмкіндігін ұсынатын онлайн форматтағы курс. Бұл курстар интерактивті материалдар, бейнесабақтар, тапсырмалар арқылы жүргізіледі.

3. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі: Мұғалімнің кәсіби білімінің, дағдысының, тәжірибесінің және жеке тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы. Оған әдістемелік, психологиялық, технологиялық, коммуникативтік құзыреттер жатады.

4. Цифрлық құзыреттілік: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, цифрлық ортада жұмыс істеу және оқытуды тиімді ұйымдастыру қабілеті.

5. Білім беру экожүйесі: Білім алушы, педагог, ата-ана, әкімшілік және цифрлық ресурстар арасындағы өзара байланысты ұйымдастырушы жүйе.

6. Модульдік оқыту: Оқу мазмұнын нақты мақсаттарға сәйкес модульдерге бөліп беру тәсілі, ЖАОК-тарда жиі қолданылады.

7. Жеке білім траекториясы: Әрбір педагогтің өзінің кәсіби дамуына бағытталған, жеке қажеттіліктері мен мақсаттарына сай оқу жолы.

8. Білім беру саласындағы инновациялар: Жаңа технологияларды, тәсілдерді және форматтарды енгізу арқылы оқыту сапасын арттыру.

9. EdTech (Education Technology): Білім берудегі технологияларды қолдану арқылы оқыту мен оқудағы тиімділікті арттыру.

10. Коучинг және тьюторлық: Педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған жеке немесе топтық қолдау көрсету тәсілдері.

Бұл ұғымдар жобаның мазмұнын терең түсінуге және оны тиімді жүзеге асыруға негіз болады.

Зерттеу әдістемесі: 1. Теориялық зерттеу әдістері:

- Ғылыми әдебиеттерді талдау: Lifelong Learning, ЖАОК, кәсіби құзыреттілік мәселелері бойынша отандық және шетелдік зерттеулерді зерделеу.

- Нормативтік-құқықтық құжаттарды сараптау: ҚР «Білім туралы» заңы, ҚР БҒМ бұйрықтары, білім беру саласындағы стратегиялық бағдарламалар.

- Модельдеу: Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың теориялық моделін жасау.

2. Эмпирикалық зерттеу әдістері: Сауалнама жүргізу: Педагогтер арасында кәсіби құзыреттілікті дамытудағы қажеттіліктерін, онлайн оқуға көзқарасын және Lifelong Learning принциптерін бағалау.

- Сұхбат (интервью): Білім беру ұйымы басшылары мен педагогтермен тереңдетілген сұхбаттар арқылы тәжірибелік көзқарасты білу.

- Бақылау: ЖАОК-қа қатысқан педагогтердің жұмысын, кәсіби өсуін бақылау.

- Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс: Жоба негізінде құрылатын жүйенің практикалық тиімділігін сынау (пилоттық топта қолдану).

3. Статистикалық әдістер: Сауалнама және эксперимент нәтижелерін өңдеу, салыстыру, диаграмма, графиктер құру арқылы қорытынды жасау.

Қорытынды: Осы әдістерді қолдану зерттеудің объективтілігін, ғылыми негізділігін қамтамасыз етіп, Lifelong Learning & ЖАОК негізіндегі кәсіби құзыреттілік жүйесінің тиімділігін дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Маңызды статистикалық және сандық деректер төмендегідей:

1. Lifelong Learning бойынша жаһандық және ұлттық деңгейдегі мәліметтер:

- ЮНЕСКО мәліметі бойынша, әлемдегі ересектердің 70%-дан астамы өмір бойы оқытуға (Lifelong Learning) мұқтаж.

- Қазақстанда 2023 жылғы мәлімет бойынша, жұмыс істейтін педагогтердің 65%-ы қосымша кәсіби білім алуға зәру екенін мойындаған.

- Қазақстандағы педагогтердің 45%-ы өз саласына қатысты цифрлық құзыреттілігін арттыруды қажет етеді.

2. Қазақстандағы педагогтердің кәсіби дамуы бойынша нақты сандар:

- 2023 жылы ҚР БҒМ мәліметі бойынша, 300 мыңнан астам педагогтің ішінде 200 мыңға жуығы курстар арқылы кәсіби біліктілігін арттырды.

- Оның ішінде 30% педагог ЖАОК платформалары арқылы оқыған.

- «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы арқылы 2023 жылы 110 мың педагог білім алды.

3. Қосымша маңызды мәліметтер: 2023 жылы цифрлық сауаттылық курстарын өткен педагогтердің 60%-ы кәсіби қызметінде жаңа технологияларды тиімді қолдана бастаған.

- Lifelong Learning қағидатын ұстанатын педагогтердің оқу сапасына әсері 30-40% жоғары екені зерттеулермен дәлелденген (OECD зерттеуі).

Бұл статистикалық деректер жоба тиімділігін дәлелдеуге, қажеттілікті негіздеуге және Lifelong Learning & ЖАОК жүйесін педагогтер арасында кеңінен енгізудің өзектілігін көрсетуге негіз болады.

Басқа елдер мен халықаралық ұйымдардың тәжірибесі – бұл жобаның өзектілігі мен тиімділігін дәлелдейтін маңызды аспектілердің бірі.

1. Финляндия тәжірибесі: Финляндияда педагогтер кәсіби дамуының міндетті бөлігі ретінде Lifelong Learning қағидасын ұстанады.

- Әрбір мұғалім жылына кемінде 3–5 күн кәсіби даму курстарынан өтуге міндетті.

- Цифрлық платформалар (мысалы, Opetus.tv, EduCloud) арқылы ЖАОК форматына негізделген оқытулар ұсынылады.

2. Сингапур тәжірибесі: «SkillsFuture» ұлттық бағдарламасы аясында әрбір азамат (соның ішінде педагогтер) мемлекеттен гранттар алып, өз біліктілігін арттыра алады.

- Педагогтерге арналған Lifelong Learning Institute жұмыс істейді.

- Мұғалімдердің 90%-ы онлайн курстар арқылы жаңа дағдыларды үйренеді.

3. Эстония: Барлық мұғалімдерге арналған TeachUP және e-Koolikott платформалары бар, олар ЖАОК форматы негізінде жасалған.

- Басты мақсат – цифрлық трансформацияға педагогтерді бейімдеу.

- Мұғалімдер үздіксіз кәсіби даму жоспарын жеке портфолио арқылы жүргізеді.

- Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруда ЖАОК (МООС) – қолжетімді, тиімді және масштабталатын шешім екені айтылған.

- ОЭСР деректері бойынша, үздіксіз оқып жүрген педагогтердің кәсіби жетістіктері мен оқушылардың нәтижелері арасында тікелей байланыс бар.

4. Coursera, EdX, FutureLearn (Батыс елдері): Coursera for Teachers, EdX Teacher Training бағдарламалары арқылы мұғалімдер әлемдік университеттердің курстарын тегін/жеңілдікпен оқи алады.

- АҚШ, Канада, Австралияда мұғалімдер ЖАОК арқылы біліктілік ұпайларын жинап, жалақы деңгейін немесе кәсіби санатын арттыра алады.

Басқа елдердің тәжірибесі көрсеткендей, Lifelong Learning және ЖАОК негізінде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – бұл тек білім беру сапасын арттыру ғана емес, педагог мәртебесін көтерудің де тиімді жолы. Қазақстан үшін де осы бағыттағы тәжірибелерді бейімдеп, ұлттық жүйеге енгізу — уақыт талабы.

Бүгінгі білім беру жүйесі жылдам өзгеріп жатқан ақпараттық қоғам мен цифрлық трансформация жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігіне жаңа талаптар қойып отыр. Мұғалім тек білім жеткізуші емес, сонымен қатар оқушының көшбасшысы, кеңесшісі, бағыт берушісі болуы қажет. Бұл міндеттерді сапалы атқару үшін педагог үздіксіз кәсіби дамып, заман талабына сай дағдыларды меңгеруі тиіс.

Тақырыптың маңыздылығы: 1.Lifelong Learning (үздіксіз білім алу) — әр педагогтің кәсіби өмірінде білімін үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

2.ЖАОК (Жаппай ашық онлайн курстар) – кәсіби дамуды қолжетімді, икемді әрі жекелендірілген форматта жүзеге асыруға жол ашады.

3.Педагог мәртебесін көтеру – заманауи, білімді, жаңашыл ұстазды қалыптастыру арқылы қоғамдағы мұғалім рөлін күшейтеді.

4.Цифрлық сауаттылықты арттыру – онлайн оқыту, аралас форматтағы сабақтар, қашықтықтан оқыту құралдарын меңгеруге жағдай жасайды.

5. ҚР Президенті мен Білім министрлігінің стратегиялық құжаттарында Lifelong Learning қағидасы негізгі бағыт ретінде көрсетілген.

Бұл жобаның өзектілігі – педагогтің кәсіби дамуына қолжетімді, сапалы және заманауи құралдар ұсынуында. Lifelong Learning & ЖАОК негізінде құзыреттілік қалыптастыру – болашақ білім беру жүйесінің сапасын арттырудың кепілі.

1. Сауалнама нәтижелері: Зерттеу тобы: Сауалнамаға 196 педагог қатысты (облыстық, қалалық және ауылдық қосымша білім беру ұйымдары)

- Педагогтердің 52%-ы өз мамандығы бойынша біліктілікті арттыру курстарына жылына 1 рет қана қатысатынын көрсетті.

- 48%-ы онлайн форматтағы курстарға сенімсіздікпен қарайтынын, техникалық қиындықтар болатынын айтқан.

- 73,5%-ы Lifelong Learning қағидасы бойынша білімін жетілдіруге мүдделі екенін көрсеткен.

- Тек 71,4%-ы ғана ЖАОК платформаларымен (Coursera, Udey, OpenEdX, Khan Academy) таныс екенін мойындаған.

- 80%-ы егер ЖАОК қазақ/орыс тілдерінде ұсынылса және сертификат берілсе, қатысуға дайын екенін білдірді.

2. Проблемаларды талдау: Онлайн курстарға қатысуда цифрлық сауаттылықтың төмендігі мен интернетке қолжетімділік мәселесі кедергі болып отыр.

- ЖАОК платформаларының қазақ тіліндегі контенті аз.

- Педагогтерге арналған Lifelong Learning негізіндегі жүйелі бағдарлама мен мотивациялық қолдау жеткіліксіз.

3. Позитивті үрдістер: Көптеген педагогтер өздігінен білім алуға дайын, бірақ нақты бағдар мен бағыт қажет.

- Ұялы қосымшалар, бейнесабақтар мен вебинарлар арқылы оқуға қызығушылық артып келеді.

- Жас педагогтер ЖАОК пен Lifelong Learning құралдарын меңгеруге бейім.

Сауалнама бойынша жиналған мәліметтер: Педагогтердің 52%-ы жылына бір рет ғана біліктілік арттыру курсынан өтеді.

- 73,5%-ы өмір бойы оқуға (Lifelong Learning) дайын екенін білдірді.

- 28.6%-ы ЖАОК (жаһандық ашық онлайн курстар) платформалары туралы хабарсыз.

- 80%-ы қазақ немесе орыс тіліндегі сапалы онлайн курстарға қатысуға мүдделі.

- Педагогтердің 69,4%-ы қазіргі білім жетілдіру жүйесі заман талабына сай емес деп есептейді.

2. Сұхбат және бақылау нәтижелері: Ауылдық жерлерде цифрлық құралдарға, интернетке қол жеткізу шектеулі.

- ЖАОК-қа қатысқан педагогтер кәсіби дағдыларының артқанын растады.

- Педагогтерге мотивация жетіспейді – біліктілік арттыру көбіне “формалды” түрде өтеді.

3. Шетелдік тәжірибе шолуы: Финляндия, Эстония, Сингапур елдерінде педагогтер үшін ЖАОК арқылы үздіксіз оқыту жүйесі кең тараған.

- Олар үшін икемді, жеке бағдарланған курстар мен мемлекеттік қолдау жүйесі енгізілген.

Қорытынды талдау: Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, педагогтер Lifelong Learning және ЖАОК негізіндегі кәсіби даму жүйесіне үлкен қызығушылық танытады, алайда тиімді жүзеге асыру үшін: Тілдік, техникалық кедергілерді азайту;

- ЖАОК контентін бейімдеу;
- Мотивациялық қолдау мен сертификаттық жүйені енгізу қажет.

Сонымен қатар, өзіміз қызмет атқаратын мекемелердегі педагог қызметкерлердің біліктілікті арттыру курстарынан өту деңгейін талдай отырып, бұл көрсеткіштің жыл сайын өсіп келе жатқанын байқадық:

Педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан өтуі: 2023 жылы – 20 пайыз, 2024 жылы – 38 пайыз, 2025 жылы – 55 пайызға артқан.

Жоба нәтижелері көрсеткендей, Lifelong Learning пен ЖАОК (жаһандық ашық онлайн курстар) педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Үздіксіз білім алу және цифрлық технологияларды пайдалану педагогтардың кәсіби деңгейін көтеруге, білім беру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ауылдық жерлердегі педагогтардың цифрлық ресурстарға қолжетімділігін арттыру – жүйенің тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Жобада ұсынылған бейімделген оқыту бағдарламалары мен ынталандыру шаралары педагогтердің кәсіби даму процесіне белсенді қатысуына септігін тигізеді. Осылайша, Lifelong Learning пен ЖАОК негізінде құрылған жүйе педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған инновациялық және өзекті шешім ретінде қарастырылуы тиіс.

Негізгі тұжырымдар: 1. Lifelong Learning (өмір бойы оқу) – қазіргі білім беру жүйесінің басты бағыты болып табылады. Педагог үздіксіз даму жолында болуы тиіс.

2. ЖАОК (Жаһандық Ашық Онлайн Курстар) – педагогтердің кәсіби дағдыларын жетілдірудің тиімді және икемді құралы.

3. Ауылдық және қалалық педагогтер арасындағы цифрлық теңсіздік ЖАОК-қа қолжетімділікті шектейді.

4. ЖАОК пен Lifelong Learning-ті біріктіре отырып, бейімделген, цифрлық орта жасау — педагог құзыреттілігін арттырудың заманауи жолы.

Ұсыныс: Lifelong Learning және ЖАОК негізіндегі аралас форматтағы (онлайн + офлайн) курстар жүйесін енгізу;

- Әр педагогке арналған дербес даму жол картасын жасау;
- Ауылдық жерлердегі мұғалімдерге цифрлық қолдау көрсету қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Әбдінәби Е., Сатыбалды А - Педагогтің кәсіби құзыреттілігі және оны дамыту жолдары. Алматы: Білім, 2021.
2. Сәтімбекова А.А. - Мұғалімнің кәсіби дамуы: Lifelong learning тұжырымдамасы аясында. Астана: Ұлағат, 2020.
3. Құдайбергенова К.С. - Қазіргі білім беру жүйесіндегі педагогикалық инновациялар. Алматы: Қазақ университеті, 2019.

Интернет ресурстар:

4. www.uil.unesco.org – Lifelong learning жөніндегі ЮНЕСКО деректері

5. www.oecd.org/education – Мұғалімдердің кәсіби дамуы бойынша халықаралық есептер
6. nao.kz – Қазақстанда педагогтердің біліктілігін арттыруға қатысты әдістемелік материалдар
7. orleu-edu.kz – «Өрлеу» БАҰО» АҚ ресурстары

«Үздіксіз Білім Берудегі инновациялық тәсілдер: теория және практика»

«Инновационные подходы в непрерывном образовании: от теории к практике»

«Innovative Approaches in Lifelong Education: From Theory to Practice»

1. **Avasi V., Kotov S. O., Sarsenbayeva N. K.** LIFELONG LEARNING ENABLERS: FOCUS, OPTIONS, TECHNOLOGY PLATFORMS AND TOOLS.....2
2. **Мурзалинова А. Ж.** НАПРАВЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГОВ ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ ПРАКТИКИ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....8
3. **Котов С. О.** ВЛИЯНИЕ LESSON STUDY НА ПРОФЕССИОНАЛЬНУЮ САМООЦЕНКУ ПЕДАГОГОВ. ИЗ ОПЫТА СОПРОВОЖДЕНИЯ ПРОЕКТОВ.....15
4. **Джылкыбаева Т. Д.** РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ РЕБЁНКА И ЕГО САМОРЕАЛИЗАЦИЯ ЧЕРЕЗ ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО В АВТОРСКОЙ ПРОГРАММЕ ДЛЯ ДЕТСКИХ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ШКОЛ.....20
5. **Пинженина Ю. С.** ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ НА ПРИМЕРЕ ПРОГРАММЫ «ОСНОВЫ АКТЁРСКОГО МАСТЕРСТВА ДЛЯ ХОРЕОГРАФИЧЕСКИХ ОТДЕЛЕНИЙ ШКОЛ ИСКУССТВ».....25
6. **Левицкий С. В., Левицкая С. В.** ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ДЕТСКОЙ ШКОЛЕ ИСКУССТВ НА ПРИМЕРЕ ПРЕДМЕТОВ ПО ВЫБОРУ «БЛОК-ФЛЕЙТА» И «ОБЩЕЕ ФОРТЕПИАНО».....30
7. **Әлиева М.** ҰРМАЛЫ АСПАПТАРДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІН ДАМУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ.....36
8. **Молдағалиева С. К., Киясова А. М.** ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ: ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ РӨЛІ.....43
9. **Мусина Т. Ш.** ЧИТАТЕЛЬСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ КАК КЛЮЧЕВОЙ КОМПОНЕНТ КОНЦЕПЦИИ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....48
10. **Фомич Л. А.** СОВРЕМЕННЫЙ ПЕДАГОГ В СИСТЕМЕ НЕПРЕРЫВНОГО И ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: НОВЫЕ РОЛИ И ЗАДАЧИ.....52
11. **Айсарина А. М.** БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДОМБЫРА АСПАБЫНДА ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....57
12. **Лысоченко С. Д.** ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ДЕТСКОЙ ШКОЛЕ ИСКУССТВ НА ПРИМЕРЕ УСПЕШНОГО ФОРМИРОВАНИЯ ОРКЕСТРА РУССКИХ НАРОДНЫХ ИНСТРУМЕНТОВ.....61

13. **Калиева Д. Ж., Тогысова Ж. А.** БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....66
14. **Амирешева А. С.** БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА «НУМИКОН» ҚҰРАЛЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....72
15. **Орынбаева Н. Н.** ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....76
16. **Дмитрачкова Н. А.** АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ В УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С ООП.....79
17. **Елубай Т. М.** МӘСЕЛЕ ЕСЕПТЕРДІ ПЛИТАЛЫҚ МОДЕЛЬ АРҚЫЛЫ ШЕШУ.....91
18. **Рахимжанова Б. А.** ФИЗИКА ПӘНІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ.....97
19. **Нуралиева Д. Х.** ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЛЯ ПОДГОТОВКИ УЧАЩИХСЯ 9 КЛАССА К PISA НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА.....104
20. **Жанбырбаева А.** ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ЦИФРОВИЗАЦИЯ В СИСТЕМЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ОПЫТ ШКОЛЫ ИСКУССТВ.....107
21. **Мусаева А. А.** МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАСИЕТІН ДАМУ: ФИЗИКА, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН БАЙЛАНЫС.....110
22. **Белокудрин Ю. А., Пряда Е. В.** НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ РАБОТА НА УРОКЕ «СПОРТИВНЫЕ ИГРЫ С МЕТОДИКОЙ ПРЕПОДАВАНИЯ».....117
23. **Уалиева А. У.** ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....122
24. **Таудаева Э. С.** ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕГІ ДӘСТҮР МЕН ЖАҒАШЫЛДЫҚТЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ.....125
25. **Бурнашова Н. Г.** ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ЭМОЦИОНАЛЬНОМ РАЗВИТИИ УЧАЩИХСЯ В КЛАССЕ ФОРТЕПИАНО ДМШ.....129
26. **Даирбаева А. Ж.** АДАЛ ҰРПАҚ КЕҢІСТІГІ: АУЛА КЛУБТАРЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ.....134
27. **Смирнова Л. С.** ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ЦИФРОВИЗАЦИЯ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ОПЫТ СОЗДАНИЯ УЧЕБНОГО ПОСОБИЯ И РАБОЧЕЙ ТЕТРАДИ ПО ПРЕДМЕТУ «ЗАРУБЕЖНАЯ ХОРЕОГРАФИЯ» ДЛЯ 5 КЛАССА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ QR-КОДОВ И ПРОГРАММЫ CANVA.....142

28. Калауов А. М. ИГРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ГЕЙМИФИКАЦИЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА: ПРЕВРАЩАЕМ УРОКИ В ЗАХВАТЫВАЮЩЕЕ ПРИКЛЮЧЕНИЕ.....	147
29. Корсканова Н. Н. ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА НАЧАЛЬНОМ ЭТАПЕ ОБУЧЕНИЯ ИГРЕ НА ФОРТЕПИАНО.....	153
30. Митина Н. А. СОДЕРЖАНИЕ И ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ АВТОРСКОЙ ПРОГРАММЫ ПО ФОРТЕПИАНО ДЛЯ ДМШ И ДШИ.....	156
31. Каркавина Е. А. СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ИНСТРУМЕНТ КРЕАТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ В ДЕТСКОЙ ИЗОСТУДИИ.....	162
32. Тулеугазинова Қ. Б. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ҚОЛДАНУ.....	167
33. Касымжанова А. М. МУЗЫКА САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ БІЛІМБЕРУ: КӘСІБИЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ РӨЛІ.....	170
34. Полянская Н. Ю. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВОЙ ГРАМОТНОСТИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ И ТЕХНИЧЕСКИХ НАВЫКОВ НА УРОКАХ ХОРЕОГРАФИИ.....	173
35. Туфанова Б. И. ЦИФРОВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА УЧАЩИХСЯ.....	178
36. Штефан Т. М. ПОРТФОЛИО УЧЕНИКА КАК СРЕДСТВО ОТСЛЕЖИВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ХОРЕОГРАФИЧЕСКИХ ДОСТИЖЕНИЙ.....	181
37. Аюпова Г. Р. ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ЦИФРОВИЗАЦИЯ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	187
38. Лекерова Б. М., Бердиева А. М. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЦИФРЛАНДЫРУ.....	191
39. Ионина Ю. А. ШКОЛЬНОЕ САМОУПРАВЛЕНИЕ: ОТ ТЕОРИИ ДО ПРАКТИКИ.....	195
40. Смаилова М. Т., Макина Г. У. МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ: ЦИФРЛЫҚ ОҚЫТУ ФОРМАТЫ.....	201
41. Айдар А. Т. КОМАНДООБРАЗОВАНИЕ КАК РЕСУРС ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ОПЫТ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ.....	204
42. Каратаева Н. К., Каримова Н. Б. ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДА 9-СЫНЫП ФИЗИКАСЫНАН СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ.....	208
43. Орынбаев Б. Н., Қайрханова Г. Қ. ҰБТ ТЕСТІНЕ ДАЙЫНДАУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ ҚОЛДАНУ.....	211
44. Хамитова А. С. ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК ТЕХНОЛОГИЯ ИННОВАЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	215

45. Хурманхан М., Казезова Д. Б. ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР.....221
46. Қылышбай Н. Б. БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА КӨРКЕМ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....226
47. Бисенова А. «КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР» ТАҚЫРЫБЫНДА ПРАКТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУҒА ҮШІН CISCO PACKET TRACER-ДІ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ.....231
48. Сыдықова Г. Т. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....236
49. Глеубаева А. С. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІ БОЙЫНША ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУҒА.....239
50. Байсейтов Д. Б. МУЗЫКА МЕКТЕПТЕРІ МЕН ӨНЕР МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ СЫНЫБЫНДА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ.....242
51. Нагорная Л. П. ИННОВАЦИОННЫЙ ПОДХОД К ПРЕПОДАВАНИЮ АКТЁРСКОГО МАСТЕРСТВА ЗА СЧЁТ ИНТЕГРАЦИИ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС.....247
52. Абдрахман Ү. М. МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР.....253
53. Жапаркулова У. М., Жунусова С. Т. ИНТЕГРАЦИЯ РОБОТОТЕХНИКИ LEGO И ТЕХНОЛОГИИ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ В ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ.....255
54. Дарибаева Н. Д. СӨЙЛЕУ ТІЛІН ТҮЗЕТУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ.....259
55. Роот Н. А. ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ЦИФРОВИЗАЦИЯ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....262
56. Балгабаева А. Н. ҚОЛӨНЕР ҮЙІ ҮЙІРМЕЛЕРІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....265
57. Андреева А. А. ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ЦИФРОВИЗАЦИЯ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....269
58. Қайролданова С. Ж. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЦИФРЛАНДЫРУ.....273
59. Коржумбаева М. Х. ЖАҒАШЫЛ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ.....276
60. Садовникова Л. С. ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МУЗЫКАЛЬНО-ЦВЕТОВОГО ВОСПРИЯТИЯ И ТВОРЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ В КЛАССЕ ФОРТЕПИАНО.....280

61. **Кульшманова Ж. Т., Байбаева М. В.** ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГРОВЫХ МЕТОДОВ В ОБУЧЕНИИ И РАЗВИТИИ SOFT SKILLS.....286
62. **Малышкина Т. Ю.** ПРАКТИКА И РЕАЛЬНОСТЬ: ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ВНЕДРЕНИЯ НЕПРЕРЫВНОГО ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ ЧЕРЕЗ ФОРМИРОВАНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА УРОКАХ «ЦИФРОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ».....290
63. **Утешова Ж. Ж., Жалелова Г. Н.** ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТИ ДАМЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ.....295
64. **Пахомов Р. Е.** ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ SOFT SKILLS.....300
65. **Оспанова Г. А.** РОЛЬ SOFT SKILLS В СИСТЕМЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....304
66. **Тарабанов С. А.** ПАРТНЁРСТВО И ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ОРГАНИЗАЦИИ ФОРМАЛЬНОГО И НЕФОРМАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ АВТОРСКОЙ ПРОГРАММЫ «ФИГУРНЫЙ ВАЛЬС».....308
67. **Колодаева И. И., Кужубаева Д. И.** СОЦИАЛЬНОЕ ПАРТНЁРСТВО КАК УСЛОВИЕ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОРГАНИЗАЦИИ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ДЕТЕЙ.....316
68. **Туфанова Б. В.** ИНТЕГРАЦИЯ ФОРМАЛЬНОГО И НЕФОРМАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ РЕБЁНКА.....320
69. **Жүніс Д. Ж., Брагин В. И.** НЕФОРМАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ИНСТРУМЕНТ АДАПТАЦИИ К МЕНЯЮЩЕМУСЯ РЫНКУ ТРУДА.....324
70. **Габбасова А. Б., Кигизбаева А. С.** ФОРМИРОВАНИЕ САМООБУЧАЮЩЕГОСЯ СООБЩЕСТВА ЧЕРЕЗ ПРАКТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В СИСТЕМЕ ФОРМАЛЬНОГО И НЕФОРМАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....330
71. **Пикалова Т. В.** ШКОЛЬНАЯ СЕКЦИЯ ОРИЕНТИРОВАНИЯ: ПРАКТИЧЕСКОЕ РУКОВОДСТВО НА ОСНОВЕ ОПЫТА.....335
72. **Жагалбаева М. Т.** МОНИТОРИНГ КАЧЕСТВА И ЭКОНОМИЧЕСКАЯ УСТОЙЧИВОСТЬ СИСТЕМЫ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ВЫЗОВЫ И УПРАВЛЕНЧЕСКИЕ РЕШЕНИЯ.....340
73. **Кравченко В. В.** ИННОВАЦИОННЫЙ МЕНЕДЖМЕНТ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ.....344
74. **Абдыгаликова А. Е.** МОНИТОРИНГ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ РАБОТНИКОВ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....349
75. **Имангалиева Ж. Б.** ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МОНИТОРИНГ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ.....355
76. **Достанова Г. С.** ВНУТРИШКОЛЬНЫЙ КОНТРОЛЬ КАК УСЛОВИЕ УПРАВЛЕНИЯ КАЧЕСТВОМ ОБРАЗОВАНИЯ.....360

77. Сейдильдаева М. С. БАЛАЛАР ӨНЕР МЕКТЕБІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ҮЛГІЛЕРІ: ТӘЖІРИБЕ МЕН ӘДІСТЕМЕ.....365
78. Сатыбалдиев Т. О. «ФАРАБИ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ОЛИМПИАДАСЫ» НЕМЕСЕ ГЕОМЕТРИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....368
79. Кожатаева Ж. М. LIFELONG LEARNING ЖӘНЕ ЖАОК НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ.....372

2025 жылғы 29 қазанда өткен

«Үздіксіз білім берудегі инновациялық тәсілдер: теория және практика» атты
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары

Материалы Международной научно-практической конференции

**«Иновационные подходы в непрерывном образовании: от теории к практике»,
проведённой**

29 октября 2025 года

Materials of International Scientific and Practical Conference

«Innovative Approaches in Lifelong Education: From Theory to Practice,»

held on October 29, 2025

ISBN 978-601-08-5589-2



9|786010|855892|